



«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР: ЖАҢАЛЫҚТАР, МӘСЕЛЕЛЕР
МЕН ЖЕТІСТІКТЕР»

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

2-том

29-30 сәуір 2020

PROCEEDINGS

of the international scientific and practical conference
«SCIENCE AND INNOVATION: NEWS, PROBLEMS AND
ACHIEVEMENTS»

2-volume

29-30 april 2020

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

международной научно-практической конференции
«НАУКА И ИННОВАЦИИ: НОВОСТИ,
ПРОБЛЕМЫ И ДОСТИЖЕНИЯ»

2-том

29-30 апрель 2020

Алматы, 2020

ӘОЖ 001.8
КБЖ 72(063)
Ғ 96

Редакция алқасы:

А.А. Амангелдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Редакционная коллегия:

А.А. Амангелдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Editorial team:

A.A. Amangeldiyev, N.B. Seisenbek, N.A. Elamanov

Ғ 96 **«Ғылым және инновациялар: жаңалықтар, мәселелер мен жетістіктер»** халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының мақалалар жинағы. 2-том. – Алматы: «Bilim Innovations Group» орталығы, 2020. – 304 бет.
«Наука и инновации: новости, проблемы и достижения» Сб. материалов межд. науч-практ. конф. 2-том. – Алматы: Центр «Bilim Innovations Group», 2020. – 304 с.
Proceeding international scientific and practical conference **«Science and innovation: news, problems and achievements»**. 2-volume. – Almaty, Center «Bilim Innovations Group», 2020. – 304 p.

ISBN 978-601-332-728-0

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және ғалымдардың қазіргі ғылымдағы өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и ученых по по актуальным проблемам современной науки.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and scientists on topical issues of modern science.

ӘОЖ 001.8
КБЖ 72(063)

ISBN 978-601-332-728-0

© «Bilim Innovations Group» орталығы, 2020
© Center «Bilim Innovations Group» 2020

ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА

СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ И ЭКОНОМИКА

SOCIAL SCIENCES AND ECONOMICS

«ШЫҒЫС АҚПАРАТ»: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

Д.А. Сайлаубекова, А.Қ. Қасымов
С. Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ.

Ғылыми жұмыстың басты нысаны ретінде Шығыс Қазақстан облысындағы Өскемен қаласында орналасқан «Шығыс Ақпарат» медиахолдингі алынды. Бұл – өңірдегі әлеуметтік қызмет салаларын жіктей отырып таңдалған жұмыс. Әлеуметтік-ақпараттық сала бағытында жұмыс істейтін ірі холдингтің қызметі бойынша түбегейлі зерттеу жұмысы жүргізілді. Бұл шығармашылық жұмыс барысында медиахолдингтің құрылуына, бүгінгі қызметі және болашағына қатысты материалдар, сұхбаттар қарастырылды. Жұмыстың жаңалығы – SMM: оның айналысатын басты жұмыс бағыттарын ашып көрсету үшін теледидардағы «стэндап», «репортаж», «сауалнама», «сараптамалық материалдар», сол сияқты газеттегі «очерк», «мақала», «ақпарат», сайттарда қолданылатын «фоторепортаж» сынды барлық жанрлар пайдаланылды. Яғни, ақпарат саласында жетекші рөлге ие болып, БАҚ-тың айнаымас бір саласына айналып келе жатқан әлеуметтік медиа маркетингі (SMM) бүгінгі таңда журналистиканың ең «икемді» бағыты деп те атауымызға негіз бар.

Түйін сөздер: «Шығыс Ақпарат», әлеуметтік медиа маркетинг, «Дидар» газеті, «Рудный Алтай» газеті, «Алтай ньюс» сайты.

Медиахолдинг құрамындағы басылымдар.

«Шығыс Ақпарат» медиахолдингінің басты, негізгі іргетасы деп келер жылы жарыққа шыққанына 90 жыл толатын «Дидар» газетін атауға болады. Ол – мемлекеттік тілде шығатын, көркемдігі жағынан да, мазмұны жағынан да өңірдегі қазақ тілді газеттердің көш басында тұрған ұлттық басылым. Басылымның тарихы сонау 1931 жылы, сол кездегі еліміздің ірі өндірістік орталығы болған Риддер қаласында шыға бастаған «Жұмысшы» газетінен басталады. Алғашқы шығарушы редакторы Мақсұт Тайшыбаев оқырманға жол тартқан газетті алты жыл басқарған. Кейіннен газет «Социалистік Алтай», «Алтай большевигі», «Коммунизм туы» деген атауларға ие болған. Көп жылдық тарихы бар «Дидар» газетінде әр жылдары есімдері елімізге белгілі, ұлт мақтанышы болған Оралхан Бөкей, Ғаббас Қабышев, Дидахмет Әшімханов, Мүсілім Құмарбекұлы, Тұрғазы Нұқаев, Ұлықбек Есдәулет, Серік Ғабдуллин сынды қаламгерлер қызмет еткен. Осы газеттен тәлім-тәрбие алып, тәжірибе жинақтап, қазір Қазақстанның түкпір-түкпірінде халқына қызмет атқарып, танымал болып жүрген журналистер де жетерлік.

«Дидар» газетінің қайта түлеу кезеңі – Қазақстан тәуелсіздігін алған жылдары. Осы жылдарда газет өзінің бағыт-бағдарын қайтадан жаңғыртып, Шығыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуын жаңа қырынан көрсетуге ден қойып, атсалысты. Ал соңғы он жылдың көлемінде басылым бетінде жаңа айдарлар пайда болды: «Алаштан шыққан алғашқылар», «Қағаз бетіндегі айтыс», «Сөзіне сүйсінсең, өзіне құл боласын», «Көнерген сөз көмбесі», «Адамның кейбір кездері – көңілде алаң басылса...», «Сұраңыз, жауап береміз», «Ауылдың айтқыштары», «Айтылмай кеткен ақындар», «Біздің балуан: танылмай қалған тарландар», «Иманшарт» және тағы басқалар. Газетте қоғамдық-саяси ғана емес, танымдық, тарихи мақалалар да молынан жарық көре бастады. Ұлттық құндылықтарды дәріптейтін, жас буынға тәлім-тәрбие беретін өзекті мәселелер көтеріле бастады. Облыстың әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, мәдени-рухани өмірін кеңінен суреттеп, Елбасы саясатын халыққа жеткізудегі жеткен жетістіктері үшін 2006 жылы Қазақстан Журналистика академиясының «Алтын жұлдыз» сыйлығына, ал 2007 жылы Елбасының баспасөз саласындағы Грантына ие болды. Бүгінгі таңда Уәлихан Тоқпатаев тізгінін ұстаған редакцияда өңірімізге танымал Серік Әбілхан, Дәурен Аллабергенұлы, Мейрамтай Иманғали, Айжанат Ихсанова, Серік Құсанбаев, Ержан Әбіш, Жанаргүл Мұқатай, Мұратхан Кенжехан, Нұржан Кенжеұлы, Лаура Наурызбаева, Ажар Сағатбекова сынды журналистер ел игілігіне қызмет етуде. Газеттің апталық таралымы – 45702 дана, газет А-2 форматында 6-8 және А-3 форматында 24 пен 32 бет аралығында түрлі-түсті қалыпта облыс аумағында таралады.

Медиахолдингтің құрамына кіретін тағы бір басылым – бір ғасырлық тарихы бар, орыс тіліндегі облыстық «Рудный Алтай» газеті. «Рудный Алтай» газеті 1918 жылдан бастап шығып келеді. Алғашында «Голос Алтая», содан кейін әр жылдары «Советская власть», «Смычка»,

«Крестьянский труд», «Прииртышский Коммунар», «Большевик Алтай» деп аталған. Ал 1953 жылы газет «Знамя коммунизма» деп өзгертілді. 1963 жылдың 1 мамырынан бастап газет «Рудный Алтай» деген атауға ие болды. Әр жылдары газетті Қазақстанға белгілі көрнекті жазушылар Николай Анов, Павел Бажовтар басқарды.

«Рудный Алтай» – өңірдегі атқарушы биліктің, қоғамдық ұйымдардың қызметін, Шығыс Қазақстан облысындағы мәдени және спорттық-бұқаралық іс-шараларды әйгілейтін қоғамдық-саяси газет. Газет облыстың барлық қалалары мен аудандарына таралады. Апталық таралымы – 45702, газет А-2 форматында 6-8 және А-3 форматында 24 пен 32 бет аралығында түрлі-түсті болып шығып, облыс аумағына таралады.

Осы «Дидар», «Рудный Алтай» газеттері мен облыстық баспахана Шығыс Қазақстан облыстық әкімдігінің 2008 жылғы 4 желтоқсандағы 215-нөмірлі қаулысымен әкімдіктің ішкі саясат басқармасына қарасты коммуналдық мемлекеттік мекеме ретінде құрылып, «Шығыс Ақпарат» медиа холдингі ретінде жұмысын бастады. Медиахолдингінің директорлығына бұған дейін жиырма жылға тарта «Дидар» газетінің редакторы болып жұмыс істеген Жұмәділ Әділбаев тағайындалды. Жаңа құрылым бірте-бірте өз қызмет түрлерін кеңейтіп, қалыптаса бастады. 2009 жылы кәсіпорын басшылығына белгілі ақын, журналист Нұржан Қуантайұлы басшылыққа келді. Осы жылдары «Алтайньюс» сайтының қазақ, орыс редакциялары құрылып, бірқатар аудандық газеттер холдинг құрамына алынды. 2010 жылы баспахана негізінде кітап басып шығаратын баспа ісі жолға қойылды. Қазақ радиосына жаңалық хабарлар тарататын өз радиосы пайда болды. 2011 жылы талдау орталығы жасақталып, облыс қалалары мен аудандарына газет тарату қызметі өз жұмысын бастады.

Ал 2012 жылғы 30 шілдеден «Шығыс Ақпарат» ЖШС болып қайта құрылды. Жоғары технологиялы жабдықтар, өндірісті сауатты ұйымдастыру, тәжірибелі баспагерлер, баспаға әзірлік процестері бойынша мамандар, қалыптап шығару, баспа, редакциялық бөлім, кәсіби журналистер – «Шығыс ақпарат» құрамының негізгі арсеналына айналды. Бір жылдан аса уақыт бойы бұл холдинг құрамында СММ (Әлеуметтік медиа маркетинг) бөлімі ойдағыдай жұмыс атқарып келеді.

Электронды ақпараттық құралдары, «Шығыс Ақпарат» холдингінің құрамына қосылып жатқан сайттар мен СММ сияқты құрылымдар газеттердің ролін төмендетіп, оларды холдинг құрамынан ығыстырып тастамай ма деген күдік те жоқ емес, жалпы журналистер мен оқырмандар арасында. Ол жайлы біз біраз мамандардан пікірлерін сұраған едік.

– Газеттің болашағы жоқ деп кесіп айтуға болмайды. Бізден әлдеқайда ілгерілеп кеткен АҚШ, Жапония, Германия сияқты өркениетті елдердің өзі газет-журналдан бас тартқан жоқ. Сондықтан шалғайдағы ауылдарды айтпағанда, кейбір аудан орталықтарының өзінде интернет байланысы нашар біздің еліміз үшін дәстүрлі жолы, терең тарихы бар мерзімді баспасөзді сызып тастау әзірге мүмкін емес. Оқырман азайып кетті деген күнде де, газет-журналдың қызметін әлеуметтік желімен немесе интернет порталдармен толық алмастыра алмаймыз. Ал енді газетті жетілдіру, заманға сай бейімдеу мәселесіне келсек, ол енді бөлек әңгіме. Бізге қазір осы жағына баса көңіл бөлген абзал. Токетерін айтсам, газетті «жерлеуге» әлі ерте. Әлеуметтік желі газетке бәсекелес емес. Неге? Өйткені газет ол дәстүрлі ақпарат құралы. Газетте кәсіби мамандар жұмыс істейді және ол ресми ақпарат көзі. Ал әлеуметтік желіңіз кез келген адамның қолындағы құрал. Мейлі, журналист болсын немесе қарапайым үй шаруасындағы адам болсын әлемжеліні пайдаланып, қалаған ақпаратты тарата алады. Әлеуметтік желінің екі артықшылығын айтуға болады, ол – ақпаратты жедел тарату және аудиториясының ауқымдылығы. Бірақ желіде жарияланған ақпараттың шынайылығы мен сенімділігі мерзімді баспасөзге қарағанда төмен. Иә, әлеуметтік желіде ресми парақшалар бар және оны жүргізіп отырғандардың мақсаты неғұрлым көбірек аудиторияны қамту. Ал ондағы дүниенің сапасы екінші планда қалып отыр өкінішке қарай. Мұның салдары сауатсыздыққа, рухани кедейлікке, адамгершілік құндылықтардың құлдырауына әкеліп соғатыны сөзсіз. Ал газет-журналдар қай кезде де өзінің рухани ағартушылық міндетін адал атқарып келеді, – дейді облыстық «Дидар» газеті редакторының орынбасары, белгілі журналист Серік Әбілхан.

Демек, мұндай ой-пікірлерден медиахолдинг құрамындағы құрылымдардың бір-бірін өзара толықтыра түсіп, ынтымақпен жұмыс істей береді, дами береді деген тұжырым жасауға әбден болады.

Сайт және баспа жұмыстары.

«Алтай ньюс» ақпараттық интернет-порталын шамамен қазір 80 мың адам пайдаланады. Сайтқа кірушілердің белсенді түрде пікір қалдыруы аталған интернет порталдың аймақта үлкен сұранысқа ие болып отырғандығын тағы бір дәлелдейді. Сонымен қатар еліміздегі ірі ақпараттық агенттіктер де өңірдің жаңалықтарын ең бірінші кезекте осы «Алтай ньюстен» алатындығын атаған

орынды. Жаңалықтардың сәт сайын жаңарып отыруы жобаның интерактивті статусын көтерсетеді. Сайт қарыштап дамып келеді, оның бір дәлелі – сайттағы қосымша жарияланатын бейнематериалдар және фоторепортаж бен блогтар. Шығыс Қазақстан облысының басым тұрғындары орыс тілді азаматтар болғандықтан, электронды ақпарат тасымалдау жолы сәл кешеуілдеуде. Бұл туралы «Алтайныйос» ақпараттық сайтының редакторы Дарын Нұрсапаров былай дейді:

«Ең алғаш интернет шыққан кезде оған тек санаулы адамдардың қолы жеткен еді. Яғни, ауқатты және көбінде орыс халқында. Әлеуметтік желі бәрінде пайда болған соң интернетті қолдану бұқаралық сипат алды. Бүкіл қарапайым халықтың қолына жетті. Бұл дегеніміз қазақ аудиториясын көбейтті. Ендігі оқырман бұл қазақ тілді оқырман. Интернет журналистика сайтқа өтеді деп ойлаймын. Орыс тілді оқырман ол Ресейдің сайттарын оқығанды жақсы көреді. Қазақ тілді оқырмандар қазақ тілді сайттарды қазір іздеп оқиды. Бүкіл әлеуметтік желінің оқырмандары – осы сайттың оқырмандары. Қазіргі біздің міндет – халықтың бізге деген сенімін жоғалтпау. Мәліметтің ізін суытпай жедел жариялап отырсақ оқырман сенімі арта түспек. Жұмысты өз имиджіміз үшін жасаймыз. Қазір техникалық еркіндік заманы. Бізге биліктің күні түсуі мүмкін. Сондықтан билік идеологиялық тетіктердің барлығын қазақ тілді журналистикамен шешуі керек деп ойлаймын».

«Шығыс ақпарат» мекемесіндегі баспа ісі қысқа мерзімде және өте сапалы әртүрлі бүктемелер, жарнамалық-анықтамалық басылымдар, үндеулер, кітапшалар, ашық хаттар, грамоталар, түрлі бланкілер дайындауға мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ түптеу жұмыстарының кез-келген күрделі түрлерін жасайды. «Шығыс ақпарат» баспаханасының толық түрлі-түсті газет шығаруға қажетті күн талабындағы полиграфиялық базасы бар. Кәсіби шеберлігі жоғары полиграфистер «New Line 30» және «Situ Line Expreswss» офистік ролонды баспа машиналарымен қысқа мерзімде әрі жоғары сапалы етіп ШҚО оқырмандары үшін 40-тан астам газетті, соның ішінде республикалық «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская правда», облыстық «Дидар» мен «Рудный Алтай» газеттерін басып шығарады. Қазіргі уақытта «Шығыс Ақпарат» баспаханасында 33 газет басылады. Оның ішінде 2 республикалық 2 облыстық және аудандық, жеке меншік газеттер басылып шығады. Баспаханада 10 баспагер, 2 инженер және баспахана басшысы бар.

– «Шығыс ақпарат» баспаханасынан бірнеше танымал адамдардың кітаптары басылды. Атап айтқанда Жүсіпбек Аймауытов, Нұржан Қуантайұлы, Марат Мағзұмов және Марат Кітапбаевтың кітаптары басылды. Сондай-ақ Шығысқа белгілі қаламгерлер Әлібек Қаңтарбаев, Ғалым Байбатыров сынды ақын ағаларымыздың кітаптары басылған. Танымал журналист Шәкерхан Әзмұханбетовтің «Үш Бәйжігіт», Шамиль Багаутдиновтің «Шығыс өңірі» туралы кітаптары тағы да көптеген адамдардың жинақтары да осы баспаханадан жарық көріп, оқырмандарға жол тартты. Тәжірибелі баспагерлер ретінде Марат Мұстафинді, Бауыржан Тілебалдиевті, Рашид Оспановты, Ержан Көшеубаевтарды айтуға болады. Баспаханада кезінде істеген Ольга Петровна деген полиграф маман болды. Қазір оның орнын басып жүрген жас мамандар да жақсы дизайнерлер жасап, кітаптардың сапалы шығуына үлестерін қосып жүр, – дейді бір кездері кәсіпорынның баспахана қызметін басқарған, бүгінде облыстық «Дидар» газетінің жауапты хатшысы Тілеукең Алжикеев баспахана ісі туралы ойымен бөлісіп.

SMM тобы.

SMM – қазіргі таңда өзектілігі мен шапшаңдығы өте жоғары хабар таратушы құрал. Ол басқа ақпарат құралдарына ұқсамайды. Басты ерекшелігі – жеделдігінде, қазір болған оқиғадан сол сәтте хабарлар етеді. Оған ешқандай орта кедергі бола алмайды, тек қолда интернет желісі болса болғаны. Қазақстанда SMM сферасы жақсы дамыған жоқ, жаңа медианы талдап зерттейтін қазақстандық авторлар аз, теориялық және әдістемелік база да тапшы.

Медиа аясында пайда болған жаңа саланы жергілікті атқарушы органдар ұтымды пайдалана бастады. Қазір SMM топтар Қазақстанның барлық басты қалаларында құрылған болса, бұл жаңашыл тәжірибені аудандық деңгейдегі әкімдіктер де пайдалана бастады.

SMM базасы негізінен жастар санатына кіретін азаматтарға арналған десек те, барлық оқиғаларды қоғамның барлық санатына жедел тарататын ақпарат құралы. Қазіргі таңда әлеуметтік желілер, интернет порталдар, бейнехостингтерді интернет байланысы бар барлық азаматтар пайдаланады. Яғни, бұл телеарналар сияқты теледидардан немесе пошта арқылы күтуге мәжбүр болатын газеттерден емес, азаматтардың қолындағы ұялы телефондардан ақпарат жариялауды көздейді.

Бір қызығы SMM теледидардағы «стэндап», «репортаж», «сауалнама», «сараптамалық материалдарды» да, сол сияқты газеттегі «сұхбат», «мақала», «ақпараттық жанр», сайттарда қолданылатын «фоторепортаж» сынды барлық барлық ақпараттық жанрларды да пайдаланады. Яғни, бұл бағытты журналистиканың ең «икемді» бағыты деп атауымызға негіз бар. Айта кетерлігі, бүгінгі таңда халық арасында «журналистер» және «блогерлер» деген жеке-жеке мамандықтар пайда болған.

SMM – пайдаланушылардың мақсатты тобын қамтитын қауымдастықтардың тікелей жұмысы. Әлеуметтік медиа платформалар – мақсатты аудиториямен өзара іс-қимыл жасауға арналған заманауи құрал. Бүгінгі таңда әлеуметтік желілер аудиториясын телевизиялық телеарналардың аудиториясымен салыстыруға болады, ондай жағдайда әлеуметтік желінің жұмысы телеарнаның жұмысына қарағанда белсендірек болып келеді.

Жалпы, құрылғанына он жылдан енді асқан «Шығыс ақпарат» кәсіпорнының құрамына қазір екі облыстық газет, алты аудандық газет, бір сайт, бір әлеуметтік медиамаркетингтік талдау орталығы, баспахана, баспа, тарату қызметі кіреді. Баспаханың полиграфиялық базасы мықты. Кәсіби шеберлігі жоғары полиграфистер «News Line 30» және «SituLine Express» офсеттік рулонды баспа машиналарымен жоғары сапалы газеттер басып шығаратын мүмкіндіктері бар. «Дидар» мен «Рудный Алтай» газеттері 2010 жылғы 31-желтоқсан күнгі Жаңа жылдық мерекеге арналған санының бірінші және соңғы беттерін алғаш рет толық түрлі-түсті етіп шығарған болатын. Содан бері бұл технологияны жетілдіре отырып, қазір екі газет те толық форматта аптасына үш рет түрлі-түсті болып шығып келеді.

Әрине, кәсіби шеберліктерін жетілдіруде жергілікті авторлармен, оқырман хаттарымен жұмыста, басшылық жасауда, материалдық-техникалық қамту саласында, меншікті тілшілерге дұрыс жағдай жасап, талап қою, қалалық, аудандық әкімдіктермен іскерлік байланыс жасау сияқты бағыттарда әлі де кемшіліктер бар. Дегенмен, ұрпақтар сабақтастығын сақтап келе жатқан, аға буын өкілдерін біртіндеп алмастырып келе жатқан, бүгінгі күні тәжірибелі журналист Нұрбек Бекен басшылық жасап отырған «Шығыс Ақпарат» ұжымы өздеріне жүктелген міндеттерін іскерлікпен атқарып келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 http://old.baq.kz/kk/news/aimaktik_bak_muragat/regmedia-3403
- 2 А.Қасымов «Тарихи жол», Өскемен. «Шығыс ақпарат», 2011 ж.
- 3 «Навеки ваш Рудный Алтай», Усть-Каменогорск. ТОО «Шығыс ақпарат», 2018 г.
- 4 [https://ru.wikipedia.org/wiki/Рудный_Алтай_\(газета\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/Рудный_Алтай_(газета))
- 7 <https://iklife.ru/marketing/smm-chto-eto-takoe-i-kak-rabotaet-prodvizhenie.html>

ҒТАРМ 19.41.91

БАСПАСӨЗ ЖАНРЛАРЫН ЖІКТЕУ МӘСЕЛЕСІ

Ж. Ерболатқызы

Студент, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ.

А.Ж. Берикболова

Ф.ғ.к., Аға оқытушы, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ.

Әр жанр әр кезеңде әр қилы қарқынмен дамиды. Публицистика заман талабына сай, дәуір үніне қарай ең тиімді, ең пәрменді пішінмен, кемелденіп, гүлденіп отырады. Осы орайдағы жанрлардың эволюциясын, жаңғыруын, іштей өзгеріске еніп, жаңа сапаға ауысуын жіті қадағалап отыру - әр кезең, әр дәуірдің міндеті. Осы жайларды ескере отырып, біз қазақ баспасөзіндегі жанрлардың жіктелісін сөз еттік. Ол біріншіден, қалың оқырман қауымға жанрлардың теориялық, практикалық мәселелерінен, оларға қойылар талап, шарттардан мағлұмат береді. Екіншіден, жанрлардың тарихын, туу, қалыптасу, кемелдену эволюциясын, тағдырын, бүгінгі жай-күйін білуге мүмкіндік туғызады.

Түйін сөздер: Жанрлардың жіктелісі, ақпаратты жаңаша сипатта беру, жанрларды жіктеудің өзектілігі.

Жанрлар мәселесі – күні бүгінге дейін сараланып, шешіліп бітпеген проблема. Оларды жіктеуді, топтауды, түрге бөлуді нақты бір қалыпқа салу, нақты бір теорияға бағындыру қиын нәрсе. Белгілі әдебиет теоретигі Б. Томашевский: «Жанрды жіктеу өте қиын. Жанрлардың аражігі тарихи тұрғыдан ғана ажыратылады. Оның дұрыстығы, дәлдегі нақтылы бір тарихи кезеңге ғана байланысты болуы ықтимал» [1].

Жанр проблемасының шешілмегендігін әдебиеттің екінші бір теоретигі Г.Абрамович: «Әдебиет теориясы, деді ол, – үш ұғымға сүйенеді – тек, түр және жанр. Осы ұғымдар жөнінде күні бүгінге дейін жалпыға ортақ түсінік қалыптасқан емес» [2].

Міне, осы жайларды ескеріп біз қазақ баспасөзінің жанрларын, олардың түр-формасын, ерекшеліктерін, поэтикасын сөз етуді мақсат еттік, жанр белгілерін, жанр спецификасын сөз етудің мәні зор. Жанрлардың теориялық, практикалық мәселелерінен, оларға қойылар талап, шарттардан мағлұмат береді, жанрлардың тарихын, туу, қалыптасу, кемелдену эволюциясын, тағдырын, бүгінгі жай-күйін ашуға болады.

Жанр дегеніміз – [3] белгілі бір шығарманың, газет, журнал материалдарының, радио, телевизия хабарларының көрініс табу формасы. Нақты болмыс құбылысты жазып, суреттеп айтып берудің, оқиға фактілерді көрсетудің ғылым белгілеген, жұрт таныған формалары болады. Өзіндік сипаты, өзіндік белгілері бар сол формалардың әрқайсысы жанр деп аталады. Белгілі бір шығарманың, газет материалдарының өзіне ғана тән ерекшелендіріп тұрған құрылымдық-композициялық, тілдік, стильдік, тағы басқа белгілерінің жиынтығы оның жанрын айқындайды. Сөз жоқ, өнердің әр түріне туындыны нақты бір жанрға жатқызудың критерийлері мен шарттары ұқсас та, өзгеше де бола береді. Көп ретте олардың жанры бейнелейтін объектісіне, мазмұндық ауқымына, өмірлік мақсат-міндетіне, қолданған әдіс-тәсіліне қарай ажыратылады.

Жалпы, әр жанр «таза қалыпта» кездесе бермейді. Бір туындыда бірнеше жанр элементтері тоғысып жатады. Кейде олар өмірді барлық күрделілігімен, көп қыртыстылығымен көрсету үшін, творчестволық ой-ниетті әсерлі етіп беру үшін әдейі тоғыстырылады. Сонда қай жанрлардың берлігері мол болып, бірінші қатарда тұрса, туынды сол жанрға жатқызылады. Яғни шығармаларды белгілі бір жанрға жатқызу – шартты нәрсе.

Әр дәуір, әр кезең авторлары сол тұстың талабына, мазмұнына, айтар ой-идеяларына қарай, өздерінің өмірге деген көзқарастары мен идеялық-саяси позициясына қарай тың белгілер тудырып, оны жаңаша қолданып жатады. Осының бәрі жанрларға жаңа сипат, жаңа сапа береді. Әр кезде әр тап өкілдерінің жанрлар құрылымын, жанрлар өрнек-айшығын өз ниетін жүзеге асыру, өз идеясын тиімді насихаттау мақсатымен әр тұрғыда қолданып отыруының сыры да, міне осында.

Жанрлар өзінің ішкі заңдылықтарына орай да жаңа сапаға ауысып жатады. Әдебиеттің, баспасөздің дамуына байланысты жаңа жанрлар туады. Олардың белгі-шарттары тарихи даму барысында айқындалып, қалыптаса, жетіле түседі. Белгілі бір дәуірдегі пафосқа, рухқа, идеялық-саяси міндеттерге орай күрес құралдарының өзгеріп отыратыны сияқты, жанрлардың өзі де, қасиет білгілері де жаңғырып, толығып, молығып отырады, кейбір элементтері жойылып, жаңа шарт-белгілер пайда болып жатады.

Жанрлық саралаудың үлкен мәні бар. Бұл белгілі бір болмыс-құбылысты, оқиға, фактіні жазып, суреттеп айтып берудің тиімді формасын табуға, таңдауға мүмкіндік береді, жазушыға, публициске оперативті болуға, аудитория талғамын, ерекшелігін ескеруге, туынды әсер-ықпалын арттыруға жағдай жасайды. Белгілі бір шығарманың, баспасөз, телевизия, радио материалдарының күші, оқушыға эстетикалық, саяси әсер ету дәрежесі оның жанрлық сипатына, жанрлық сапасына да тікелей байланысты. Жанрлық саралау әрі әрбір автордың өзіндік бетін, творчестволық қабілетін, ерекшелігін танытуға мүмкіндік туғызады.

Жанрларды саралау, жанр молдығы өмір-болмысты, тұрмыс-тіршілікті бүкіл бітімімен, даму тенденциясымен ашып көрсетуге, қоғамдық пікір мен миллиондардың салт-санасына, тәжірибесіне алуан-алуан әдіс-тәсілмен, әр қилы жолмен ықпал жасауға мүмкіндік туғызады. Жанрларды желпіндіре, құбылта қолдану нәтижесінде «барлық шындық тұтастай, жан-жақты ашылады».

Жанрды таңдау да стихиялық түрде, автордың субъективтік шешімімен жүзеге асырылмайды. Мұнда да объективті жайттар – қозғалар тақырып, айтылар идея, тілге тиек етер фактілер сипаты, мазмұн ауқымы, аудитория ерекшелігі ескеріледі. Яғни авторлар осы тақырыпты қай жанрда сөз ету тиімді, айтылмақ идея қай жанрда жете ашылмақ, қай жанрда мазмұн жан-жақты қамтылмақ, факт сыр-сипаты қай жанрда айқын танылмақ, қай жанрда жазылса, аудиторияға әсерлі болмақ деген сұрақтар төңірегінде ойланып-толғанып барып, жанр таңдауға тиісті.

Қазақ публицистикасындағы жанрлардың алғашқы өміршең жіктемесін ұсынған профессор Т. Амандосов болды [3]: «Жанрлар туады, өседі, өзгереді, жоғалады, жаңадан пайда болады». Дамудың осы барысында публицистикалық шығармалар мынадай үш түрлі жүйеге бөлінеді: публицистиканың хабар жанрлары, публицистиканың талдамалы жанрлары, көркем публицистикалық жанрлар.

Баспасөздің тарихи даму үрдісінің нәтижесінде жарияланымдардың мақсатына байланысты қандай да бір пішінде қолданылатын мәтіннің түрлері қалыптасты, дамыды және қабылданды.

Құрамына мазмұндық, стилистикалық, құрылымдық-логикалық, проблемалық-мақсатты белгілерді топтастырған БАҚ материалының түрі *жанр* деп аталады.

Жанр атауы ерте кезеңдерден белгілі және өнердің салаларына қатысты қолданылған, кейіннен журналистика саласында да кең қолданысқа ие болды. Журналистика теориясында жанрлар дәстүрлі үш топқа бөлінеді дейді зерттеуші М. Шындалиева [4].

Ақпараттық жанрларға: хабар-ошар, репортаж, есеп, сұхбат т.б. жатады. Бұл жанрдың негізіне дерек, оқиға алынып, жедел түрде оқырманға жеткізіледі. Бұл кең таралған жанрлар журналға қарағанда газет беттеріне, телерадио материалдарына лайық саналады.

Талдамалы жанрларға: хат, корреспонденция, мақала, рецензия, шолу т.б. жатады. Мұнда тек ақпарат беріліп қоймай, болған оқиға, құбылыс кең көлемде қамтылып, талданып, мәселеге терең зерттеу жүргізіледі.

Көркем-публицистикалық жанрларға: суреттеу, очерк, фельетон, памфлет т.б. жатады. Жанрлардың бұл тобында жеделдік екінші орынға шығады. Керісінше, көркем бейнелеулер, образдылық, эмоционалды әрекет арқылы оқырманға әсер ету бірінші орында тұрады.

Профессор К. Қамзин [5] журналистика жанрларын жіктеудің жаңа ережесін ұсынады:

1. Уақыт категориясының субстанциялануы, оқиғаға айналуы.
2. Себеп-салдарлық үдерістің кеңістіктегі көпвекторлық көрінісі.
3. Шығармашылық мәтіндегі ұқсас белгілер мен әдістердің басымдылығы.
4. Мәтіндегі көркемдеуші элементтердің айқындығы.
5. Идея мен мазмұн, тұлға мен жағдай арақатынасы, көкейтестілік.
6. Композициялық тұтастық.

Журналистика жанрлары қоршаған орта, қоғамдық құбылыс үдерістерімен қабысып жатыр. Ол қазір хабарламалық, талдамалық, деректі-көркемдік биіктерді ғана игеріп қойған жоқ, оның таным қуаты дүниепайымдық, философиялық, ғылыми сараптау дәрежесіне жетті. Баспасөздің жанрлық мәтіндері қоғамдық құбылыстарды зерттеудегі кең тынысты дерек көздерінің бірі болып саналады. Оның айқын айғағы-рисала (эссе), очерк, эпистолярлық туындылар, журналдардағы сан түрлі тарихи және теориялық мақалалар, журналистік айқындаманың түрлері.

1. Деректі-ақпараттық жанрлар тобы:

- а) мақал-мәтел, тұрақты тіркес, қазіргі қанатты сөздер.
- ә) дәстүрлі (стандартты) ақпарат;
- б) байқам(заметка)
- в) құлаққағыс(реплика)
- г) хабарландыру;
- ғ) құттықтау;
- д) қазанама;
- е) аннотация;
- ж) сұрақ-жауап;
- з) кеңес;
- и) андатпа(анонс);
- к) дайджест.

2. Деректі-сипаттаушы жанрлар тобы:

- а) дәстүрлі репортаж;
- ә) дәстүрлі сұхбат түрлері;
- б) корреспонденция түрлері;
- в) есеп түрлері;
- г) түсіндерме(комментарий);

3. Деректі-талдамалы жанрлар тобы:

- а) талдамалы репортаж;
- ә) жайылма сұхбат түрлері;
- б) саяси портрет;
- в) қамтыма(обозрение);
- г) кезеңсөз;
- ғ) рецензия.

4. деректі-зерттемелік жанрлар тобы:

- а) мақала түрлері;
- ә) хат түрлері;
- б) хатқа шолу түрлері;
- в) Баспасөзге шолу түрлері;

- г) Журналистік айқындама;
- 5. Деректі-бейнелеуші жанрлар тобы:
 - А) суреттеме;
 - ә) очерк түрлері;
 - б) фельетон түрлері;
 - в) тұрмыс-тіршілік оқиғалары;
 - г) пародия;
 - д) сатиралық жазбалар
- 6. Деректі-дүниепайымдық жанрлар тобы:
 - А) памфлет;
 - ә) рисала;
 - б) ғылыми мақала.

Адамдардың тіршілік етуі үшін ауа мен су қандай қажет болса, бұл күні ақпараттың да рөлі сондай артып отыр. Әр адам тіпті ертеңгі күннің райы қалай болатынынан, өзінің көшесіндегі, тұратын жеріндегі жаңалықтардан бастап, доллар бағамы қандай, ауыл тұрғындары үшін – ауылдағы ауыз су мен жол қатынасын жөндеу, қала халқы үшін – тұрғын үй мәселесі шешіле ме, зейнетақы мен жалақы мөлшері көтеріле ме деген әлеуметтік маңызы бар хабарлардан, мемлекеттік, әлемдік, глобальдық деңгейдегі ақпараттан хабардар болып отырғысы келеді. Сондықтан бұқара өмірде болып жатқан жайлардан хабардар болу мақсатымен газет оқиды, радиохабар тыңдайды, кино мен теледидар көреді. Бұл олардың қоғамдық өмірде дұрыс жол табуы, оң қадам жасауы үшін айналада не болып жатқанын біліп отыруды тұрмыстың өзі талап ететіндігінен, қалың бұқараның күнделікті өмір талабына сай, өмірде болып жатқан жайларды, оқиғаларды, құбылыстарды оқығысы, естігісі, көргісі келетін ынтызарлықтан туады. Ал ақпарат тарату журналистік жұмыстың негізі болып саналатындықтан, хабарға деген бұқараның ынтызарлығы журналистиканың ақпараттық жанрларын кең де өткір қолдануын талап етеді. Бұл талаптарды орындау үшін журналист қоғам дамуының объективтік жағдайынан, сондай-ақ субъективтік факторларынан да хабарлар беріп тұруға міндетті. Бұл міндеттерді өтеуде ақпараттық жанрлар елеулі рөл атқарады. Ақпараттың тасқыны өрлеп тұрған қазіргі таңда қазақ газеттерінің біртіндеп ақпараттық сипатқа ауысып бара жатқаны анық байқалады. Бірақ оқырмандарға осы күні өздерінің қалалары, аймақтары тіпті елдеріндегі жаңалықтарды білу аздық етеді. Сондықтан мерзімді баспасөз тілшілері әрбір рухани қазынаны тұтынушыны, яғни ақпарат қабылдаушы аймақтық, ұлттық және жаһандық деңгейдегі қажетті ақпараттармен қамтамасыз етуі тиіс. Осы орайда, журналистика жанрларының көшбасшысы саналатын ақпараттық жанрлардың жалпы даму жолдарын, қыр-сырларын, заңдылығын, сонымен қатар ерекшеліктері мен ішкі сипаттарын зерттеу – қазіргі кезең қойып отырған келелі міндеттердің бірі.

Бірақ жанрлар өзара ешбір ұқсастығы жоқ қатып қалған нәрсе емес, олардың ұқсас жақтары жиі кездеседі. Бұл жағынан келгенде, ең алдымен публицистиканың жалпы ұқсастықтарынан бастаған жөн. Өмір құбылыстары мен өмір шындығы туралы жазылатын барлық жанрларға идеялық-саяси позиция жалпы ортақ болып отырады. Әрбір жанрдың өз ерекшеліктері, өз сипаттары, өздерінің тұрақты белгілері бар. Жанрлар өздерінің жазайын деп отырған объектілерінің сипаттарына қарап ерекшелене түседі. Публицистиканың барлық жанрларының объектісі, негізі, желісі өмір фактілері, өмір құбылыстары болып отырғандығында сөз жоқ. Мысалы, заметканың негізінде белгілі бір объектіні зерттеудің, фактілер тобын талдаудың негізінде жазылады.

Жанрдың тағы басқа ерекшелігі оның алдына қойылып отырған мақсат пен міндетке байланысты. Егер журналистке корреспонденция жазуға тапсырма берілсе, ол газет қандай мақсат көздеп отырғанын айқындап алуы керек. Газет нақты объектіден проблема көтеруді көздеп отырса, журналист проблемалық корреспонденция жазады.

Жанрлар әдеби-стильдік құралдарды пайдалану, өмір шындығын көрсету әдістеріне қарай да өзара ерекшеленеді. Мысалы, корреспонденция нақты фактілерді талдау негізінде жазылса, очеркте образ жасалады, ал сатиралық жанрларда сықақ пен ажуа, кекесін мен келеке, өткір мәнерлі теңеулер шебер қолданылады.

Публицистика жанрларының жалпы даму жолдарын, дамудың жалпы заңдылығын зерттеу, сонымен қатар жеке жанрлардың даму ерекшеліктері мен ішкі заңдылығын зерттеу – қазіргі кезең қойып отырған зор міндет. Зерттеулердің барлығы да публицистиканың жалпы даму заңдылығына негізделе жүргізілуі керек. Публицистикалық шығармаларды жүйеге, жанрларға бөлудің өзі функциялық және пәндік бірлікті салыстырмалы түрде дербес мүшелелеуден барып шыққан. Егер бұлай болмаса жеке жанрлар қалыптаспаған болар еді.

Бір жанр жайын байыптауға қарапайым түр тұрғысынан емес, мазмұн тұрғысынан қараймыз да, оның сыртқы белгілері мен ерекшеліктерін тізе бермей-ақ, даму заңдылығы тұрғысынан

келеміз. Өйткені дүниеге маркстік көзқарас журналистерге жаңа идеал, жаңа міндет жүктеді. Публицистиканың мазмұн жаңалығы журналистердің алдына тың әдіс, соны түр табуы талап етті. Мұның өзі публицистика жанларын жақсарта, байыта түсу мақсатынан туатыны айқын. Газеттер мен журналдарда жарияланатын, радио арқылы хабарланып, телевизия арқылы берілетін материалдардың түрлерін құбылтып, мазмұнын байытып, сөйтіп, шеберліктің шаңына жетіле беру негізгі міндеттердің бірі болып отыр.

Публицистика жанларының барлығы да өздерінің түрі жағынан оқушы үшін тартымды болғаны абзал. Сұхбат, есеп, репортаж барған сайын проблемалық дәрежеге көтеріле түсуде. Өмірдің негізгі күрделі мәселелеріне назар аударуды көздейді. Публицистиканың негізгі жанлары – мақала мен корреспонденция әлеуметтік жағдайларға тереңірек, жан-жақты үңіле түсіп, өмір құбылыстарын нақты зерттей отырып, салыстыру мен байыптау әдістерін шебер қолданады.

Жанрлар өзара бөлінгенде, олар ерекшелене, екшелене түскенде, біз олардың сыртқы формасын ғана қарап қоймаймыз. Атқаратын қызметін негізге аламыз, өйткені оларға атқаратын қызметіне қарай сипаттама беруге болады. Жанрлардың түрлерге бөлінуі, ол түрлердің іштей ерекшеленуі жалпы даму заңдылығымен байланысты болуға тиіс. Публицист өз шығармасы арқылы заманымыздың оқиғалары туралы жалпы бағыт беруді мақсат етеді немесе күрделі фактілері арқылы оқырманға әлеуметтік өмірдің заңдылығы мен тенденциясын түсіндіруді көздейді. Болмаса, оқырманға қазіргі өміріміздің әлеуметтік сипаттары туралы баяндап беру мәселесі қойылады. Публицистің алдына қойған осы мақсаттарына байланысты публицистика хабар, талдамалы және көркем публицистика болып жүйеленеді де, олар өзара іштей жанрларға бөлінеді. Әрбір жанрдың өзіне тән заңдылығы, өз ерекшеліктері, өмір шындығын көрсетуде өз әдістері бар.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Томашевский Б.В. Теория литературы поэтика.–М. 2002.
- 2 Абрамович Г. Введение в литературоведение.–М. 2000.
- 3 Амандосов Т.С. Совет журналистикасының теориясы мен практикасы / Алматы: Мектеп, 1978.
- 4 Шыңдалиева М. Журналистика жанрларының пішіндері мен функциясы: Оқулық. – Астана: ЕҰУ АББ, 2015. -248-б.
- 5 Қамзин К. Қазақ көсемсөз жанрларының кемелдену үдерісі / Алматы: Экономика, 2019.

ГТАМР 19.01.07

СЦЕНАРИЙ ЖАЗУ – КҮРДЕЛІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮРДІС

А.Б. Бекежанова

Студент, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ.

А.Ж. Берикболова

Ф.ғ.к., аға оқытушы, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ.

Г.А. Бекбосынова

Ф.ғ.к., аға оқытушы, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ.

Ғылыми мақалада жалпы сценарий жазу кезіндегі кадрлардың мазмұны, ұзақтығы, іс-әрекеттің, өзара тілдесулердің, фильмді әрлеу үшін қолданылатын дыбыстар әрбір бөлшекті түсіруге қолданылатын техникалық әдістер мен фильмнің монтаждық құрылымы қамтылады. Одан бөлек, телесценарийдің экрандағы болашақ туындының идеялық-көркемдік негізі ретінде, автордың сценарий жолдарын теледидар тілімен, бейнелі, көркем, әсерлі жеткізуі жайлы да тілге тиек етіледі. Публицистикалық сценарий автордың жеке қолтаңбасын көрсетеді. Сценарий ережеге сай әдеби тілде, автордың ойын нақты және дәл жеткізетіндей жазылуы керек. Сценаристің шеберлігі сөзімен, режиссер мен оператордың шеберлігі техниканы басқара алуымен өлшенеді.

Түйін сөздер: Сценарий, сценарий құрылымы, теле туынды сценарийі, кино туынды сценарийі, шығармашылық үрдіс

Сценарий жазу – публицистикалық шығарманы жарыққа шығарудағы маңызды бір шығармашылық кезеңі. Әдеби және дыбыстық сценарлық шешімнің көркем мәтіні. Сценарий (итал. scenario, лат. scena, scaena – сахна) – 1) Импровизациялық театр спектаклінің сюжеттік нобайы. Ол негізінен пьеса мазмұнының қысқаша түсіндірмесі түрінде болып келеді. Мұндай сценарийде кейіпкерлердің сахнаға шығуы мен әрекеттердің негізгі сәттері айқындалады және қосымша нөмерлер де белгіленеді. XVII-ғасырда Дель Арте комедиясының сценарийлері жеке жинақ түрінде жарық көрді. Әдеби драманың дамуымен байланысты ол жазба мәтінге жол берді. 2) Экранға дайындалған әдеби шығарма, кинофильмнің, теледидар қойылымының композициялық негізі. Сценарийде драматургия мен проза тәсілдері қабат игеріледі. Сценарий экрандық қойылым үшін жазылып, образдық жүйе экранда бейнеленгенде ғана тәмамдалған, толыққанды сипатқа ие болады [1, 479 б.].

Сценарий сөз өнері жанры ретінде XX ғасырда дамыды. Ол кино және теледидар сценарийі болып екіге бөлінеді. Киносценарий XX ғасырдың 20 жылдарында қалыптаса бастады. Алғаш ол мылқау фильмдердегі оқиғалар желісін тізбелеу қызметін атқарған. Кейін кинодраматургияның эстетикалық шығармалар принциптері түзіліп, әдеби драмалық тұрпаты анықтала түсті. Киносценарий орындалу техникасына, жүзеге асырылу кезеңдеріне, құрылымына байланысты синтетикалық және ұжымдық шығарма болып саналады. Мұнда сөз, музыка, бейнелеу өнерлерінің жанрлық элементтері біріккен. Киносценарийдің 4 негізгі элементі: 1) баяндау бөлімі немесе сценарлық проза (ремарка); 2) диалог; 3) кадр сыртындағы дауыс; 4) титрлар. Сценарийдің жүзеге асу үрдісіне оператор, режиссер, актерлер қатысады да, сюжеттің бастапқы драматургиялық сипаты күрделене түседі. Сценарийде автор сөзінің (кадр сыртындағы сөз), төл сөздің (диалог, монолог), ремарканың (суреттеу, тәптіштеу), әр алуан түсініктемелердің тұтастығы қатаң ескеріледі. 80-беттік сценарий – бұл шамамен 2600 метр киноплёнка, яғни бір сериялды фильм, онда 4-5 мыңдай диалог кездеседі. 120 бет – 4000 метр, бұл шамамен екі сериялды фильмге сай. Кинематографияның бейнелі қалпында жүзеге асуы мен мәтіннің жанрлық табиғатын ұйымдастыру төрт құрылымдық компонентке негізделеді. Фильм жанрына байланысты (детективті, деректі, тарихи, фантастикалық, т.б) төрт құрылымдық компоненттің бірі алдыңғы қатарға шығады. Мысалы, деректі фильмде комментатор дауысы немесе түсіндірме жазбалар маңызды рөл атқарады. Ойындық фильмдерде бейнелілігі мен айқындығы тұрғысынан алғашқы қатарға кейіпкер әрекеті, монолог, диалог және ремарка шығады. Сценарийлердің көп бөлігі (триллер, модернистік, мистикалық фильмдер сценарийлері) арнайы эффектідерден, яғни бейнелілікті толықтырушы (компьютерлік) қалыптардан тұрады. Кинодағы сценарий түрлері: киносценарий, режиссерлік сценарий, экспликация, режиссерлік экспликация [2, 121б.]. Теледидарлық сценарийлер де кеңінен дамып, ішінара жанрлық өзгерістерге ұшыраған. Мысалы, шоу, полемика, КВН, теледраматургия, публицистикалық, саяси, тарихи, деректі бағдарламалар. Теледраматургия айқындық, ақпараттық және бейнелердің түсініктілігі, қысқалық секілді талаптарды қажет етеді. Теледидарлық сценарийде публицистикаға, айқындыққа, технологияға бет бұру, театрланған бағыттар байқалады. Опералық, балеттік, пантомималық сценарийлер либретто деп аталады. Либретто – ірі вокалдық (тек вокалдық қана емес) шығарманың әдеби негізі (оратория, мюзикл, балет, опера, кантата, оперетта). Олар өлең түрінде жазылады, көбінесе ұйқасқа негізделген. Либреттоның сюжеті – музыкалық-сахналық талаптарға сай өзгертілген әдеби шығармалар [3, 166 б.].

Теледидардағы көрініс пен сөздің бірлігінде “телесценарий” маңыздылығы ерекше. Сценарий ұғымы алдымен театр қойнауында пісіп-жетіліп, содан киноға ауысты. Теледидардың алғашқы қалыптасу шағында іс-әрекеттің шағын сценарийлік жобасы жазылып, ол өтетін оқиғадан көрерменді хабардар етті. Кейін болашақ хабардың оқиғасы, кейіпкерлер әрекеті, оқиға өтетін орта, айналадағы және табиғат көріністері, ондағы нысандар мен сөйленетін сөздер нақтыланып, әдеби сценарийге айналды. Осы әдеби сценарий негізінде режиссерлік сценарий немесе режиссерлік экспликация түзіліп, онда режиссер болашақ хабарды секунд, минутына дейін жүйелеп, бөліп, студия мен студиядан тыс жердегі оператор камерасының қай планын қай кезде алатын мерзіміне дейін алдын-ала ойша құрастырып шығарады. Кадрлардың мазмұны, ұзақтығы, іс-әрекеттің, өзара тілдесулердің, фильмді әрлеу үшін қолданылатын дыбыстар мен музыканың сипаты, мизансцена және декорациялар, әрбір бөлшекті түсіруге қолданылатын техникалық әдістер мен фильмнің монтаждық құрылымы тәптіштеп дәлме-дәл анықталады. Телесценарий экрандағы болашақ туындының идеялық-көркемдік негізі ретінде, автордың сценарий жолдарын теледидар тілімен, бейнелі, көркем, әсерлі жеткізуін қалайды. Автордың қоюға жарайтындай сценарий жазу үшін көрерменді экран арқылы қандай әдіс-тәсілдер

көмегімен тебіренуге болатынын жақсы білуі қажет. Демек, сценарий авторы кейіпкерінің жан әлемін, сезім дүниесін, ішкі арпалысы мен оның бет-жүзін, психологиялық сәттегі құбылысты да бақылап-байқауы шарт екен. Сценарийдегі жолдар – көрерменді тебірентетін экрандағы әдіс-тәсіл, айтылған сөз. Көпшілікке кадрдағы сөз белгілі бір көрініс арқылы жетеді. Режиссерлік сценарийде кадрдан тыс оқылатын мәтін, кадрдағы жүргізуші сөзі, музыкамен сүйемелдеу, көрініске орай әр түрлі дыбыстар, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мизансценалар, оқиға өтетін орта (студия не табиғат, әлде өндіріс не егін алқабы т.б) бәрі-бәрі әрбір бөлшегіне дейін түгелдей ескерілуі қажет [4, 352 б.].

Сценарий жазу публицистикалық шығарманы тудырудағы шығармашылық үрдістің бір кезеңі. Экранға шығатын хабардың әдеби және дыбыстық көркем жазбасы. Ол бір-бірімен байланысты екі сәт: журналистің қандай да бір өмір шындығын зерттеп, экран туындысы ретінде ойлап шығарудағы автордың күрделі де, қиын ізденісінің нәтижесі. Сценарий - фильмді, телехабарды жасауға қатысушылардың барлығына жетекші құрал қызметін атқарады.

Фильмнің, телехабардың идеясын қарапайым да бейнелі түрде, қысқа да нұсқа, не жайында екендігін білуге көмектеседі. Алдын-ала өткізілген пікір алысулардың негізінде фильмге, телехабарға қойылған талап, оны орындаудың мүмкіндігін бағамдауға, түпкі идеяның қалыптасуына жол ашады.

Режиссер үшін де, операторға да керек дүние ол - сценарий. Онда оператор үшін бейнесәттерді түсірудің қыр-сырына аса қажет сұрақтарға жауаптар жеткілікті. Ал режиссер үшін ол сюжеттің дамуына, ішкі қисынына, оқиғалардың жалғасу әдістерін анықтауға көмектеседі.

Сценарийдің тағы бір керек тұсы ол

- фильм, телехабар бюджетінің көлемін;
- түсіру алаңдары мен күндерінің санын;
- қажетті жарық беру құралдарының мөлшерін;
- арнайы эффектілер түрлерін;
- мұрағат материалдарын қолдану аясын;
- қосымша аппаратуралар мен оптикалардың нақты қажеттігін анықтауға көмектеседі.

Сценарий – монтаж режиссеріне фильмнің, телехабардың бағыт-бағдарына қажетті жүйесін және бейнекөріністердің ретін анықтап бере алады. Бірақ, тәжірибеде монтаждаушы сценарийді оқығанымен, монтаж парақшаларына сүйеніп жұмыс істейді. Кейбір себептерге байланысты монтаж парақшалары бастапқы сценарийден айтарлықтай өзгеше болуы да ықтимал.

Жалпы сценарий деген түсінік ежелден келе жатқан ұғым. Алғашында оны «план», «драмалық шығарманың конспектісі» деп атады. «Сценарий» сөзі театрдағы «scenarius» терминінен келген – «әртістердің сахнаға ретімен шығуларын реттеуші» дегенді білдіреді. Дамудың нәтижесінде «сценарий» термині театрдан кинематографияға келді. Ал XX ғасырдың басынан сценарийге «кадрлардың ретімен орналасуы» деген көзқарас қалыптасты.

Сценарийді ең алдымен теледидаррадио тұрғысынан алып қарайық. Радио шығармаларындағы сценариймен жұмыс істеу барысында Н. Омашевтың айтуынша, радиобағдарлар есту арқылы берілетін болғандықтан мәтіннің немесе сценарийдің айтылатын әңгімеге, сөйлейтін сөзге айтылу үлгісіне айналуына аса зор мән берілуі керек. Сондай-ақ ғалым радиобағдарды дайындауды күрделі үрдіс деп қарайды. Күрделі үрдіс болғандықтан ол бірнеше шығармашылық кезеңдерден тұрады. Осыдан барып сол жұмыстардың реттілігін, қатысу заңдарын белгілеу қажеттілігі шығады. Бұл қажеттілікті сценарий жүзеге асырады. Одан әрі қарай ғалым радионың бейнелеу құралдарын екіге бөледі. Біріншісі, құбылыстың акустикалық көшірмесі: сөз, шу, музыка. Екіншісі, техникалық бейнелеу құралдары: түрлі монтаж, жаңғырық, сөзді жылдамдату немесе баяулату. Осыларды орнымен реттейтін – сценарий.

Электронды ақпарат құралдарының екінші өкілі – теледидар. Оның көркемдік фильм жасау тәжірибесінен сценарий дамыған. Мұндағы мәселе ықпал жасау мынандай сұрақтарға жауап беруі тиіс: сценарийді дайындап, оны өндіріске енгізуде қандай қандай нәтижеге жетті, қандай ізденістермен келді? Бұл мәселе екі бағытта зерттеледі. Біріншісі, ой-толғау, пікір-талас нәтижесінде фильмнің қағаз күйінде танымдық талдаудан кейін сценарийге келу, оны жазу шарттары. Екіншісі, сценарийден бейне көріністік жолға көшу. Яғни, жазба нұсқасын экран тіліне айналдыру. Ол келесідей жоспарда іске асырылады:

1. Фильмге ұсыныс пікірмен сценарийдің жазылу жолдары, баяндау тәсілдері нақты талдаулар арқылы көрсетіледі.

2. Сценарийге қойылатын талаптардың мәні түсіндіріледі. Оларды орындау жолында ізденістер ұсынылады. Қағаз жүзіндегі кино фазаларындағы кезеңдерінің жетекші рөлі сарапталыады.

3. Жазба сценарийден көркемді ақпаратты кадрлар түсіру сырлары ашылады.

4. Телефильмнің зерртеу нысанын талдай келе ондағы озық тәсілдері телепублицистикаға жиі ықпалы анықталады.

Сценарий теледидарда: а) әдеби сценарий – онда әрекеттегі тұлғаның диалогы мен монологы, сюжеттің өрбуі, ой жүйесі қамтылады. Әдеби сценарийде автордың ойы түрлі әдіс-тәсілдердің көмегімен өрбіп, көрініс табады. Теледидар құралдарының көмегімен хабарда көркемдік драматургияның қабысуы әдеби сценарийдің негізін құрайды; ә) режиссерлік сценарий – хабардың режиссері әдеби сценарий негізінде суретші, телеоператор, редактор және автормен бірлікте әрі бейнеинженердің қатысуымен жазудың алдында даярланады. Онда қосымша мәліметтер: көрініс ауқымы, камера, характер қозғалысы, жазу кезіндегі монтаж, алдын-ала даярланған материалдар жүйелілігі, дыбыс және эффектілер жиынтығы, музыка, шу және дыбыстың өрбу жүйесі қамтылады. Режиссерлік сценарий студияда немесе хабарға даярлық кезінде нақтыланады. Режиссура негізінде режиссерлік ой, талғаммен таңдалған фактілер, айқындалған принцип және шабыт жатады [5, 252 б.].

Жазба шығарманың пайда болу тарихында кино түсіру жұмысы кино апарат жасаудан басталған болатын. Көпшілікке таңсық болуы мүмкін, алғашқы кинолар сценарийсіз түсірілді. Ресейлік А. Дранков пен А. Кожанковтың бастамасымен кино жасау үрдісін арнайы жазба шығармалардан бастау керектігі алға қойылды. Сөйтіп, XX ғасырдың 10-жылдығында сценарий жазу ісі қолға алына бастады.

Медианың даму тарихы технологиялық жетістіктермен тікелей байланысты, киноның дамуы да соған ұқсас. Радио сияқты ол да ғылыми ізденіс ретінде басталды. Бұл тараудың «Кино – жетінші өнер» деп аталуы қасаң қалып емес, көптеген киногер, жазушы және сыншылар киноны XIX ғасыр философы Гегель атап көрсеткен алты өнердің (сәулет, мүсін, сурет, музыка, поэзия және философия) қатарына қояды.

Киноны өнердің бір түрі ретінде тану идеясы – киноөндіріс мамандары Гриффит пен Мельестен басталды. Олар киноны өнердің бір формасы ретінде тануы керек деген көзқарас білдірген. 1960 жылдары сыншылар мен ғалымдар да кино – өнер ретінде танылу керек деген салмақты ой айтты. Алғашқы он бес жылдық қарқынды дамуынан кейін, кино – XX ғасырдағы кескіндеме, мүсін, әдебиеттен маңыздылығы кем емес өнердің жаңа эстетикалық жетінші түрі бола бастады.

Ал кино өнері өз тарихының үшінші 10-жылдығында көрерменге идеялық, эстетикалық ықпал жасайтындай етіп кино жасай бастады. Киноны өнер дәрежесіне дейін көтеру жолына түсті. Осылайша, киносценарийді жетілдіру шараларына ие болды. Фильм жасаудың объектісі мәселесін шешу үшін шығармашылық шындалу үрдісі қажет саналды. Оның бәрі сценарийге келіп тоғысып, ол мәселе тұрғысынан жетілдіруді 2-ге бөледі.

Көрерменнің талап талғамына байланысты фильмнің көркемдік-идеялық дәрежесін арттыру үшін жұмысты жан-жақты ойластырған сценарийден бастау керек. Киноға сұраныстың көбеюіне орай шығармашылық артып, ал ол кино жасаудың санын көбейтеді. Фильм сценарий жазудан басталатындықтан бұл беки түсті. Сценарий – болашақ фильмнің әдеби жазба нұсқасы. Ғылыми тілде «Болашақ экрандық берілімді бейнекөрініс пен жазба арқылы көркем тілмен суреттеу. Суреттеуде көріністер тізбегі оқырманның көз алдына елестеп отыруы шарт» [6, 12 б.].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Тұрсын Қ. Теледидар сөздігі – Тележурналист анықтамалығы: Жоғары оқу орындары журналистика факультетінің студенттеріне оқу құралы ретінде ұсынылады / Қ. Тұрсын. – Алматы: Білім, 2003. – 378 б.

2 Интернет: <http://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%98%D0%BD%D1%82%D0%BD%D0%B5%D1%80%D0%BD%D0%B5%D1%82>.

3 Тұрсын Қ. Қазақ тележурналистикасы: қалыптасу, даму проблемалары / Қ. Тұрсын. – Алматы: Білім, 2006. – 352б.

4 Омашев Н. Радиожурналистика негіздері / Алматы; 1993

5 Тұрсын Қ. Тележурналист шеберлігі / Қ. Тұрсын. – Қазақстан Жоғары мектебі, 2003. – №3

6 Сиранов У. Кино, жылдар / У. Сиранов. – Алматы: Өнер, 1981.– 12б.

ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕГІ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

Қ.Ж. Караталова

Студент, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ.

Г.А. Бекбосынова

Ф.ғ.к., аға оқытушы, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ.

А.Ж. Берикболова

Ф.ғ.к., аға оқытушы, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ.

Тікелей эфирдегі тіл мәдениеті – күрделі процесс. Онда сөйленген әрбір сөзді ғана емес, өзгелердің де сөзін қадағалап, тізгінді ұстап отыруға тура келеді. Тікелей эфирдің бір ерекшелігі оның тыңдарманмен байланыста болуында. Телефон арқылы хабарға үн қосқысы, пікір айтқысы келетіндер саны аз емес. Мәселе, олардың санында емес, сапасында. Дәлірек айтқанда, телефонмен байланысқа түсушілердің таным деңгейі, түсінігі, сөйлеу мәдениеті, сөз саптауы әр алуан. Сондықтан да, бір жағынан тыңдаушылармен ой бөлісу қызық болса, екінші жағынан қиын да.

Түйін сөздер: Тікелей эфир, сөз мәдениеті, тіл тазалығы, жағымды дауыс, дауыс сазы.

Тіл мәдениеті – қазақ тіл білімінің зерттеу нысандарының ішінде кейінірек қолға алынған саласының бірі. Бұл саланың өзге нысандардан айырмасы – оның күнделікті өмірмен, тілді қолдану тәжірибесімен тікелей ұштасып жатқандығында. Жазу және сөйлеу мәдениетінің қазақ әдеби тілін қалыптастыру және орфографиялық ережелерді жүйелеу мәселелерімен тығыз байланыстылығы қазақ тілі ғылымында жан-жақты зерттеліп келеді.

Тілдегі мәдениет дегенді әңгіме ету тілдік нормаларының, яғни қолданыс заңдылықтарының қалыптасып, едәуір тұрақталған әдеби тілдің болуына, оның жазбаша да, ауызша да түрін қалың жұртшылық тұтас пайдалана бастаған кезіне тікелей байланысты. Әсіресе, көркем әдебиет пен баспасөздің, радио мен теледидардың, ұлт театры мен киносының дамыған кезінде тіл мәдениетіне, яғни тілді дұрыс, әдемі қолдануға, жазу сауаттылығына ерекше назар аударылады [1, 22 б.].

Белгілі ғалым, тіл маманы Р.Сыздықова: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс қолдану, сөйлеу үстінде оларды бір-бірімен қиюластырып, үндестіріп, дұрыс айту, емле мен тыныс белгілері ережелерін сақтап, сауатты жазу тілдің ғасырлар бойы сұрыпталып келген ақын, жазушы сияқты сөз зергерлері ойлап берген көркемдігі мен әсем өрнегін орнымен қолдану сияқты амал, әрекеттерді қамтиды деп жазса», екінші бір ғалым М.Балақаев: «Тіл мәдениеті дегеніміз — сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар «айқын ойлылық», - деген анықтама береді. [2, 18 б.].

Қазақ тілі әлемдегі дамыған тілдердің бірінен саналады. Ш. Уәлиханов: «Түркі тілдерінің ішіндегі ең тамашасы - қазақ тілі», - деп ана тілімізге жоғары баға берген, ал лингвист-ғалым А. Байтұрсынов тіл мүмкіндігі туралы былайша ой түйіндеген: «Тілдің міндеті ақылдың андауын андағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жараяу. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадырынша жарайды. Бірақ, тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын - ойлаған қалпында, қиялын - меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек [3, 239 б.].

Қазақ тілші ғалымдары А. Байтұрсыновтан бастап, Қ. Жұбанов, М. Балақаев, Р. Сыздық, М. Серғалиев, Н. Уәлиев, С. Мырзабеков т.б. сауатты жазу, сөздерді дұрыс дыбыстау, орфографиялық нормаға қатысты ғылыми еңбектер, анықтағыш сөздіктер, ғылыми мақалалар әртүрлі жинақтар шығарды. Тілші ғалымдармен бірге басқа да маман иелері тіл мәдениеті туралы өз ойларын, құнды пікірлерін мәдениетті сөйлеуге қажетті ой-пікір, ұсыныс, толғамдарын айтуда. Көп жағдайда саяси және идеологиялық-ақпараттық, ғылымдық т.б. көпшілікке арналған ортада сөйлеу мәдениеті қандай болу керектігі жиі сөз болады.

«Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» деген Абай аманаты қазіргі сөз тізгінін ұстаушы, әрбір журналист-қаламгерлердің қаперлерінде ұстанатын қағидасы болуы шарт. Өйткені дәуіріміздің «көзі», «құлағы» болып отырған бұқаралық ақпарат құралдары тіл, сөйлеу мәдениетін қалыптастыратын негізгі қоғамдық сала екендігі басы ашық жайт. Жүргізуші-журналист үшін тікелей эфир өзге дүниені ұмытып, бар күш-жігер мен ақыл-ойды бір нысанаға бағыттайтын сәт болса, сол сәттегі эфир билеушісіне батылдық пен шапшаңдық, психологиялық еркіндік пен парасатты пайымды мөлдіретіп жеткізетін нарқескен тіл керек екені ақиқат. Сан мыңдаған, миллиондаған тыңдарманның көңілін аулап, жүрегін жаулап шешен сөйлеу де – үлкен өнер, өз

ойыңды, сөзінді айта білу де кемел - өнер. Тар уақытта, қысылтаяң шақта «қиыннан қиыстырып» сөз айтатын тікелей эфир жүргізушісі, ең алдымен, тыңдарман үшін, әр тыңдарманның талғамы үшін жұмыс істеп отырғанын ұмытпағаны жөн.

Тыңдарман талғамын қанағаттандыратын бірнеше аспекті бар. Соның ең бастысы – сөйленген сөздің салмағы, тіл мәдениеті. Сөйленген әрбір сөзді таразылайтын тыңдарманның алдында негізсіз жалған сөйлеп, оралымды тіркес таппай орағытып айтамын деп «орға құлап» жүрсең, сүттей ұйып отырған тыңдаушының сеніміне сызат түсіресің. Орынды айтылған сөз орнына қағылған шеге сияқты. Сондықтан, камераның мысы басып, психологиялық ахуалың адымыңды аштырмай жатса да, барлығын бір демде басыңнан сілкіп тастап тікелей эфирдің жағымды атмосферасын қалыптастыруға кіріскенің жөн.

Тікелей эфирдегі тіл мәдениеті – күрделі процесс. Онда сөйленген әрбір сөзді ғана емес, өзгелердің де сөзін қадағалап, тізгінді ұстап отыруға тура келеді. Тікелей эфирдің бір ерекшелігі оның тыңдарманмен байланыста болуында. Телефон арқылы хабарға үн қосқысы, пікір айтқысы келетіндер саны аз емес. Мәселе, олардың санында емес, сапасында. Дәлірек айтқанда, телефонмен байланысқа түсушілердің таным деңгейі, түсінігі, сөйлеу мәдениеті, сөз саптауы әр алуан. Сондықтан да, бір жағынан тыңдаушылармен ой бөлісу қызық болса, екінші жағынан қиын да.

Жалпы, тікелей эфирдің схемалық көрінісін 3 түрге бөліп қарастыруға болады:

1. жүргізуші-қонақ;
2. жүргізуші-қонақ-байланысқа түскен тыңдармандар;
3. жүргізуші-байланыстағы тыңдармандар;

Міне, эфирдегі тіл мәдениетін сақтауда осы үш объектіні басты назарда ұстау керек.

Бүгінгі күнде телеарналардағы жүргізушілердің сөйлеу мәнері де әр алуан. Мәселен, жаңалықтар жүргізушісі өте шапшаң, бірсыдырғы тездетіп хабарлау тәсілін ұстанса, музыкалық немесе көңіл көтеру бағдарламаларының жүргізушілері жеңіл әрі ойнақы нақышта сөйлеу мәнерін ұстанған. Бұдан жүргізушілер қазақы сөз саптау жүйесін бұзып, әріптердің дыбысталу нормасынан алшақтап, сөз арасындағы кідірістерді де жасанды жасауына тап болып жатыр. Әсіресе, орыс тілі немесе ағылшын тілінің мәнерінде сөйлеуге жол бермей, ақпаратты қоңыр дауыспен ырғақты етіп жеткізуге күш салу қажет. [4-74 б]

Ақпарат ағыны, оның ішінде тікелей эфирден берілетін жаңалықтар легінің өзіне тән айрықша тілі болады. Өйткені, жаңалықты тыңдарман жүргізуші-журналистің алғашқы сөйлемінен бастап жақсы түсінуі керек. Сондықтан да, жаңалықтарды оқитын диктор немесе жүргізуші-журналист өзінің не айтып отырғанын жақсы білуі тиіс және де өз ойын тура, нақты, қарапайым әрі дәл жеткізуі – шарт. Жаңалықтар легі жалаң фактілер легінен құралмауы керек. Кез-келген журналистік материалдың дұрыс және сәтті басталуының маңызы зор. Ал оның ішінде қысқа-нұсқа ықшамдалып ұсынылатын ақпараттың ә дегеннен ұғынықты болуы – ең басты шарт. Себебі, алғашқы сөзден кейін-ақ тыңдарман оны одан әрі тыңдау немесе тыңдамай-ақ қою жөнінде шешім қабылдайды. Осының бәрі санаулы секундтар, әрі кетсе бір минут көлемінде көзді ашып-жұмғанша өте шығатын бір сәттік құбылыс. Бірақ, көрерменнің жүрегіне жол табу сол сәттен басталатынын тікелей эфирдегі жаңалықтар легін жүргізуші әрдайым есте ұстауға тиісті. Сөзді дұрыс бастау арқылы көрерменді баурап алуға болады [5, 29 б.]. Себебі, тікелей эфир – тікелей тілдесу. Телеарна – бейнелі қозғалыс. Сөз бен қимыл, сөйлемнің тікелей эфир табиғатында идеяландырылмайды. Яғни, әлсіреңкі бояу, жалған бейнелеу, ұзақ ойлану жоқ. Алайда, өмір мен халық мәдениетінің, дәстүр мен әлеуметтік қайшылықтардың поэтикасы тікелей эфирдің табиғилығын арттырады. Формуласы да тік, қайталанбас эпизодтардан тұрады. «Тіл – сұлу сырлы сөздердің сыртқы бейне-мазмұны ғана емес, ол ой қазанында қайнап, әдбен бабына келгенде туар шымыр ойдың да шынайы ұйқасы», - дейді профессор Қ. Тұрсын [6].

«Күн сайын телеарнадан жаңалықтарды көріп отырып, қорқатын болдық. Кейде жүргізушілер жаңалық оқып емес, бұйрық беріп отырғандай әсерде боламыз. Мәселен, «Қазақстан» Ұлттық арнасы мен «Хабар», «31 арнаның» жүргізушілері жаңалықты бұйыра оқиды. Тіпті не оқып, қандай ақпаратты таратып отырғанын да байқамайсың. Тележүргізуші – халықтың адамы. Оның үстіне экран алдындағы сан мыңдаған көрерменді сыйлау керек емес пе? Асыра мәдениетсіздікке бой алдырудың да қажеті қанша» дейді Нәзира есімді телекөрермен [7].

Қазақстандық «Хит ТВ» жастарға арналған музыкалық арна болып есептеледі. Формат солай екен деп, қисынсыз сөйлеу, эфир мәдениетіне немкетті қарау, жаргон сөздер мен қайталаулардың көп болуы шығармашылық ұжымның беделін арттырмайтыны анық. Арнадан күні бойы айтылған қазақы сөздердің тізімін жасасаң, бірнеше жүз сөзден аспайды. Сонда табиғатынан әуезді, лексикалық қоры бай қазақ тілін қазіргі жастарымыз мансұқ етуі керек пе? Жок, мұндай арналарға

ашық эфирден орын бермеу керек, эфирлік лицензиясын тоқтатып, ақылы каналдардың қатарына жіберу керек шығар [4, 74 б.].

Мәдениетті тілдің мәйегі сәлемдесуден бастау алады. Осы орайда сыпайылық деген әдептіліктің бір тармағы жүргізушінің сенімді серігі бола алады. Эфир сыртындағы тыңдарман аудиториясының жас ерекшеліктерін, хабардың берілу уақытын – бәрін-бәрін ескере отырып, «Ассалаумағалайкум!» деп айбын бере амандасудың да, «Сәлеметсіздер ме?» деп сыр тарта сәлемдесудің де әрі қарай сөз сабақтауға тигізер әсері мол [5, 46 б.].

Тілдің майын тамызып сөз басталмас бұрын, айтылар әрбір сөздің тыңдаушының әрқайсысына қарай ықпал ететінін бағдарлап алған дұрыс. Үлкенге кішілік, кішіге кісілік көрсете отырып ой тастау халқымыздың қанына сіңген қасиет болса, сол қасиетті бойына сіңірген жүргізуші журналистің алдында алынбаған қамал қалмайды. Иә, тікелей эфирде хабар жүргізіп отырған жүргізуші тыңдарман аудиториясының енді былдырлап шыға бастаған бүлдіршін мен жалындай лаулаған жас та, көпті көрген, түйгені мол қария да, от ауызды шешен де, ел билеген көсем де белді өкілі екенін ұмытпай сөз сабақтаса, көпшілік алдында сөйлеу мәдениетінің бір ұшын түйіндейді.

Эфир кезіндегі амандасу мен қоштасу тележүргізушінің төлқұжаты іспетті. Әрбір журналисті даралап, өзгелерден оқшаулатып көрсететін, кейде тіпті танымал ететін де осы сәлемдесу мен қоштасу. Бұның арқасында әрбір жүргізушінің өзіндік стилі қалыптасады. Мәселен, қазақ телевизиясының корифейі атанған Нұртілеу Иманғалиұлы үнемі әр хабарының соңында «Бай - қуатты болайық» деп қоштасады. «Мені елге танытқан «бай – қуатты болайыққа» әрқашан басымды иемін», - дейді тележурналист өз сұхбатында.

Жатық тілді, жаңылмайтын жүргізуші-журналист болу бірден қалыптаса қоятын қасиет емес. Сондықтан да, тікелей эфирде сөйленетін сөздің мәтінін қағазға түсіріп, жазбаша дайындықтан өту – сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың ең негізгі шарты болып саналады. Жазбаша әзірлену жан-жақты мағлұмат жинауға, жинақы болуға көмектеседі. Бірақ жазбаша дайындалдым екен деп, мәтінді сыдыртып оқып шығуға да болмайды. Тыңдаушымен әңгімелесіп отырғандай, табиғи шыққан хабардың ұтары көп. Тікелей эфирдің тілі көркем жазбаша тілмен күнделікті ауызекі тілдің құймасындай, екеуінің белгілі бір дәрежеде үйлесім тапқан түрі. Ол қарапайым болуы керек. Қарапайым дегеніміз шай ішіп отырғанда жүрдім-бардым айтылатын әңгіме емес. Сұлу сөйлеймін деп, сөзінді сұйытып алатындай, мұның да өз қиындығы бар. Оған Цицеронның мына сөзі дәлел бола алады: «Қарапайым сөздер, бір қарағанда еліктеуге оң-оңай-ақ сияқты, әйтсе де, алғашқы тәжірибелер-ақ одан қиын ештеңе жоқ екенін көрсетеді» [5,48 б].

Тіл мәдениетінің тікелей эфир кезінде алар орны айрықша. Журналистің аузынан шыққан сөз миллиондаған көрерменге тарайды. Тележурналист бұқараның сөз мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін күшке ие.

Менің көп сөз білетіндігім, дауысымның кереметтігі, менің мүлтіксіз сөйлейтіндігім – мұның өзі әлі менің жақсы сөйлей алатындығымды білдірмесе керек. Ал егер кімде-кім дәл сол жерде, я болмаса, белгілі бір адамға арнап нақты дәл келіп, дөп тиетін, сол мезеттегі көңіл күйді қаз-қалпында беріп, дәл сол ахуалды орынды да нанымды қалпында бейнелей алатын дәлелді деректерді дұрыс таңдап, өз ойын ақылға сиятын, көңілге қонатындай дәрежеде толық әрі түсінікті етіп жеткізе алатын болса, тек сол адамды ғана шын мәнінде сөйлей алатын адам деуге болар еді». Бұл – Луначарскийдің әлдеқашан айтып кеткен тұжырымы. Әлбетте, бұл пікірдің нақты тікелей эфирге қатысты айтылмағаны белгілі. Бірақ, тікелей эфирге «тірі тіл» қажет екеніне шынайы түсініктеме бергені даусыз. Басындағы білімі энциклопедиялық қор, аузындағы сөзі ақылға да, нақылға да бай, салмағы зор болған Луначарский өзінің сөйлеген сөзін осылайша қатал қадағалап, оған қомсына қараған. Ал қазіргі жаңалыққа құштар, жақсылықты құштар батыл да алғыр, әлемдік өркениетке қол созуды армандайтын жас журналист –жүргізушілер «таза мінсіз асыл сөз» ой түбінде жататынын жадында сақтап отырса құба-құп. Сонымен бірге оқиғалардан жан-жақты хабарлар болып, қазіргі өмір ағысы алға тосқан заман талаптарын түсініп біліп, сол туралы өзіндік көзқарасын қалыптастыра алғаны абзал. Дәл қазіргі уақытта кенде қалып отырған кемшін тұстарымызды сойыл алып соқпай-ақ, тігісін жатқызып, тұрасы осы деп ой түрткі ретінде қозғау салып, көпшілікпен эфир арқылы жүздескенде тілге тиек етуді көздеп, ой өрісін дамытып, білім деңгейін көтеруді, сол арқылы аудиторияға игі ықпал етуді мақсат тұтса, әуе толқыны әрленіп, тікелей эфир жанданып, жарқырап сәуле шашар еді [8, 192 б.].

Қайталанбайтын құбылыс ретінде тікелей эфирден берілген хабардың көркем туындыдан келтірілген үзіндідей, үзік-үзік үлгі болар тұстары да бар. Олай дейтініміз, тікелей эфир арқылы берілетін хабарлардың барлығы бірдей «жүп-жұмыр, айналасы тегіс келген» өткір де өзекті дүние болып шыға бермейтіндігі. Өйткені, тікелей эфирде жүргізуші-журналистің жетекші рөлі бірінші орынға шығады. Шын мәнінде, тікелей эфирді жандандыратын шынайы сөзі мен шұрайлы тілін,

ырғақты даусы мен әуезді үнін астастырып, айна қатесіз ақиқат ақпаратты айтып, тындаушының құлақ құрышын қандыратын, сөйтіп, сөйлеу мәнері, сөз саптауы, үн үрдісіндегі өзіндік өрнегімен әсер қалдыратын сол жүргізуші-журналистер екені даусыз. Бірақ, өкінішке орай, тікелей эфирге «тірі тіл» қажет екенін олардың барлығы бірдей ескере бермейді.

Бұл, әрине, телерадиоәлеміндегі тікелей эфир жүргізуші жаңа лек, жаңа толқын, бұғанасы қатпаған жаңа буынның әр қадамын аңдып, жаза басып, жаңылысқан сәттерін бетіне басып, аңдамай айтқан, құлаққа түрпідей тиіп, сынап-мінеу үшін айтылған пікір емес. Керісінше, бұл сөз мәйегін тауып, әңгіменің майын тамызатын тілмәр шешен болу үшін талмай ізденуге талпындыру, сондай-ақ, ғылыми тұжырымдар мен қоғамдық ой-пікірлерді тәжірибе жүзінде түйген ойлармен ұштастыра отырып, күнделікті жұмыс барысында сабақ болар жәйттерге олардың назарын аудару мақсатындағы ізгі ниет болса керек.

Ендеше, бүгінгі жүргізуші-журналистер және сол саланың болашақ мамандары осы мәселеге ден қойып, оның өзіндік ерекшеліктеріне назар аударар болса, содан өздеріне керек тұстарын тауып, көңілдеріне түйсе деген ой туады.

«Айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса, тіл анықтығы дегеніміз сол болады. Лебіз ашық мағыналы болу үшін айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болу керек. Адам анық танитын нәрсесін анық атайды да, көмескі танитын нәрсесін көмескі, күңгірт атайды» [9], - деген ірі ғалым линвист Ахмет Байтұрсынұлының осынау тіл анықтығы туралы тұжырымы нағыз тікелей эфирдегі тілге қатысты тұжырым десе болғандай. Көп жағдайда ауыздан шыққан сөздің құтын қашырып, берекесін кетіретін көмескілік, күңгірттік екенін өз ісіне жүрдім-бардым қарамайтын кез-келген журналист білетін болса керек. Бір ғана мысал: «Бүгін Республика Президентінің Ресейге жұмыс сапары басталады». Таңертеңгі сағат 6-да бұл ақпаратты осы қалпында беруге болады. Ал сағат 9-да өзгертіп: «Бүгін Республика Президентінің Ресейдегі жұмыс сапары басталды», - деп беру қажет. Әрине, бұл тұрғыда 10 жыл бұрын тікелей әуе толқынында берілген бағдарламаны ұйымдастырған Қазақ радиосы Ақпарат Бас редакциясының жетекші журналистері Руслана Құдайбергенқызы, Үмітжан Балтаевалар ұқыптылықтың үздік үрдісін танытқаны рас. Өйткені, олар өздері эфирге шығатын күнгі жаңалықтарды қалай іріктеп, өңдеп әзірлесе, өзге әріптестерінің де микрофондық материалдарына солай мән беретін. Және осындай жауапкершілікті жүргізуші журналистен де, кезекші редактордан, аудармашыдан да талап ететін. Әлбетте, ол бас редактор мен бөлім меңгерушісі ретіндегі тиісті міндеттері екені түсінікті. Бірақ, сол кездегі тікелей эфирге деген ыждағат бөлек болатын. Эфирден өтетін материалдың, көпшілікке айтылатын ақпараттың анық болуы шын мәнінде бақылауға алынатын. Сөйтіп, ұжымдық шығармашылық тұтастықтың нәтижесінде тікелей эфирдегі тіл мәдениетін қалыптастыруға деген үлкен ұмтылыс өзінен-өзі жүзеге асып жататын.

Эфирдегі кез келген хабарды ести отырып, жаныңызды ауыртатыны – ауызекі тілде сөйлеудің әдебін ұмытқандығымыз, мысалы, тілшілер науқасты «ауру адам» деп, көзі нашар көретін жандарды «соқырлар» деп, құлағы мүкіс еститін адамдарды «саңыраулар» деп дөрекі тұрпатта айта беретін дәрежеге жетті. Ал біздің ана тілімізде сөйлеудің, ойды жеткізудің сыпайы формалары да бар емес пе? Қалай дегенде де көңілі жарымжан, қаяу жандар туралы жоғарыдағыдай сөз сабақтау еш қисынға келмейді. Мысалы, «Қазақстан» телеарнасындағы 2010 жылдың 14 қазанындағы кешкі жаңалықтарда жүргізушілер «зағип және көзі нашар көретін жандарға арналған жарыс өткізілді» деп сөз әлқиссасын бастаса, оны тілші «көз мүгедектері арасындағы сайыс» деп іліп әкетті. Бұл жердегі сөз қолданысындағы тұрпайылық еш ақтауға келмейді. Осы ақпаратты «Алматы» телеарнасының журналистері жұмсартып бергендей болды. Олар «Түркісіб ауданында мүмкіндігі шектеулі жандар арасында спорт жарысы өткізілді» деп хабарлады [10].

«Қазақстан» ұлттық телеарнасындағы әр жексенбі сайын шығатын «Апта.kz» бағдарламасының кезекті шығарылымында тілші Дина Төлекованың «Балалардың базынасы» атты сюжетінің кіріспе сөзінде жүргізуші Есболат Айдабосын «Үкіметтің шабандау бағдарламасы «балағынан бала саулаған» аналардың қарқынына ілесе алмай жатыр» деген сөйлемді оқиды. Осы тұста «балағынан бала саулаған» аналар деген тіркес қаншалықты дұрыс деген ой туады. Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен аналарымызға бұндай тіркесті қолдану орынсыз. Қазақ халқының түсінігінде көп балалы аналарды ерекше қастерлеп, құрметтегені баршамызға аян. Биологиялық тұрғыдан ер мен әйел деп бөліп қарастыратын болсақ, балақ сөзі ер адамға қолданылады. Мәселен, шалбарының балағы. Ал, әйел адамға етек сөзін қолданады.

«Дүр ете ғап көйлегінің етегі,

Көк жалындай шалқып, тасып кетеді» деген өлең жолдары осыны аңғартса керек-ті. «Балағынан бала саулаған» деген тіркес тұрпайы естіледі. Оның орнына көп балалы аналар деген сөйлем әлдеқайда орынды болар еді.

Тағы бір мысал. Эфирден берілетін бағдарламаларды алуан түрлі саланың мамандары жүргізіп жүргені ақиқат. Соның бірі «Қазақстан» ұлттық арнасындағы тікелей эфирде өтетін «Әйел бақыты» ток шоуын танымал әнші Қарагөз Сүлейменова жарты жылдан астам уақыт бойы жүргізді. Бағдарламаның 2014 жылғы наурыз айының 4-і күнгі шығарылымында арнайы Үндістаннан келген Авика Гор есімді актриса қонақ болды. Сонда хабарды жүргізіп отырған Қарагөз Сүлейменова студия қонағына былай деп сұрақ қойды: «Кинода ененің рөлінде ойнаған актриса Каляни өмірде де қатқыл дейді. Сол рас па?». Бұл сөйлемде «қатқыл» деген сөзді емес, қатал сөзін қолданған дұрыс қой. Қатал адам деп айтып та, естіп те жүреміз. Ал қатқыл адам дегенді алғаш рет осы бағдарламадан естуім.

Сонымен қатар қазақ журналистерінің сөз саптауы мен жазу стиліне қатты-қатты сын айту – ойланарлық жайт. «Тележурналистердің тілі» немесе «газетшілер тілі» деген ұғым қалыптаса бастады. Ешкімнің намысына тимес үшін айтарымыз, басты міндет – мақала не сюжетте айтылған ой түсінікті болуы керек. Ал сөйлемді бұлай қолдану қазақ тілін қорлау деп байбалам салу – бірбеткейлік [11, 191 б.].

Бүгінгі күнде қалың көпшілік телерадиоэфирлерден берілген сөздерді сол қалпында қолданысқа енгізуді әдетке айналдырып барады, әсіресе жастар жағы. Сол себепті де журналист өзінің аузынан шыққан әр сөздің парқын жете түсініп барып, сөйлеуі керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы: оқу құралы \ Р. Сыздық. – Астана – Елорда, 2001. – 230 б
- 2 Балақаев М. Тіл мәдениеті: оқу құралы \ М. Балақаев. – Алматы – Білім, 2007. – 252 б
- 3 Омашев Н. Қазақ журналистикасы: қазақ радиосы: оқу құралы \ Н. Омашев. – Алматы – Таймас, 2008. – 352 б
- 4 Омашев Н. Қазақ журналистикасы: қазақ теледидары: оқу құралы \ Н. Омашев. – Алматы – Таймас, 2008. – 352 б
- 5 Әбдіжәділқызы Ж. Тікелей эфир табиғаты: электронды оқу құралы \ Ж. Әбдіжәділқызы. – Алматы – Қазақ университеті, 2012. – 108 б
- 6 Тұрсын Қ. Көгілдір экран әлемі: оқу құралы \ Қ. Тұрсын. – Алматы – Қазақ университеті, 2007. – 72 б
- 7 Тележүргізушілер неге тістеніп сөйлейді?, www.bag.kz
- 8 Омашев Н. Қазақ журналистикасы: қазақ радиосы: оқу құралы \ Н. Омашев. – Алматы – Таймас, 2008. – 352 б
- 9 Байтұрсынов А. Шығармалар: оқу құралы \ А. Байтұрсынов. – Алматы – Жазушы, 1989. – 318 б
- 10 Ошанова О.: Қазақ сөзінің эфирдегі халі <http://writers.kz/journals>
- 11 Садық М. Телевизия және тәуелсіздік талаптары // Жұлдыз журналы: 2009 ж. 4 сәуір.

GTAMP 19.41.07

ФОТОЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЫ

Нұрлан Бүлдірген

Студент, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ.

А.Ж. Берикболова

Ф.ғ.к., аға оқытушы, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ.

Г.А. Бекбосынова

Ф.ғ.к., аға оқытушы, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ.

Жаңа заманға жаңа көзқараспен қарайтын тұста қоғам санасына тікелей әсер ететін психологиялық қару – бұқаралық ақпарат құралдары. Бұл ретте БАҚ пен журналистика біртұтас жүйе екендігін естен шығармағанымыз жөн. Сондықтан, қоғамдық қатынаста демократиялық идея мен азаматтық көзқарасты қалыптастыруда бірден бір қозғаушы күш болып табылатын журналистиканың халықты сапалы ақпаратпен қастамасыз етуі – қазіргі заман талабы. Әрбір қас-қағым сәтті факті дәрежесіне жеткізіп, оқырман алдына ұсыну екінің бірінің қолынан келе

бермейтіні рас. Ал нағыз фотожурналисттің ең ауыр жауапты міндеті – фотосурет арқылы біліктілі мен білімділігін көрген-білгенімен тоғыстыра отырып, оқырманның назарын бірден аударатын барынша мол сапалы ақпарат беру. Бұл мақалада фотожурналистика жанрына тоқталамыз.

Түйін сөздер: фотожурналистика, фототілші, фотосурет, фоторепортаж, фотоочерк, фотокорреспонденция, фотомонтаж, фотопублицистика.

Кез келген журналистиканың түрі сияқты фотожурналистика да шығармашылық процесс белгілі бір жанрдың шеңберінде жүзеге асады. Жанр – нысаны мен мазмұны нақты қасиеттері жағынан ұқсас келетін өнім түрі. «Жанр» деген ұғым бірнеше суреттер түсірілгенде анық байқалады. Фотожурналистиканың жанрлары туралы зерттеулер де пікірлер де өте көп. Мысалы, осы саланы зерттеген В. Юоданис: «Фотожурналистика жанры - бір уақытта сурет пен мәтін» - дейді.

Фотожурналистика – көзқарас пен пікірді, ойды фотосурет арқылы білдіретін ерекше сала. Фотожурналистикада фотосуреттерді түсіру үшін келесі қасиеттер ерекшеленеді.

Уақыт – суреттер оқиға барысының хронологиялық өрбуіне байланысты белгілі мәнге ие болады.

Объективтілік – фотосуреттердің оқиғаны дәл әрі боямасыз сипаттауы.

Хабар – автор мақаласымен қатар фотосуреттердің де оқырманға оқиғаның мән-мазмұнын жеткізуі.

Ғылыми мақала болғандықтан барлық жанрларға жеке – жеке тоқталуым керек деп білем. Тым болмады дегенде, үлкен мағынасы зор жанрлардың мән - жайын түсіндіріп кетейін. Репортажды қарастырғанда көптеген фотожурналист, фоторепортерлердің жұмысына терең үңілуді қажет етті. Ендігі жерде тағы да қоғам өмірімен соның ішінде қоғамның бір мүшесі жеке тұлғамен тығыз байланысты жүретін жанр түрі бұл фотоочерк болып табылады.

Фотоочерк – публицистикалық жанр. Негізгі бағыты қоғам өміріндегі айшықты бетбұрысқа толы құбылыстарды фотосурет арқылы беру. Фотоочерк жанрында адамның жеке өмірі қамтылып қана қоймай, оның қоршаған ортаға деген қарым-қатынасы көрсетіледі. Ағылшын тілінен аударғанда «тарих» деген сөз, яғни өмір ағымындағы өтіп жатқан жылдар тізбегінің көріністерін, айқын және нақты көрсетіп тұратын суреттер жиынтығы деген мағынаны береді. Фотоочерк бірнеше суреттен құралады. Фотоочерк бір тақырып, бір арқаумен бірлескен көптеген кадрдан тұрады. Фото суреттер бір-бірімен тізбектеліп, болған оқиғаның баяндаушысы қызметін атқарады. Фотоочерк әдеби очеркке ұқсас болып келеді. Әдеби очеркте көркем оқиғалар шынайы түрде баяндалса, ал, фотоочеркте шынайы оқиғаны нақты дәлдігін бейнелей отырып, сол уақыттың көрінісін сырттай көрсетіп тұрады. Бір сурет арқылы қуанышты немесе қайғыны баяндауға болатындығын біздің барлығымыз білеміз. Ал адамның барлық өмірін бір сурет арқылы баяндау мүмкін емес. Ал бірнеше сурет әр жылдың көрінісі болса, біз оны фотоочерк деп атаймыз. Фотоочерктің жанры өте қызықты болып келеді. Онда әрбір түсірілген суреттен кейіпкердің қайда, не істеп жүргенін байқаймыз, мүмкін ол табиғат аясында демалып немесе қызығушылығы артып суретке түсуге әуес болған шығар. Осының барлығы біз анықтайтын тұлғаның өмірбаянынан туған фотоочерк болып табылады.

Фотоочерктің біз үшін тиімді жағының бірі – біз өзіміздің ұлттық мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді суреттер арқылы өзге елге көрсетуімізге болады. Сөзбен айтып жеткізе алмаған дүниені фотоочерк суреттер арқылы сөйлетеді, бұл бейнелер адам жадында мәңгілік сақталып, өзі-ақ көрсетіп бейнелеп тұрады. Ал басқа біреу қанша сөзбен айтып, күнделікті жазып отырса да, ол сурет сияқты айқын және нақты көрініс бола алмайды.

Фотоочерк неғұрлым өмірдегі қойылымды, ондағы көңіл-күйді қадағалайды. Фотоочерктің фоторепортаждан айырмашылығы: фоторепортаж болған оқиғаны қоспасыз баяндайды. Ал фотоочеркте суреттер әр жылда түсірілгендіктен, ішінде қоспа болуы немесе мысал келтірілуі мүмкін. Фотоочерк сәтті шығу үшін, қарапайым қағидаларды білу қажет. Біріншіден, көшеге фотоаппаратпен шыққан кезде, диафрагманы, тұтымды (выдержки), ISO қондырып алу керек, сонда жарық сәтімен түсіп, сіздің суретіңіз сәтті шығады.

Фотокорреспонденция – фотопублицистика жанрына жатады. Бұл жанрдың фоторепортаждан айырмашылығы, мұнда болған оқиға толықтай қамтылмаса да, оқиғаның шығу себеп-салдары анықталып, нақты мәліметтерге сүйеніп барлау жасалады. Фотокорреспонденция сараптама сөз жүзінде емес көрініс арқылы жасалады. Мысалы фотожурналист монтаждау амалы арқылы мән-мағынасы бұлдыр екі фотосуретті салыстыру арқылы ойтұжырым жасауға мүмкіндік береді. Бұл фотожурналистика жанрлардың ішінде соңғы 30-40 жылдың көлемінде ғана қалыптасты. Соған қарамастан, оның тарихи сонау Қазан Революциясынан соң іле – шала басталуы десе де болады. Өйткені оған Революция басшылары аса зор мән берген. Жақсы

түсірілген бірнеше сурет оқырманға көлдей материалдан анағұрлым нақты мәлімет береді және шындық көлеңкелік жағы кемшіліктерін де көрсетеді деп бағалады. Ал, фотографияның құжаттық (документальность) табиғаты фотокорреспонденция жанрын өмірден өз орнын алуына мүмкіндік туғызады. Алайда, фотожурналистер оның мақсаты мен міндетін көпке дейін түсінбей келді. Тіпті қайсы біреулері фотокорреспонденцияны фоторепортажбен шатыстырып алып жатты. Шындығында фотокорреспонденция көтерер жүгі көп. Атқарар ролі бұдан әлде қайда мол еді. Фотокорреспонденцияның фоторепортажға қарағанда өзгешілігі қандайда бір оқиғаның дамуын көрсетпейді. Қалыптасқан жағдайға ой жіберіп қарауға итермелейді. Ал оның кеңейтілген фотохабардан айырмашылығы фотокорреспонденция жекелеген фактіні көрсетумен шектеліп қалмайды, керісінше бірнеше фактордың өзара байланысын ашып көрсетеді. Фотокорреспонденция жасауға ұмтысылыстың мерзімді баспасөз беттерінен соғыстан бұрын немесе кейін кездестіруге болады. Бірақ ол ұмтылыстар тек талпыныс күйінде ғана қалып қойды. Ол туралы “Советское фото” журналы кәсіптік шеберлігін арттыру жөніндегі қамқорлықты өз міндетіне ала отырып, былай деп атап көрсетті: “... заводтар мен фабрикаларға, аулыдарға жиі – жиі барындар, жоғары еңбек өнімділікті жұмыстардың мысалын іздендер, жұмысты ұйымдастырудағы кемшіліктерді бейнелеп беріндер” [1]. Сөйтіп журнал фотожурналистерге жол көрсетіп қана қоймай қалай қарай бұру керек екендігін мерзімді баспасөз журналистерімен қалай жақындасу қажет екендігін, және олармен бірлесе отырып, алға қойған мақсат – міндеттерін қалай шешуге болатынын көрсетіп берді [2]. Фотокорреспонденция нағыз зерттеудің жұмысына арналған жанр. Фотокорреспонденция бір мәселеге яки оқиға қатысты бірнеше мәселенің бірдей сырын ашып жататын кездері болады. “Корреспонденция тек журналистиканың жанры ғана болып табылады. Бірақ фотоға да осы жанрдың қажеттігі туындаған соң корреспонденция фотоға келуге мәжбүр болды” дегендей фотокорреспонденцияның жанрлық ерекшелігі де айтылып өткен болатын. Фотокорреспонденция шығармашылық жұмысты әрі қарай жалғастыруға көп мүмкіндік береді. К.Тараданкин “Фотокорреспонденция – шығармашылықтың айнасы, одан да асып, еңбектің көрінісі, көптеген зерттеудің нәтижесі және оның жақсы немесе нашар болуы фотожурналисттің шеберлігі мен білімді біліктілігіне, өмірге деген шынайы көзқарасына байланысты”.

Фотомонтаж – бірнеше фотосуреттерді біріктіріп иллюстрация немесе негізгі ойды меңзейтін фотосурет жасау. Осындай амалдармен құрастырылған суреттер газет-журналдардың мерекелік беттерінде жиі қолданылады. Ал бүгінгі заманғы компьютерлік техниканың шексіз мүмкіндігі фотомонтаж жасаудың түрлі бағдарламаларын қолданысқа енгізді. Мысалы: Adobe Photoshop, Corel Photo-Paint, GIMP.

Бұл жанрлардың негізгі ережелері. Фотоның әлі де айтылмаған жанрлары өте көп. Мысалы, портрет, пейзаж дәстүрлі жанр болғанымен фотожурналистиканың жанрларына негіз бола алмайды. Бұл жанр туралы көптеген пікірлер бар.

Манадан бері публицистикалық ақпараттық деп жанрларды бөліп қарастырамыз. Ал осы публицистикалық жанрлардың өзін В.Ученова үш түрге бөледі: 1) ақпараттық жанрлар, 2) аналитикалық жанрлар, 3) көркемдік жанрлар деп. Фотопублицистика жаңадан дамып келе жатқан уақытта өзге де естімеген жанрлар пайда бола беретіні заңдылық. Алайда, фотожурналистика үнемі терминдік зерттеуді қажет етіп тұрады. Дегенмен, фотожурналистикаға арнайы терминологиялық кітаптар әлі де жарық көре қоймағанын ескеру қажет. Зерттеушілер фотожурналистика жайында жанрлық құрылымға шындап кірісіп көріп еді. Бірақ ол іс аяғына әлі жетпей келетіндігі бар. Сонымен публицистика үш түрге бөлінеді дедік. Ақпараттық топқа - заметка, есеп, сұхбат, репортаж жатады. Аналитикалық топқа - мақала корреспонденция, көркем – публицистикалық жанрға – очерк, фельетон, панфлетті жатқызады. Ғалымдардың фотожурналистикалық терминдері жайлы зерттеп, публицистикалық жанрларды қозғаған жұмыстары үнемі жемісті болған жоқ. Мәселен, филология ғалымдарының кандидаты ғалым Н. Воронның диссертациялық жұмысында фотокорреспонденция қатарына фотозаметка деген ұғым келеді. “Автор бұл терминді репортаждан айырып өзгеше етіп көрсеткісі келгенімен дейді – Г.Чудаков сенімсіздікпен – жанрдың репортаждан айырмасы шамалы – ақ”. Дегенмен, де жанрлық терминологиялық бір құрылымын құрып алса, жанрға деген көзқарас өзгерер ма еді. Публицистикалық жанрлардың мән – мағынасы өте жоғары деп саналады. Қоғаммен тікелей байланысқа шығатын бұл жанрлардың мүмкіндіктері де мол. Публицистикалық жанрларды әркім өз көзқарасына қарай оны орысша (по своему смотрению) бөліп қарастырады. Публицистикалық жанрлар көбіне көлемді болып келетіні белгілі жағдай. Ал, енді оның сапасының қаншалықты дәрежеде екендігі – автордың шеберлігі, ой ұшқырлығы, фантазиясына байланысты. “Публицистика ешқашан өлуге тиісті жанр емес, оның нысаны, басты нысаны адам болғандықтан ол ешқашан өлмек емес” [3], демекші Публицистикаға өте үлкен дәрежеде баға бергендер де аз емес. Жалпы, публицистикалық жанрлардың өзге жанрлардан ерекшелігі сол, олар көлемді және

қоғамға қарап тіл қата біледі. Және бұл жанрларға оперативтілік, актуальдық және бір тақырыпқа тереңдей кіріп, сонымен қатар, көркем – публицистикалық әдістерін қолдану қажет деп түсіну керек. “Фотоматериал публицистикалық сарынға келу үшін мына талаптарға жауап беруі қажет. Мақала – синтетикалық талдауға бай, ол мәтін мен сомдаудан тұрады. Ол екеуі бір – бірінсіз өмір сүре алмайды. Әр бөлімнің басы мен аяғы болуы тиіс, фототарих мәтін секілді аяқталуы қажет” [4]. Міне фотопублицистика жанрларға осындай талаптар қойылатынын публицистикалық сарында жазбас бұрын, алдымен осы жайттарды ескеруіміз керек. Публицистикалық сарында жазылған жанрлық шығармаларда сюжеттік, оқиғалық мәселелерді қажетсіз деп айта алмаймыз. Дегенмен, сюжеттік мәтін мен фотографиялар оншалықты қажет емес екендігін айта кету керек. Фотопублицистикаға Ворн тағы да мына үш жанрды жатқызады. Мұнда ол фотопубликация деп алады да оған – фотоголоволетка, фотоәділ, (фотошутки), фотозагадка секілді жанрларды жатқызады. Бұлар мұншалықты үлкен көлемді материал болғанымен, бұлар қоғамға яки көптеген адамдарға халыққа ұсынылып отырғандықтан, Ворн фотопубликацияға жатқызған болуы керек. Дегенмен де, фотопублицистикаға ондай әзіл үшін жасалынатын жанрларды кірістіре берсек фотопублицистиканың мән – мағынасы жоғалмайды ма деген сұрақ тағы да туындайды. Әрине, осы тұста үлкен мәселе туындап кететіні сөзсіз. Десек те, ол мәселені шешуге тырысуымыз қажет. Және де фотожурналистикаға бей – жай қарау бүгінгінің адамына жараспайды.

С.Ворн өзінің фотожурналистикадағы орнын берік қалыптастырған десек те болады. Ворнның енгізген фотозаметка жайында тұжырымдама айта кетелік. Диплом жұмысымының басында Юодакстің ережесін жазған болатынмын. Фотозаметка Юодакстің айтуынша уақытсыз хабар деп түсіндіреді. Және онда анық бір фактіні түсіреді дейді. Фотозаметка бүгінде кең өріс алып келеді. Әсіресе ақпараттық газет макеттерінде фотозаметканың ойнайтын ролі ерекше десек те болады. Фотозаметка қашанда орынды түсірілуі қажет. Сонымен бірге фотография. Мұның барлығы да кішкентай жанрлар. Міне газет бетінде жиі көрініс табатын фотожурналистиканың жанрлар легі міне осындай. Тағы да айта кететін жайт біз бұған дейін газет беттерінен белгілі нақтылы және жиі орын алатын жанрлармен ғана таныса алдық. Оларға қоса, фоторецензия, фотопоздравление, фотонувелла, фотоәңгіме секілді жанрлардың бар екендігі рас. Фотографияның мұнан да басқа жанрларының бар екендігінен шек келтіре алмаймыз. Бұлар әрине фотожурналистика жанрларына кірмегенімен олар қосымша деректік жанрлар болып есептелінеді. Бұл жанрлар: портрет, пейзаж, фотоэтюд, натюрморт секілді түрлері бар.

“Портрет қазіргі заманғы фотоөнер” – дейді Э.Соколов. Бір адамның немесе жануардың жұғымсыз бетіндегі қылығын түсіріп алу бұл сәтсіздік. Дегенмен, бұл портретті түсірудің алғы шарттары. Портретте таза сыртқы мінезді көрсету портреттің жарты ісі ғана. Шынайы адамның келбеті. Портреттен біз тек қана адамды танып қана қоймай, оның ішкі жан – дүниесін, мінезін біле аламыз. Біз көркем портрет жанрынан адамның психологиялық социалдық мінезін талап етеміз. Мұның бәрі тек бір ғана портреттен, яғни бір ғана портреттегі адамның бетінен шығып жұртшылыққа үлкен жанр ретінде танылуы керек. Портретші адамның бұл көрінісін тек қана ол нысанның мінезін, типтік кейбір қылықтарын түсінсе ғана осы портретті түсіре алады. Сол кезде портрет тек қана адам бетінің көрінісі ғана емес, оның образдық бейнесін көз алдымызға әкеле алады. Бұл портрет – образды салу үшін портретшіге тек қана нысанмен бір рет кездесу аз болады, ол ештеңе бермейді. Онымен жақын танысып, нысанның мамандығы, қызығушылығы нендей нәрселерге басымдау, мінездік бетінің құбылуын, сөйлесу мәнерін, қимыл, іс-әрекетін т.с.с. білу керек. Әрине, мұндай талаптарға көп портрет төтеп бере алмайды және бұл талаптар да кез – келген портреттерге қойыла бермейді. “Мәселе күнделікті түсіріліп отырған үйреншікті фотосуреттер жайында емес. Мәселе үлкен аяқталған шығармашылық өнер ісі, яғни фотография өнері жайында болмақ” [5] демекші. Портреттік жанр бүгінгі таңда өте көп түрлерге бөлінеді. Шынына келсек түрлері бар. Портрет қазіргі заманда музейлерден, галереялардың қабырғаларынан, жеке кеңсе қабырғаларынан көрінеді. Портрет өте жақсара бастады. Жаңа техникамен көптеген мүмкіндіктер тууда. Портрет жанрын фотографтар өте қатты бағалағанымен, бүгінгі таңда портреттік жанр ретінде қабылдай алудың өзі өзара конфликттер туындатуда. Портреттік жанрға көптеген елдердің ғалымдарының еңбегі сіңген. Мәселен Б.Кудояров, Э.Соколов секілді. Бұл фотожурналистиканың дәстүрлі жанрларының бірі еді.

Енді пейзаж. Бұл фотографияның жанры ретінде танылады. Пейзаж бұл тек сурет қана емес, онда алуан түрлі сыр жатыр фотограф, яғни пейзажды түсіруші ботаник болуы тиіс. Пейзажды түсіру үшін өте көп әдіс – тәсілдер қажет. Және оған қаржылық көмек те керек. Мәселен: ондағы түсірілетін мынадай болып келеді. Аспандағы бұлт, тау шыңы, сулар, қарлы борандар, күн нұры секілді. “Пейзаж – шынайы өннер туындысы” дегендей [2]. Пейзаж аса таңдау талантын талап етеді, сұрайды. Пейзаждың өте алуан түрлілігіне шек қойылмайды. Оған жалпы уақыттың,

мезгілдің әсері тимейді, тек табиғат көрінісін әсерлі етіп алу. Адамға эмоционалды тұрғыда әсер ету басты міндеті десек те қателеспейміз. Енді фотоэтиюдке келетін болсақ, бұл бүгінгі таңда өте жақсы дамыған жанр түрі болып табылады. Және де пейзажға ұқсайтын тұстары, табиғатты және табиғат жаратылысы, жан – жануарлар, тіпті адам да оның нысаны бола береді. Әрине, фотоэтиюдтің сьемкасы шегерілмейді тек пейзаждың шеңберіне дейін. Этиюд өнерде өмір сүреді. Фотоэтиюдтің материалдарының мативі көбіне пейзаждікі болып келеді. Осылайша екі шығармашылық фотография жанрлары біріге түседі. Дуглас Кернканд фотоэтиюд пен фотопейзажды біріктіріп қарастырады яки бірге. “Фотоэтиюд үнемі өзінің сырымен, әдемілігімен, қызықтылығымен бағалы сәттерден тұрады” деп фотоэтиюдтің жалпы, практикада қалай қолданылатынына әбден көз жеткізуіміз керек. Сонымен дәстүрлі жанрлармен танысуды да тәмімдап келеміз. Жалпы, жанр түрлері уақыт озған сайын жаңасы пайда бола береді. өзге жанрларға толықтырулар мен пысықтаулар енгізіледі. Фотожурналистика жанрлары – ол бір мезгілде берілетін фотографиялар мен азды – көпті мәтіннің қосындысы. Жанрлардың бір – бірінен шектесіп немесе алыс мағынада болатыны олардың түрлілігі деп білеміз. Және оларды ішінара түр – түрге бөлу әлі де жалғасып келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Глазычев В. Л. О дизайне. Очерки по теории и практике дизайна на Западе. М., 1970
- 2 Галкин С. И. Оформление газеты и журнала: от элемента к системе. М. 1984.
- 3 Табашников И. Н. Газета и дизайн. Тюмень. 1994.
- 4 Кирсанов Д. Веб-дизайн. СПб, 1999. 364 с.
- 5 Harrower T. The newspaper designers handbook USA.1992. 180 p.

FTAMP 15.41.59

СУИЦИДТІК ЖҮРІС-ТҰРЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.А. Бекхожина, Ш.С. Карипжанова

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

Мақала суицид мәселесіне арналған. Онда суицид түсінігі түрлі авторлар көзқарасы тұрғысынан қарастырылды. Зерттеу барысында суицидтік жүріс-тұрыс ерекшеліктері кеңінен көрсетілген. Суицидтік жүріс – тұрыстың құрылымы, формалары нақтыланған. Өзін-өзі өлтіру белгілері, оның түрлері айқындалып, жастық ерекшеліктері бойынша сипатталады.

Түйін сөздер: суицид, суицидтік жүріс – тұрыс, суицидтік мінез-құлық, суицидтік талпыныс, өзің-өзі өлтіру тәсілдері, жастық ерекшелік.

Қазір әлемнің барлық елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да суицид мәселесі маңызды орын алуда. Себебі бұл адам санын азайтатындықтан, мемлекетті моральдық және экономикалық жағынан шығынға ұшыратып отыр [1].

Суицид (ағылш. suicide – өзін-өзі өлтіру) – жан жүйесі қатты күйзелген күйде не психикалық аурудың салдарынан адамның өзін-өзі қол жұмсау өлтіру әрекеті; психикасын жаралайтын қиын жағдаяттардың ықпалымен өмірден өтудің ұғынылған түрдегі актісі; мұндайда адамның өз өмірі ең қымбат құндылық мәнін жоғалтады. [2, 507].

Суицид деген термин XVII ғасырда пайда болған, бірақ XVIII ғасырдың ортасына дейін бұл ұғым қоғамда кеңінен пайдаланылған емес. Тек XX ғасырдың басында адамдардың өз-өзіне қол жұмсауының етек алуына байланысты ғылымда «суицидология» атты дербес зерттеу саласы қалыптасты.

ДДҰ өзін-өзі өлтіру көрсеткіші бойынша әлем елдерін жоғары, орта, төмен деп үш топқа бөледі. 100 мың адамға шаққанда өлім көрсеткіші жылына 20 адамнан асса, жоғары, 10-20 адам аралығында болса, орта, 10 адамнан аспаса, төмен болып есептеледі. Ұйымның деректеріне сенсек, 100 мың адамға шаққанда әлемдегі ең көп суицидтік жағдай Латвияда тіркеліп отыр – 96-99 адам. Одан кейінгі Венгрияда – 88 адам. Ал Қазақстанда – 53 адам [1].

Суицидтік жүріс-тұрыс – өзін өмірден айыруға негізделген және тұлғалық дағдарыстың өсуіне ықпал ететін, құрал ретінде тұлғаның тұлғалық қажетілігін қанағаттандыру жолында бөгет

кездесуден пайда болатын адамның әр түрлі формадағы белсенділігі. Суицидтік жүріс – тұрыс ішкі және сыртқы формаға ие.

Ішкі форма:

- антивиталды көрініс (яғни, өмірлік құндылықтың болмауы жайлы ойлау);
- жағымсыз суицидтік ойлар (өзін өлтіруге деген нақты ниетсіз өзінің өлімі жайлы көрініс: «өлсе, жақсы болар еді» және т.б.);

- суицидтік ойлар;
- суицидтік ниет;

Сыртқы форма:

- суицидтік пікір айту;
- суицидтік талпыныс;
- аяқталған суицид [3, 165].

Суицидтік ойлау – суицидтің көрінудің анағұрлым белсенді формасы, суицидке деген беталыс жоспар құру кезінде өседі: тәсілдерді ойластыру, уақыт және суицид орны. Суицидтік ниет – ойға жігер компоненті қосылса пайда болады – шешімділік, сыртқы жүріс – тұрысқа тікелей дайындықтың ауысуы. Суицидтік талпыныс – өліммен аяқталмайтын мақсатты түрде өзін өмірден айыру. Ол, қайтымды және қайтпас болады. Аяқталған суицид – қазамен аяқталған әрекет.

Суицидтік ой туғаннан, талпынысқа дейінгі өту пресуицидтан суицидке дейін деп аталады. Оның ұзақтығы минуттарға (өткір пресуицид) және айларға созылған (созылмалы пресуицид). Егер пресуицид әрі қарай жалғасатын болса, ішкі суицидтік механикалық формасы жоғары этапқа көшеді. Өткір суицидта жалғасу аңғарылмайды және бірден суицидтік ойлау мен талпынысты бақылауға болады [4, 144 б.].

Пресуицид 2 фазадан тұрады:

1. Предиспозициялық фаза адамның тым жоғары белсенділігімен сипатталады («тіректер нүктелері» ізденіс кезеңі), бірақ бұл белсенділік суицидтік әрекетті орындаумен жалғастырылмайды. Сонымен қатар, жағдайдың жақсаруының жойылуын, оның шешілмеуі туралы ойды бекітеді. Суицидент өмір сүруге деген және шамамен өмір сүру құлшынысы болмайды, бірақ, суицидтік ой қорғаныш механизмін қоршайды. Сонымен қатар, адамға көмектесу мүмкіндігі, оны тығырықтан шығару сақталады.

2. Негізінен суицидтік фаза суицидент дағдарыстан шығу жолын, қолдау таппаса пайда болады және өз өміріне қастандық жасағанға дейін жалғасады. Бұл деңгейде терең дезадаптация жүреді, адамда суицидтік ой пайда болады, кейін суицидтік тәсілдер ойластырылады. Бұл деңгейде психолог және педагог күші жеткілісіз, яғни, аз эффективті. Дәрігер – психиатрдың араласуын қажет етеді [3, 171 б.].

Суицидтік жүріс – тұрыстың құрылымы:

- элеуметтік – жағдай факторлары;
- Тұлғалық фактор;
- Конфликт;
- Элеуметтік – психологиялық дезадаптация;
- Құндылықтар орналасуының күйлері (өмір мәнін жоғалту);
- Арандату факторы;
- Мотивациялық дайындық;
- Сыртқы факторды орналастыратын;
- Пресуицид;
- Суицид.

Жылжымалы суицидтің 3 негізгі белгісі бар:

- жасырын ашу, ашуды басқа сезім ретінде көрсетіп жасырады, ол іште бағытталған, көмілген, бірақ оны алмастыруға болады; ауыр жоғалту; жағдай жақсарылмайды, ешкім көмектесе алмайды, ешқандай үміт жоқ;
- адам дәрменсіздік сезімімен ұсталған;
- өмірден кету, оның шекті маңыздылық күшіне орай, жақсысы, кей уақытқа соңына қалдыру, бәрін дұрыс ойға салу және т.б. [5, 108 б.].

Суицид тәсілі – әр түрлі дәстүрмен түрленеді. Асылып өлу – суицид әдісінің әлемдегі көшбасшысы. АҚШ – та 60 %, барлық суицид түрі атқыш қару арқылы жүзеге асырылады. Канадада, қаруға ие болу мүмкіндігі аз болғандықтан, оның қолдануымен 30 % суицид болады. Улану, яғни дәріні шамадан тыс ішу арқылы, мысалға, АҚШ-та 18 % суицидте кездеседі. Зерттеушілер болжамы бойынша, жол апатындағы жалғыз адам өлімі – суицид. Тек 15 %-25 % адам, өзіне қол жұмсауда қоштасу хатын жазып қалдырады [3, 172].

Суицид 3 негізгі топқа бөлінеді: шынайы, демонстралды және жасырын .

Шынайы суицид – кенеттен емес, өз қалауымен болады, алайда, кей кезде кенеттен сияқты көрінеді, бұндай суицидке үнемі көңіл–күй төмендігі, депрессиялық күй немесе жай өмірден кету туралы оймен болады, шынайы суицидтің басқа ерекшелігі өмір мәнісі туралы ойлау және уайымдау болып табылады.

Демонстралды суицид өлімді қалауымен байланыспайды, ол өзіне көңіл аудару, көмекке шақыру, біреумен сөйлесу тәсілі. Ол бопсалау ретінде болуы мүмкін. Өлімге әкелу бұл жағдайда абайсызда болады.

Жасырын суицид (тұрлаусыз түрі) – суицид анықталуына қатар түрде келмейтін суицид түрі, бірақ сол бағыт пен нәтижеге ие. Бұл қиын, үлкен деңгейде өлім жағдайына әкеледі. Жоғары деңгейде бұл жүріс-тұрыс тәуелге бел буу. Өмірден кетуге қарағанда өліммен ойнауға мақсатталған. Ондай адамдар «өз қалауларымен» ашық түрін басқаша суицид мерзімді мінез-құлық. Ол және автокөлік жүру және экстрималды спорт түрі. Немесе қауіпті бизнеспен айналысуға тәуелкеге бару және өздігімен қауіпті жерлерге саяхаттау және ауыр есірткі қолдану, өзін жекелеу. Осыған орай танатолог Э. Шнейдман тұлғаның екі мінезін айырады: суицидтік және лотальдық. Суицидке деген индивидуальды тәуекелді білдіреді. Лотальдық адамның өзіне деген қауіптілік деңгейімен байланысып, оның қатысуына байланысады.

Суицидтік жүріс-тұрыстың классификациялық түрлері сан түрлі шынайылықты қарастырумен бейнеленеді. А.Г. Амбрумова көрсетеді: өзін-өзі өлтіру-шынайы суицид, сонымен қатар өзін-өзі өлтіру талпынысы-аяқталмаған суицид. Брукбенк суицидті әдейі өзін-өзі өлтіру және әдейі өзін-өзі өлтіру өлімсіз аяқталатын парасуицид туралы айтады. А.Е.Личко пікірінше, жас өспірімдердің суицидтік жүріс-тұрысы демонстративті аффектілі және шынайы болады. Е.Шир бойынша: алдын-ала ойластырылған суицидтік жүріс-тұрыс жеңе алмайтын, амбивалентті, импульсивті және демонстралды.

Э.Дюркгейм өзін-өзі өлтіру түрлерін тұлғаның әлеуметтік ерекшеліктерінің тәуелділігіне қарай біледі. «Анемикалық» өзін-өзі өлтіру тұлға мен оны қоршаған ортамен ауыр келіспеушіліктерінің нәтижесінде болады. «Фаталистикалық» өзін-өзі өлтіру жеке трагедиялар жағдайында болады, мысалы, жақын адамнан айырылу, жұмыс істеу қабілетінен айырылу, бақытсыз махаббат. «Альтуристикалық» суицид біреу үшін жасалады немесе жоғары мақсат үшін жасалады. «Эгоистикалық» суицид ризашылық ету жағдайдан-даулардан, қолайсыз талаптан. В.А.Тихоненко қалауымен жасалған өлім деңгейін есепке ала отырып суицидтік талпынысты жүріс-тұрыс түрлерімен байланыстырды. Біріншіден, демонстралды өлу мақсатындағы демонстралды-бопсалау суицидтік жүріс-тұрысы ажыратады. Екіншіден, өлімге мүлде бағытталмаған және тек бір органның жарақатталуымен шектелетін өзін-өзі жарақаттау немесе мүшеге зиян келтіру туралы айтады. Үшіншіден, мұндай жүріс-тұрыс қайғылы жағдай нәтижесі болуы мүмкін [6, 261 б.].

Суицидтік мінез-құлық ерекшелігіне жас әсер етеді. Кіші жасындағы суицид мінез-құлықындағы жағдайлы жеке реакциямен, яғни өлуді қалаумен емес, стресстік жағдайдан немесе жазалаудан қашумен бейнеленеді. Зерттеушілердің көбі 13 жасқа дейінгі суицид мінез-құлығы сирек құбылыс, тек 14-15 жаста суицид өлтіру белсендігі күрт өседі, 16-19 шегіне жете отырады.

Көп авторлардың пікірінше, өлім концепциясы балаларда 11-14 жаста орынды, бала шынайылықты және қайтпас өмірді түсіне алады. Кішкентай бала өмір мен өлімді түсінігін өзара нашар айырып, өлім туралы қиялдайды. Тек жасөспірім жасына жақындай келе өлім шынайы құбылыс ретінде қабылдана бастайды, алайда аз негізділі болады.«Суицид және суицидтік жүріс-тұрыс» терминдері қатаң түрде ерте жасқа аз тиімділі.

Ересек жастағы жалғыздық, кәсіби іс-әрекеттің аяқталуы, мүмкіндікті жоғалту, отбасы және достардан алшақтау және т.б. маңызды әлеуметтік психологиялық мәселелермен қақтығысады. Ересек адамдарда депрессия шаршаумен, фатальдық және дәрменсіздікпен сипатталады. Дәрменсіздік өлімді қалау кезінде пайда болады. Ересек жас анағұрлым суицидтік жүріс-тұрысқа душар болған

Суицидтке бейім адамдар өмірден күндізгі уақыт аралығына қарағанда, түнгі уақытта кетеді. Нақтырақ, түн ортасы мен таңғы сағат 4 аралығында орын алады. Американдық зерттеушілер кейбір өзін-өзі өлтіру әрекеті ұйқысыздық пен түнгі қорқынышты түстер әсері деп санайды. Дегенмен, зерттеулер нәтижесі тек ұйқысыздық пен түнгі қорқынышты түстер себебінен емес, сонымен түнгі уақыттағы мызғу да суицидтке деген ойға әкелуі мүмкін екенін көрсетті.

Суицидтік жүріс-тұрыс ерекшелігіне жас әсер етеді. Мысалы, жасөспірімдік немесе қарттылық басталуы сияқты өмірлік дағдарыс кезеңі суицидтке дайындықтың өсуімен бейнеленеді.

Кіші жасындағы суицид жүріс-тұрысындағы жағдайлы жеке реакциямен, яғни өлуді қалаумен емес, стресстік жағдайдан немесе жазалаудан қашумен бейнеленеді. Зерттеушілердің көбі 13 жасқа

дейінгі суицид жүріс-тұрыс-сирек құбылыс, тек 14-15 жаста суицид өлтіру белсендігі күрт өседі, 16-19 шегі жете отырады.

А.Г.Амбрумова зерттеулері бойынша суицид жүріс-тұрысында кездесетін 770 бала және жасөспірімдер арасындағы ең жасы 7 жастағы бала. Көп мөлшерлін қыз балалар құрады (80,6%). Қыздардың қол жұмсау тәсілі-ұмыту, ұлдарда-тамыр кесу және асылу.

Көп авторлардың пікірінше, өлім концепциясы балаларда 11-14 жаста орынды, бала шынайылықты және қайтпас өмірді түсіне алады. Кішкентай бала өмір мен өлімді түсінігін өзара нашар айырып, өлім туралы қиялдайды. Тек жасөспірім жасына жақындай келе өлім шынайы құбылыс ретінде қабылдана бастайды, алайда аз негізділі болады. «Суицид және суицидтік жүріс-тұрыс» терминдері қатаң түрде ерте жасқа аз тиімділі.

Балалардың өз жүріс-тұрыс себебін түсіндіруі аса маңызды емес және өтпелі болып көрінеді. Балалар үшін жалпы әсерлену, сенгіштік, өз жүріс- тұрысына деген төменгі сынауы, көңіл күй ауытқуы, қызбалық, жарық сезіну қабілеті және уайым тән.

Кіші жастағы суицид ашумен, қорқынышпен, өзін немесе басқаларды жазалау қалауымен пайда болады.

Суицидтік жүріс-тұрыс басқа жүріс-тұрыс мәселелерімен үйлеседі, мысалы, сабақты босату немесе даулар.

Суицидтік жүріс-тұрыстың тууына сонымен қатар мазасыздандыру және депрессивті күй әсер етеді. Балалардың депрессиясына мынадай сипат тән: қайғы, әлсіздік, ұйқы мен тәбеттің бұзылуы, салмақтың түсуі және соматикалық шағым, сәтсіздік қорқынышы және оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі, өзін толыққандылы сезінбеу немесе бетін қайтару, шектен тыс өзін сынау, тұйықтық, уайымшылдық, агрессиялық және фрустрацияға деген төмен тұрақтылық.

Басқаша суицидтік жүріс-тұрыс бейнесін жасөспірімдік жаста байқаймыз. Жасөспірімдер суицид талпынысы кіші жастағы балаларға қарағанда анағұрлым басымырақ, әрі оның аз саны өз мақсатына жетеді. Барлық суицид әрекетінде жасөспірімдердің аяқталған суициді 1%-дан аспайды. Суицидтік жүріс-тұрыс бұл жаста демонстралды, сонымен қатар бопсалау мінезгіне ие. А.Е.Личко бойынша, жасөспірімдерін тек 10% шынайы өзіне қол жұмсауды қалады, 90% көмек сұрау айқайы. Алмазов өзін кескен 14-18 жастағы жасөспірім тобын қарастырып, олардың тек 4% өзін кесу барысында суицидтік мазмұн ойыны ие болғаның бекітті. Шектен шығудың көбісі қатарластармен ұрыс жағдайынан кейін, сонымен қатар батырсыну «батырласу» салт ретінде жасалды. А.Е. Личко, А.А. Александров 14-18 жас аралығындағы жасөспірімдердегі сынық зерттеуден өткізіп, суицид мінезі 49% аффект жағдайында және ол балалардың осы жаста өте сезімтал болатындығына байланысты жиі кездеседі деген тұжырымға келді. Психикалық өзгерістердің біршама артуы байқалады, мыласы, депрессия. «Балалар депрессия белгілеріне әрбір ұсақ-түйекке мән берушілік зерігу мен шаршағандық сезімдері, айтқанды тыңдамау мен айқай- шу, жанжал көтеруге дайын тұру, ішімдік пен есірткіні пайдалану жатады.

Л.Я.Жезлованың пікірінше пубертантты жасқа дейін «отбасылық» мәселе, ал пубертантты жаста – «сексуалды» және «махаббат» мәселе пайда болады .

14 жастан кейін суицидтік жүріс-тұрыс шамамен ұл және қыздарда бірдей көрінеді. Ерте жаста суицидтік жүріс-тұрыс интинді-жеке қарым қатынаспен байланысты, мысалы бақытсыз махаббат. Жас топ адамдар депрессияға ұшырайды. Депрессия деңгейі маңызды суицидтік қауіп нәтижелі болып есептеледі. Зерттеу нәтижесі бойынша аяқталған суицид 40-65 жас арасында анағұрлым көп болады. Суицид деңгейі ерлер арасында жоғары. Қалыпты ересек жастағы стрессорлар ажырасу мәселесі, жақын адамды жоғалту, жұмыстан шығу, қаражат дағдарысы, отбасы өлімі болып табылады.

Проблемалық несиелер портфелінің деңгейі дегеніміз портфельдегі қандай да бір белгілері бойынша топтастырылған проблемалық несиелер, және осы портфельдерге қатысты басқарудың бірыңғай әдістерінің қолданылуы. Жеке-жеке проблемалық несиелерді басқару деңгейінде сот тәртібімен немесе сотқа дейінгі тәртіппен өндіріп алу кезінде пайда болған немесе пайда болуы мүмкін ықтимал шығындардың реттелуін жүзеге асыру ұсынылады. Проблемалық несиелер пртфелінің басқару деңгейінің жеке қарастырылуы біршама жасанды сияқты болып көрінгенімен, проблемалық несиелерді басқару жүйесінің ұсынылып отырған қағидаты қисынды деп қарастырылады. Автордың өзі мойындағанындай, басқарудың бұл деңгейінің мүмкіндігі өте шектеулі, өте төмен. Біздің ойымызша, қандай да бір басқару әдістерін проблемалық несиелер портфелінің деңгейіне көшіру де тек шартты әрекет қана, өйткені бұл шаралардың басым көпшілігі банктің несиелік портфелі мен несиелік саясаты деңгейінде немесе жеке-жеке реттеу тәртібімен қолданылуы тиіс. Проблемалық несиелер пртфелінің басқару деңгейінің жеке деңгей ретінде қарастырылуы, біздің ойымызша, жеке несиелер портфелін басқару кезінде ғана тиімді, оның өзінде де банк проблемалық портфельдің бір бөлігін коллекторлық агенттіктерге сату немесе проблемалық несиелердің белгілі бір тобын секьюриттеу туралы шешім қабылдаған кездерде ғана тиімді болмақ. Ал, мәселе корпоративтік клиенттерге қатысты болса, мұндай деңгейдің құрамдас бөліктері тұтастай алғандағы несиелік портфельдің деңгейінде қабылданатын шаралар (ықтимал шығындарды жабуға арналған шығындар нормасы, белгілі бір сапа санатындағы несиелерге арналған баға саясаты, қаржы жағдайын бағалау және бақылау тәртібі) мен жеке несиелерге қатысты қолданылатын шаралардың (қайта құрылымдау шарттары, актив цессиясы туралы шешім қабылдау және т.с.с.) арасында бөлшектеніп, шашырап кетеді. Осыған байланысты, біздің пікіріміз бойынша, проблемалық несиелерді басқару жүйесін құру кезінде басқарудың екі деңгейі туралы сөз еткеніміз дұрыс деп есептейміз – портфель деңгейінде және жеке несиелер деңгейінде.

Проблемалық несиелерді басқару жүйесін құру үшін, сонымен қатар, несиелік портфель бойынша шығындарды барынша азайту үшін банктің тарапынан қолданылатын әдістер кешені айқындалуы қажет. Тұтас алғанда, проблемалдық несиелерді басқару кезінде банк қолданатын әдістерді үш топқа бөлуге болады:

- проблемалық несие тәуекелін бағалау әдістері;
- қарыз алушымен және үшінші тараптармен өзара әрекеттестік;
- ықтимал шығындарды жабуға арналған резервтерді қалыптастыру.

Ұсынылып отырған топтастыру 1 суретте көрсетілген.



1 сурет. Проблемалық несиелерді басқару әдістерінің топтастырылуы

Осы топтардың мағынасын толығырақ ашып көрейік. Проблемалық несиені басқару саласындағы банкішілік жұмыстар дегеніміз проблемалық несиеге қатысты банк тарапынан жүргізілетін ақпарат жинақтау, қолда бар мәліметтерді талдау және талданып отырған несиенің қайтарылу болжамын жасау жұмыстары, сонымен қатар қолданылатын басқару стратегиясын таңдау мақсатында қолданылатын рәсімдер кешені деп түсіну керек.

Банкішілік жұмыс әдістерінің қатарына қарыз алушының несиелер қабілеттілігін талдауды, оның бизнес-жоспарын бағалауды, қарыз алушының есеп-шоты бойынша айналымдардың ахуалын талдауды, сонымен қатар қарыз алушының жасырын өзара байланыстарын анықтау мақсатында, қарыз алушының саласындағы ахуал мен оның келешегін бағалауды, үлестес құрылымдардың қызметін талдауды және т.б. жатқызуға болады. Бұл жұмыстар банктің түгелдей несиелер портфелін жүйелі түрде қамтуы тиіс, ал проблемалық несиелерге келетін болсақ, проблемалық туралы алғашқы белгі немесе хабар келіп түскен сәттен бастап аталған жұмыстар бірінші кезекті және тереңдетілген сипат алуы тиіс.

Осы аталған әдістермен қоса, қарыз алушымен өзара әрекеттестікті қажет ететін шараларға көшпес бұрын, банк өзінің қолында бар мәліметтерге сүйене отырып, нақты проблемалық несиеге қатысты ықтимал стратегиялар мен басқару әдістерінің тиімділігіне алдын-ала бағалауды жүргізуі тиіс. Қарыз алушының осы үдеріске тартылған басқа да тараптармен өзара әрекеттестігінің нәтижесінде проблемалық несиені басқару стратегиясының түпкілікті нұсқасы анықталып, іске асырылады. Мұндай өзара әрекеттестік әдістері проблемалық несиенің санатына байланысты. Мысалы, ерте бастан алдын алу тобына жататын проблемалық несиелердің санаты мен белсенді қарыз алушының проблемалық несиелері үшін дабыл белгісі келіп түскен жағдайдағы бірінші кезекті шаралардың бірі – туындаған ахуалды талқылау және компанияның алдағы уақыттағы жоспарын анықтау үшін қарыз алушы-компанияның басшысымен кездесу өткізу болып табылады. Бұл ретте қарыз алушыға банктің стратегиялық әріптестікті көздейтінін және екі тарапқа да тиімді шешімдер қабылдау мақсатындағы келіссөздер мен оңтайлы шешімдер табуға дайын екендігін түсіндіру өте маңызды. Қарыз алушымен өзара әрекеттестіктің нәтижесінде, сонымен қатар, қарызды қайта құрылымдау мен қайта қаржыландыру өлшемдері анықталуы мүмкін, несиелік шартына қосымша жағдайлар енгізілуі мүмкін, сот арқылы талап ету сатысында тараптар бейбіт келісімге келуі мүмкін, несиелер бойынша банк қосымша қамтамасыз етулер алуы мүмкін және т.с.с. .

Жүргізілген талдаулар несиенің қайтарылуы тұрғысындағы теріс болжамдарды растайтын болса немесе қарызды қайта құрылымдаудың қолжетімді әдістерінің тиімділігі күмәнді болса,

сонымен қатар, қарыз алушымен жүргізіліп жатқан келіссөз үдерісі тиімсіз болған жағдайларда банк басқа да субъектілермен өзара әрекеттестікті талап ететін әдістерді қолдануға көшеді. Мұндай әдістердің қатарына проблемалық, коллекторлық агенттіктерге беру, сонымен қатар несиенің қайтарылу мәселесі бойынша сотқа жүгіну сияқты әралуан нұсқаларды жатқызуға болады [2].

Үдеріске тартылған тараптармен өзара әрекеттестікті талап ететін әдістердің басты айырмашылығы олардың тиімділігінің ықтималдылық сипаты болып табылады, өйткені, тиімділік тек банктің әрекеттеріне ғана емес, контрагенттердің ықпалына да байланысты. Міне, сондықтан да проблемалық несиелерге қатысты қандай да бір келіссөздерді бастамас бұрын, банк барынша толық мәлімет жинап, өз ұстанымын нақтылап, оңтайлы нұсқадан қаншалықты ауытқу болатынын анықтап алу үшін банкішілік шараларды барынша толық орындауы тиіс. Қорытындылай келе, қандайда банктің болмасын тұрақты экономикалық дамуы – несиелік қоржынның сапасымен анықталады. Еліміздің өндірістік потенциалын қалыптастыру, ұдайы өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ету, жалпы алда тұрған әлеуметтік – экономикалық жоспарларды іске асыруда несиелік жүйесіз мүмкін емес. Сондықтан біріншіден, қазіргі кезеңде несиелік басқаруды жетілдіру арқылы, проблемалық несиелердің үлесін төмендетуге, екінші жағынан, проблемалық несиелер басқармасы немесе жұмыс жасау бөлімінің қызметін ұйымдастыруды дұрыс жолға қою қажет деп санаймынылуы қажет [3].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Нурсибалиева А.К., Өмір А.Ж. «Екінші деңгейдегі банктердің проблемалық несиелері: ағымдық жағдайы, басқару мәселелері және оларды шешу бағыттары», *Транзитная Экономика* №4 (104)2015 17 бет

2 Лыкова Н.М. Развитие методов управления проблемными кредитами в коммерческом банке. Автореферат. Москва -2013. С 14-15 [Электрон.ресурс]. <http://www.dslib.net/search/> (дата обращения:21.03.2020).

3 Рахимжанова К.К., Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейлі банктердің проблемалық несиелері және олармен жұмыс. Сборник трудов .Международной научно – практической конференции, посвященной 25 – летию национальной валюты Республики Казахстан «Модернизация Экономики Казахстана – фактор стабильности финансовой системы государство и национальной валюты». Евразийский национальный университет им Л.Н. Гумилева, 2018 г. 173-176 стр.

ГРНТИ 06.39.02

ЭФФЕКТИВНЫЕ КОММУНИКАЦИИ ПРОЕКТА

А.А. Бейсембаев

Магистрант, Международный университет информационных технологий, г. Алматы

Целью данной статьи является рассмотрение некоторых распространенных ошибок, связанных с коммуникациями в рамках проекта и как их избежать. Коммуникация в проектах является решающим фактором успеха проекта. Часто проектные команды забывают некоторые основные правила коммуницирования со стейкхолдерами. Существуют несколько распространенных причины сбоев коммуникации. К счастью, есть простые вещи, которые проектные команды могут сделать, чтобы уменьшить вероятность недопонимания. В результате выявлено что проблемы коммуникаций в проектах вызваны многими факторами, команда проекта во главе с руководителем проекта конечном итоге несет ответственность для обеспечения успешного обмена информации в рамках проекта. Эффективное коммуницирование в целом приведет к лучшим результатам и, следовательно, вероятность общего успеха проекта возрастает.

Ключевые слова: управление проектами, коммуникации проекта, эффективность команды, команда проекта, командные роли, психологические особенности личности, проблемы в коммуникациях.

Коммуникация - это процесс получения всей необходимой информации, ее интерпретации и эффективного распространения лицам, которые могут в ней нуждаться. Обмен информацией имеет жизненно важное значение для всех кто участвует и находится под влиянием проектов. Боуэн и Эдвард определяют информацию как «данные, которые были обработаны и представлены в формате, который придает им смысл».

Руководители проекта призваны обеспечить готовность работников представить на службу проекту все свои знания и умения. Коммуникации ключевой процесс который составляет основу управления проектом. Навык ведения переговоров крайне необходим руководителю проекта, ни один руководитель не должен пытаться управлять проектом без овладения этими навыками. Понимая что мешает успеху команда проекта может эффективно внедрять методы которые могут способствовать достижения успеха в коммуникации для всех заинтересованных сторон.

Коммуникация настолько важна для успеха проекта, что ее называют источником жизненной силы проекта. Члены команды проекта должны сотрудничать, делиться, сопоставлять и интегрировать информацию и знания для реализации целей проекта. Поэтому необходимо понимать процесс коммуникаций. На самом базовом уровне связь состоит из трех компонентов: передатчик / отправитель, передача канал / среда и приемник. Четвертый компонент - средство коммуникации - это код, в котором сообщение передается. Сообщение высылается от отправителя, кодирует сообщение через канал / носитель передачи устным или невербальным способом получателю, который декодирует сообщение.

Для обеспечения эффективной коммуникации все компоненты должны функционировать исправно, чтобы избежать недопонимания. Отправитель отправная точка цикла общения и имеет цель для общения. Причина общения в Управление проектом может быть запрос информации, отправка информации, задавать вопросы, давать инструкции, построение команд или создание сетей. Успех коммуникации в основном зависит от способности отправителя говорить, писать, и грамотно рассуждать.

Многие авторы согласны с фундаментальной ролью обратной связи в коммуникации. Там где обратная связь отсутствует, задерживается или не ожидается в ближайшее время, необходимы вмешательства для улучшения коммуникации. В их реализации, коммуникаторы должны постоянно отслеживать и анализировать успешность своего общения процессы и системы с целью формирования основы для оценки. Получатель сообщения должен, следовательно, подтвердить понимание сообщения, потому что без понимания, коммуникация не может быть эффективным. Это также применимо и к строительным проектам.

Поэтому неэффективная коммуникация может также привести к недоразумению в отношении строительных проектов. Неадекватно определенные задачи и критические процессы, неопределенность в отношении обязанностей, сферы или целей проекта могут привести к провалу строительных проектов. Управление проектом требует постоянных продаж и перепродажа идей, объяснение масштабов и методологий проекта для различных групп людей (общественности, управление, функциональные отделы и другие заинтересованные стороны), угрозы или переговоры с поставщиками услуг и поставщики или ведение переговоров по урегулированию споров или межличностных конфликтов между членами проектной команды или другими заинтересованные стороны.

Чтобы понять требования плана коммуникации проекта, необходимо знать две потребности: необходимость понять, что проект потребует от его системы связи и необходимость знать, что Методы коммуникации и стили коммуникации могут быть использованы для эффективного удовлетворения этих требований.

Ряд ошибок, которые могут быть допущены в коммуникациях проекта, безгранична. Слишком часто неудачная коммуникация по проекту происходит из-за того, что проектная команда упирается в обновления информации и ожидания участников проекта во внешнем, одностороннем порядке. Такой способ коммуникации не обеспечивает ни проектной группе, ни стейкхолдерам полного понимания проблем и задач в рамках проекта. Без полного механизма

обратной связи проблемы и проблемы проекта вряд ли будут раскрыты и могут привести к неожиданным и трудным для управления осложнениям. Было бы невозможно выделить и описать каждый тип проблемы связи или упущения, с которыми может столкнуться проектная группа при выполнении проекта. Тем не менее, есть несколько общих тем, которые вы найдете повторяющиеся ссылки в литературе по управлению проектами. Если проектная группа знает об этих проблемах на протяжении всего жизненного цикла проекта и активно пытается решать их, то проект с меньшей вероятностью пострадает от неудач.

Далее в произвольном виде представлены данные темы.

Не различать потребности стейкхолдеров. В большинстве проектов, маловероятно, что все заинтересованные стороны проекта будут представлять собой монолитную группу. Различные группы заинтересованных сторон будут иметь различные интересы и уровни участия в проекте. Следовательно, проектная группа должна рассмотреть, какие способы и формы коммуникации будут наиболее эффективными с этими различными группами, а затем разработать коммуникационные стратегии, охватывающие все эти группы.

Ошибочные предположения. Группа заинтересованных сторон редко имеет тот же уровень или тип взаимодействия с проектом, что и проектная группа. Из-за этого проектная группа должна быть внимательна, чтобы их сообщения не предполагали слишком много или слишком мало для других. Например, типичный конечный пользователь будет иметь значительно иной тип или уровень технической компетенции, чем проектная группа. Конечные пользователи могут обладать богатым конструктивным пониманием своих текущих рабочих процессов или глубокими теоретическими знаниями о том, как может функционировать идеальный рабочий процесс, но все же могут не понимать возможностей, которые может предоставить новая система. Именно проектная группа несет ответственность за преодоление этого разрыва, чтобы обеспечить успех проекта.

Не осознавая, как коммуникационные потребности меняются с течением времени. По мере выполнения проекта, различные стейкхолдеры должны быть в курсе того, что происходит, как продвигаются дела и как проект влияет на них. Хотя, безусловно, целесообразно провести первое заседание, на котором различные детали проекта на высоком уровне сообщаются между группами заинтересованных сторон, фактические сроки участия групп почти всегда будут варьироваться в течение проекта.

Предположение, что все участники помнят то, что обсуждалось на встрече месяцы, а может быть и годы назад, ошибочно. Когда вовлеченность стейкхолдеров изменяется во времени проекта, проектная группа должна рассмотреть вопрос о сроках коммуникации с ними. Кроме того, на различных этапах осуществления проекта требования к коммуникациям в рамках проекта будут меняться.

Стратегия совершенствования проектной коммуникации. Успешная проектная коммуникация возможна только тогда, когда вся проектная команда эффективно взаимодействует. Даже если руководитель проекта является координационным центром, через который осуществляется коммуникация, члены команды также должны быть эффективными в своем взаимодействии с заинтересованными сторонами. Чтобы обеспечить это, вся команда должна понимать цели, задачи, результаты и преимущества проекта. То есть видение проекта должно быть ясным и четко изложено как внутри страны, так и за ее пределами. Также учтите, что эффективная коммуникация должна осуществляться творчески, если вы хотите охватить широкую аудиторию. Сухая презентация PowerPoint, нагруженная текстом, не будет привлекать много, если таковые имеются, людей.

Максимально используя нетекстовые средства коммуникации, т. е. диаграммы, графики, таблицы, рисунки и диаграммы, проектная группа может обратиться ко многим различным стилям обработки информации. Предоставляя привлекательные визуальные эффекты, которые облегчают бремя забивания через текст, проектная группа может продемонстрировать заинтересованным сторонам, что они понимают потребности заинтересованных сторон. Детализация нюансов хороша, но только для конкретных групп, которым нужно знать эту деталь.

Коммуникация по определенным шаблонам: данная стратегия улучшения коммуникации. Каждая проектная группа должна иметь механизмы для передачи проектной информации и деталей людям, которые должны знать. Эти механизмы не должны казаться случайными. Установление моделей коммуникации с самого начала проекта поможет проектной группе лучше обеспечивать хорошую коммуникацию между всеми группами на протяжении всего проекта.

Общим механизмом, используемым для содействия этому, являются регулярные совещания. Проведение совещаний на регулярной основе, независимо от продолжительности или очередности проведения совещаний, создает последовательный механизм для обеспечения постоянного участия и обновления всех участвующих сторон.

Однако заседания должны быть сосредоточены на практических вопросах или решениях, которые необходимо принять, а не на докладах о ходе работы, которые являются нежелательны для взаимодействия. Доклады о состоянии дел могут и должны распространяться до проведения очного совещания, с тем чтобы совещание могло сосредоточиться на особых ситуациях, а не на повседневных вопросах. То есть обсуждение должно ограничиваться теми вопросами, которые либо препятствуют прогрессу проекта, либо ставят его на более ранние сроки. Наиболее эффективные совещания ограничиваются обсуждением вопросов особого характера, а также определением мер и подотчетности за них. Подводя итог, имейте в виду, что активные методы коммуникации, такие как личные встречи, видеоконференции, телефонные звонки и презентации, обычно более привлекательны, чем пассивные методы, такие как электронная почта, смс и информационные бюллетени проекта.

Пассивные методы склонны быть легко прерываемыми и менее вероятно, что они позволят получателю сосредоточить внимание на рассматриваемых темах. Тем не менее, преимущество пассивных методов заключается в том, что они могут быть доступны по запросу и, таким образом, более адаптированы к расписанию человека. Таким образом, пассивные методы, безусловно, имеют свое место в плане коммуникации проекта, но они должны использоваться в ограниченном объеме.

В заключении отметим, что эффективная коммуникация заключается в исправно функционирующих компонентах коммуникации а так же в своевременной обратной связи. Главной задачей руководителя проекта является обеспечить сглаженную работу всех участников проекта и не допускать повторения распространенных ошибок. Тем не менее если произошли проблемы в коммуникации проекта, то необходимо найти пути решения руководствуясь актуальной литературой.

Литература

- 1 Руководство к своду знаний по управлению проектом (Руководство РМВОК) 2017
- 2 Мазур И. И., Шапиро В. Д., Титов С. А. Управление проектами. Справочное пособие / под ред. И. И. Мазура и В. Д. Шапиро. — М., 2001.
- 3 Управление проектами: фундаментальный курс / Под ред.: В.М. Аньшин, О.Н. Ильяна. М., 2013, гл. 17. С. 516-547.
- 4 Bowen PA, Edwards PJ. Interpersonal communication in cost planning during the building design phase. *Construction Management and Economics*, 14(5); 1996. pp. 395-404.
- 5 Emmitt S. *Managing interdisciplinary projects: a primer for architecture, engineering and construction*. London: Spon Press; 2010.
- 6 Awati K. Obstacles to project communication. [online]. Available from: <<http://www.projectsart.co.uk/obstacles-to-projectcommunication.html>>. [Accessed 27 July 2010]; 2010.
- 7 Steyn H. (ed.). *Project management: a multi-disciplinary approach*. 2nd ed. Pretoria: FPM Pub; 2008.
- 8 Van der Walt A, Strydom JW, Marx S, Jooste CJ. (eds.). *Marketing management*. 3rd ed. Kenwyn: Juta; 1996.

9 Burke R. Introduction to project management: one small step for the project manager. [S.l.]: Burke Pub; 2007.

10 Talukhaba A, Mutunga T, Miruka CO. Indicators of effective communication models in remote projects. International Journal of Project Organization and Management, 3(2). 2011. p. 127-138.

11 Van Staden E, Marx S, Erasmus-Kritzinger L. Corporate communication: getting the message across in business. Pretoria: Van Schaik; 2002.

ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ИСКУССТВОВЕДЧЕСКИЕ НАУКИ
BRANCHES OF ART CRITICISM

АКТЕРЛІК ОЙЫНДАҒЫ ТАПТАУРЫННЫҢ БЕЙНЕ ЖАСАУҒА ӘСЕРІ

М. Дунгешов

Докторант, Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы қ.

Мақалада театр өнеріндегі таптаурындылықтың пайда болу мәселелері қарастырылды. Актерлік таптаурындар мен олардан арылу жолдарына қатысты пікірлер ортаға салынып, таптаурынның бейне жасауға тигізетін кері әсері туралы сараптама жасалды.

Түйін сөздер: актер, режиссер, спектакль, драматург, трактовка, таптаурындылық.

Біздің заманымызға дейінгі дәуірден бастау алған театр өнері адамзаттың рухани өрлеуіне ерекше ықпал етіп келеді. Адамның дүниетанымы мен эстетикалық көзқарасының қалыптасуына өнердің тигізер әсері зор. Өнер түрлерінің ішінде театр өнерінің қоғамдағы орны ерекше екендігін баршамызға жақсы мәлім. Театр – адамның ішкі дүниесін сыртқы ортамен, табиғатпен, жаратылыспен байланыстырып тұратын ерекше қасиетке ие. Онда сана мен болмыс, психофизикалық құбылыстар, философиялық-метофизикалық ой-тұжырым барлығы да бар. Демек, адам рухын, заман руханиятын өзара байланыстыратын да театр.

Театр өнерінің, әсіресе, оның сахналық тілінің, бейнелеу құралдарының, актердің сахнада өмір сүру тәсілінің өзгеріп, жаңғырып отыруы, негізінен уақыт талабынан туады. Дегенмен де, сахна өнерінде актерлік таптаурындықтың бар екенін ешкім жоққа шығармайды. Сондықтан да бұл зерттеу мақаламызда актерлік өнердегі таптаурындық қарастырылады.

Таптаурын термині орыс тіліндегі «Таптаурын» сөзінен бастау алады. «Мөр» мағынасын беретін «stampa» деген итальян сөзінен шыққан. Іс жүзінде, таптаурындар – сахнада әр жолы (әрине, дайындықтарда біржола белгіленген қисынға сай) қайталана беруі тиіс бір нәрсені (іс-әрекетті, ым-ишараны, т.б.) дағдылы, жақсы таныс нәрсемен алмастыру, яғни, «осы жерде, бүгін, қазір» жүруі әрекетті бұрын болғанмен алмастыру. Әрбір таптаурын атаулы – әлдебіреуге, әлденеге немесе өз-өзіне еліктеушілік, «...бізге қарапайым, таптаурын емес, ұсынылатын мазмұнды жағдайдың үзілмейтін жолы, артистің ішкі қиялында туған бейненің өміршеңдігін қамтамасыз ететін түрленіп ұсынылған күйі қажет» [1, 217 б.]. Актер бір жерден көрген немесе әлдебір спектакльде оның өз санасында туып, табысқа жеткен нәрсесін ертең де, одан кейін де үсті-үстіне қайталай бергісі келеді. Осылай, рольдің дәл сол тұсында, сосын тағы бір жерінде, тағысын-тағы таптаурын туындай береді. Сөйтіп, бүкіл роль таптаурындарға сүйеніп ойналып шығуы ғажап емес. Таптаурындар – бөле-жара актерлік өнерге ғана тән нәрсе емес және әсте дарынсыздықтың белгісі емес. Бұл режиссерлерде, театр суретшілерінде, костюмдер бойынша суретшілерде, спектакльді музыкалық көркемдеушілерде де болады. «Таптаурындар елеусіз түрде және өте көп мөлшерде туындайды. Сол себепті, актер дәйім мұқият болып, бір таптаурыннан арылуымен, одан біржола құтылдым деп ойламауы тиіс. Жоқ, таптаурын рольдің басқа бір тұсында пайда болады, ал, бұрынғының орнына жаңасы пайда болуы мүмкін, сөйтіп, үздіксіз жалғасып кете береді» [2, 43 б.], – деп жазған еді ұлы орыс актері Михаил Чехов. Актерлік өнер жайында сөз қозғағанда, таптаурындардың іс жүзінде әлдеқайда көптігіне қарамастан, олардың, ең кемі, төрт тобы туралы айтуға болады. Бірінші топқа басқа актерлерден қандай да бір ойын тәсілдерін, сөйлеу, жүріп-тұру, эмоцияларын жеткізу мәнерін, бейне шешімін тап солайынша көшіріп алу нәтижесінде пайда болған таптаурындарды жатқызамыз. Таптаурындардың екінші тобы – бұл актердің өзі ойнаған рольдерінің бірінде көрерменнің көңілінен шығып, қолдауына ие болған әлдебір тәсілдерді, сәтті интонацияларды, табысқа жеткен шебер амалдарды (трюктерді), іс-қылық, мінез-құлық мәнерін басқа сахналық жұмыстарына көшіретін жеке актерлік таптаурындар болып табылады. Яғни, бір мәрте сәтімен табылған таптаурын дәл сондай спектакльде, ал, көп ретте, тіпті, басқа стилистикаға тән спектакльде де, өзгеше жағдаятта, мүлде басқа мінезді кескіндеу барысында да ұдайы пайдаға асырыла бастайды. Таптаурындардың үшінші тобы – бұл ортақ актерлік таптаурындар. Ол рольдің нақты логикалық шешім, шынайы іс-әрекет, айқын ішкі монолог табыла қоймаған тұсын сыртқы әдіс-тәсілмен жасанды түрде бүркеуден көрініс табады. Бұл – актердің мазмұнға терең бойлап, бойына сіңіруінен бұрынырақ жүзеге асатын форма. Төртінші топқа, әдетте, классикалық спектакльдерді, әсіресе, былайша аталатын, костюмді пьесалар қойылымында өте кең таралған таптаурындарды жатқызуға болады. Олар – Чехов, Мольер, Гольдони және т.б. драматургтардың

пьесаларын қоюда қалыптасқан таптаурындар. Актерлік таптаурын театр энциклопедиясында «ішкі рухани мазмұннан ада, белгілі бір сезімдерді жеткізу үшін қолданылатын сыртқы актерлік тәсіл» ретінде қарастырылады. «Таптаурындар – деп атап көрсетілген әрі қарай – театрға тән түрлі бейнелеуіш-көркемдеуіш құралдарға – сахналық сөз (интонация, әсіресе, дикция), пластика, мимикаға және тағы басқаларға араласып, еніп кетеді. Таптаурын шынайы өнерге жат және қашанда кәсіпшілдіктің нәтижесі, «...нағыз өмірмен ортақ ештеңесі жоқ, сол себепті де, артистің адами табиғатын бұзатын, бұрмалайтын сахналық шарт» [3, 192 б.] болып табылады.

Кезінде театр терминологиясының тұтас жүйе ретінде қалыптасуында айтарлықтай роль атқарған осы анықтама бүгінде тиянақты түсіндірме болуға аздық етеді. Ол театр туралы ғылымда өзіндік кәсіби терминге айналған «актерлік таптаурын» ұғымын сипаттай отырып, оның мәнін толыққанды ашпайды. Іргелі анықтамалық басылымдағы осы түсіндірменің елеулі кемшіліктерінің бірі – онда таптаурын табиғатын түсіну тұрғысындағы бір ғана аспект атап өтіледі. Таптаурын өнерде аса қажетті пішін мен мазмұн бірлігінің бұзылуы нәтижесі ретінде ғана қарастырылады. Ал, осы бір күрделі һәм көпқырлы құбылыстың, маңыздылығы бір де кем емес, басқа да айырым белгілері шет қалып қояды. Мәселен, таптаурынды қалыптастырушы негіздерді түсіну үшін маңызы зор үдеріс – стереотиптікке алып келетін, алғаш туындаған кезінде бірегей, айрықша болған актерлік шығармашылық үдерісі қысқа да нұсқа тұжырым түрінде көрініс таппаған. Таптаурынды өз заманы үшін озық болған дәстүрлердің мәнін жоюдың, оларға шығармашылық тұрғысынан қарамаудың салдары ретінде бағалаушылық та анықтама аясынан тыс қалған. Бұған қоса, таптаурындарды туындататын бастауларға нұсқау нақты емес әрі қайшылыққа толы болғандықтан, қайта зерделеп, нақтылауды қажет етеді. Атап айтқанда, актерлік өнердегі таптаурындың шынайы шығармашылық үдерісімен мүлде қабыспайтындығы, актер-адамның жанды табиғатына кері ықпал ететіндігі туралы тұжырым дау туғызбайды. Алайда, таптаурындардың актерлік бейнелеуіш-көркемдеуіш құралдарының барлық түрлеріне еніп кететіндігінің себебі кәсіпшілдіктен туындайтыны туралы түйін үстірт әрі біржақты айтылып жүр.

Таптаурындар дарынсыздау актерлар мен әуесқойлардың жасанды әрекеттерінде ғана кездесіп қоймайды, сондай-ақ, жанды адами сезімдер мен құштарлықтар өнерін уағыздап, насихаттайтын көрнекті сахна шеберлерінің шығармашылығынан да орын алады. Демек, осы кәсіптің қандай да бір факторлардың әсерімен орындаушының еркінен тыс сахналық бейне туғызып, тұлғаландыру үдерісіне еніп кететін жекелеген элементтері туралы ғана сөз болуы мүмкін. Алайда, бұлай қарастырушылық та мәселенің мәнін жете ашпайды. «Кәсіпшілдік» терминінің өзі де бүгінде, біздің көзқарасымызша, театр ісінің қазіргі жай-күйі тұрғысынан түсіндіруді талап етеді. Кәсіпқой актерлердің таптаурындылыққа негізделген тіл мәдениеті жайында К.С.Станиславский: «Кәсіпқойлық өнер әркімнің жасы-құлқына орай таптаурынға түскен тіл ерекшеліктерін де туғызды. Мәселен, бозбас жастар, әсіресе, аңғал бойжеткендер мен бикештер шыңғырып айтылатын биік регистрде сөйлейтін болса, мосқал жасқа келген еркектер мен әйелдер қою үнді төменгі дауыспен сөйлейтін болды», – деп жазған [4, 48 б.] (М.Байсеркеұлының аудармасы). Берілген анықтама актерлік таптаурынның қалыптасу механизмін көрсетеді.

«Актерлік таптаурын» ұғымына терең бойлау және оны нақтылау жолдарын белгілеу үшін, демек, осы театр іс-тәжірибесінде кең таралған құбылыс туралы білім аясын тарылтатын шеңберді кеңейту үшін, психология және басқа да бірқатар ғылымдардың деректерін пайдалана отырып, таптаурынның туындау себептерін іздеген жөн. Әлеуметтік психология тұрғысынан таптаурын кең таралған, адамның ойлау стереотипінің көрініс табу формаларының бірі ретінде танылады. Стереотиптердің адамның күнделікті іс-әрекет, қайраткерлігіндегі қызметі біртекті емес. Кез-келген қоғамдық-пайдалы бастамада жағымсыз, теріс роль атқаратындығымен қоса, стереотиптер өмірлік қажетті функцияларға да ие, бұл олардың қалыптасуы мен жинақталуының мәнін айқындайды. «Кәсіпқойлық өнер өкілдері К.С. Станиславский айтқандай, тұрмыс-салт пен әдет-ғұрып қалыптастырған гүжілдеп сөйлеу, ыңырысып, ыңылдап сөйлеу, таптап, тақылдап сөйлеу сияқты дайын үндік ырғақтарды халықтан көшіріп алып, сол күйінде сахнаға алып шығады. Мәселен, сезімнің қуатты, қуатсыз қасиетін дыбыс арқылы гүрілдеп немесе өлімсіреп сөйлеу, сөздің көркемдік үндік мағынасын дыбыстан іздейді. Ал, темпераментті сөйлемдер кездесе, өлшем-ырғақты қуалап, екпіндете сөйлеп, асықтырып, бастырмалатып, бытырлатып жібереді. Нәтижесінде тілдің төл табиғаты бұзылып, мағынасынан айрылады. Кәсіпқой актерлердің роль ойнауда қалыптасқан өз тәсілдері болады. Іңкәрлікті ойнаса – әндетіп сөйлеп, құштарлықты ойнаса – жұлқынып сөйлейді. Қаһарман кейіпкердің сөзін зіркілдеп сөйлеп айғайға басса, лирикалық рольді өлендетіп, әндетіп айтады. Яғни жекеленген сөз бен сөйлемдерден бастап үндік, әуездік қасиеттер түгелдей таптаурындылыққа көгенделеді. Олар сөз бен сөйлемдердің астарын, ішкі дүниесін ашпайды, сыртқы жалаң сұлбасын ғана баяндап береді» [5, 60 б.]. Кез-келген жағдайды сол жағдай

туралы барынша жуық, ықтимал ұғымға сәйкес түсініп-түсіндіру қабілетінсіз, стереотиптерсіз күнделікті өмір тым қиындап кеткен болар еді.

Тұрмыс-тіршілік барысында біз өзге адамдардың іс-әрекеттерін бақылап, оларды әр түрлі сипаттарға – жасқа, жынысқа, ұлтқа, мамандыққа, әлеуметтік тегіне және т.б. сәйкес ажыратып, меңгереміз. Бақылаулар нәтижесінде осы және басқа да сипат-белгілер бойынша біріктірілген адамдардың бір іс-әрекеттерді жиі, екіншілерін сирек жасайтындығы, белгілі бір жағдайдағы іс-әрекеттер дағдылы, ал, екіншілері ерекше жайт болып табылатындығы туралы түсінік қалыптасады. Бақылау материалдарын түпсанада да игеріп, жүйелеу барысында бәрінен жиі кездесетін, адамдарға мейлінше тән белгілі бір іс-қылықтар тұрақты ұғымдар түрінде шоғырланып, жоғарыда айтып өткеніміздей, өзара бағдарлану үдерістерін қысқартып, мінез-құлықты реттеуші құралға айналады. «Егер бір адам басқа тұлғамен өзара әрекеттестікке түсіп, оны әлдеқандай сипаттары бойынша белгілі бір қоғамдық топқа жатқызса, – деп айғақтайды психологиялық зерттеулер қорытындылары, – ол топқа тән құқықтар мен міндеттер туралы білім негізінде сол адамның да келешекте барлық іс-әрекеттерінде сол топқа тән мінез-құлық, тәртіп үлгісінен ауытқымайтындығы туралы ой түйге болады. Басқалармен өзара әрекеттестікке түсе отырып, адамдар қадам басқан сайын іс жүзінде осындай ұғымдарды басшылыққа алады» [6, 172 б.]. Адамның қабылдауына ықпал ететін дағдылы құрылымдық қалыптар, үлгілер, бағдарлар, бағалаулар негізінде мінез-құлық стереотиптері қалыптасады. Олар даяр жол нұсқап, сонысымен бізді әр кез таныс жағдайға қайтадан талдау жасап, санамызда оған баламалы, лайықты іс-әрекет таңдауын қайта-қайта дәйектеп негіздеу қажеттігінен азат етеді. Біз кез-келген жағдайды тәжірибемізде бар «бағыт-бағдар кестесіне» салғандай боламыз да, сол арқылы әп-сәтте дәстүрлі мінез-құлық тәсілін табамыз. Рас, өмірлік құбылыстардың алуандығы мен қайталанбас ерекшелігі соншалық, қалыптасқан ұғым үнемі нақты өмір шындығымен толық сәйкес келе бермейді. Тек негізгі сипат-белгілер ғана қиюласады, ал, оншалық мәнді еместері не ендігі бар ұғымға үйлестіріледі, не елеусіз қалдырылады. Сол себепті, сыртқы тітіркендіргіштер тасқынынан біз, әдетте, түпнұсқа деңгейінде тек бұрыннан қалыптасқан көзқарасты тиянақтайтындарын ғана қабылдап, санамызда бекітеміз, ал, оны терістейтін сәттерді, еркімізден тыс, елемейміз. Осы психологиялық ерекшелік қағидасы «Сананы өзгертіп, қайта үйреткеннен, бірден басынан үйреткен әлдеқайда оңай» деген белгілі афоризм негізінде жатыр. Бұл ретте, біздің санамыз, бейне, тұрақталған ұғымды айналдыра, көзге көрінбейтін шеңбер сызып қоятын сияқты. Жанды әсерлер сол шеңбердің ішіне еніп, ендігі қалыптасып қойған стереотип тұтқынына түседі де, ол алуан түрлі бұрмалаулар жолымен сол әсерлерді өзіне бейімдейді. Жаңа тәжірибе жаттанды ұғымға қандай да бір ықпал етуге, оны әлдеқалай түзетіп, өзгертуге дәрменсіз болып шығады. Сөйтіп, стереотип өзгеріссіз қалады да, нақты өмірлік жайт немесе құбылысты бар болғаны жуық мәнде, өте жалпылама түрде кескіндейді. «Өнердің объективті заңы және оны қабылдаудың соңы бар, әрбір романда, әрбір картинада, оқырман және көрермен бәрінен бұрын суретшінің ойын ашуға, автор мұнымен не айтпақ болғанын түсінуге тырысады» [6, 123 б.]. Осылайша, стереотип таным құралынан өзінің қарама-қарсы мәніне – адам санасына өмір шындықтары туралы жаңа мағлұматтың енуіне тосқауыл болатын тұрақты құрылымға айналады. Сөйтіп, мейлінше толымды әрі шынайы ұғымның тууы жолында қуатты тежегіш болып табылатын, қандай да болмасын жаңалықтарды жоққа шығарып, жойып отыратын тоқыраушылық орын алады. Тұтастай алғанда, тұлғаның немесе қоғамның дамуы едәуір баяулайды, ал, кейде, тіпті, мүлде толастайды. Соңғы жылдары аса айқын көрініс берген стереотиптендірудің жағымсыз, теріс салдарларын жою қазіргі қоғамның маңызды міндеттерінің біріне айналғандығы кездейсоқ емес. Келешекте адам іс-қайраткерлігінің барлық салаларында ілгерілеу тек стандартты шешімдер мен тұралаған үлгілерден бас тартып, әрбір нақты жағдайды мұқият талдау негізінде жаңа жолдар ізденісіне өткенде ғана мүмкін болмақ. Алайда, тамырын тереңге жіберген стереотиптерден арылу, олардың шығармашылықпен ерекше ойлау қабілеті жолына қоятын шектегіш «бөгеттерінен» аттау өте-мөте күрделі болады. Оның үстіне, стереотиптерді неғұрлым жиі пайдаланған сайын, бұл міндетті орындау қиынға түседі. Адам стереотиптің көмегіне жүгінген кезең неғұрлым ұзақ болса және бұл қажеттілік неғұрлым жиі туындаған болса, ол соғұрлым дағдылы машыққа айнала түседі, түпсанамыздың оның «қызметін» пайдалануға әзірлігі соғұрлым күшті болғандықтан, ол біздің санамызға берік сіңе түседі. Әлеуметтік-психологиялық стереотиптер мен олардың адам өміріндегі ролі туралы айтылғанды қорыта келе, мына жайтты атап өту қажет. Стереотипті ұғымдардың қалыптасуы – өмірлік қажеттілік туындатқан табиғи үдеріс. Олардың көмегімен адамдардың күллі адамзатқа ортақ қоғамдық тұрмыстың қиын жағдайларына бейімделуге деген заңды ұмтылысы іске асады. Оларды жоюдың төтенше қиын міндетке айналатын себебі де, міне, осы. Ақерлік таптаурынның түзілу, қалыптасу механизмі және оны пайдаланған сайын деңгейі

ұлғая түсетін тұрақтылығының себептері туралы мәселені түсінудің кілті жоғарыда айтылған тұжырымда жатыр.

Актерлік таптаурынның қалыптасуына да жоғарыда сөз болған адамдардың өмірдегі стереотипті ұғымдары негізінде жатқан үдерістермен үйлес үдерістер ықпал ететіндігі аңғарылады. Өйткені, актер да адамдар мінез-құлқының ортақ заңдарынан оқшау тұрған жоқ. «Кәсіпқойлық өнер, тек тілге ғана емес, актердің пластикалық қасиеттеріне де зиянын тигізді. Олар шынайы сезімнен пайда болатын кейбір органикалық қимыл мен ишарат белгілерінің табиғи табиғатын бұзып, оны да таптаурындылықтың дайын, өрескел үлгісіне қазықтайды. Кәсіпқой актер, артистің сахнада өмір сүру үдерісінің аса күрделі ішкі рухани күйзелісін сырттай өрнектеуге көшірді. Сахнада өмір сүрудің ішкі мазмұнын емес, сыртқы нәтижелік үлгісін иемденумен шектелді. Міне, кәсіпқойлық өнердің осындай таптаурынға түскен сыртқы жалаң белгілері туралы К.С.Станиславский: «Зіркілдеп сөйлейтін дауыс, таптап сөйлеу мен салтанатты түрде баяндау тіл мәнеріне сай сурет сияқты әсем қимыл, әсіресе әспеттелген ишарат пен эффектіге құрылған сән-салтанат пен ырғала басқан жүріс-тұрысын-ақ алайықшы. Олар сахнада жүріп-тұрудың орнына шеру тартады, отырудың орнына қонжия кетеді, жатудың орнына жантая кетеді, тұрудың орнына селтие қалады. Жалпы актерлік әсем қимыл мен қимыл-қозғалыс осындай кінәраттарға душар болды» [7. 60-61 б.]. Кез-келген басқа мамандық иесіндей, ол да жиі кездесетін қандай да бір жағдайлардағы адамдарға барынша тән мінез-құлық көріністері туралы ұғымдарды жинақтайды.

Бұған қоса, қазіргі заманғы актерлердің бірқатар пікір-пайымдарында репетициялық жұмыс барысында таптаурынды іс тетігі ретінде пайдалана алушылық дәйекті түрде мамандық негіздері тұрғысындағы қажетті білім ретінде бағаланады. Осылай, М.А.Ульнов актерлік таптаурынды шығармашылықты «қозғалысқа келтіруші» әрі дилетантизмнен жақсы қорғаныс санайды. Сұхбаттарының бірінде жеке өзінің рольмен жұмыс тәсілі мен әріптестерінің шығармашылық үдерісін бақылаудан түйгендерімен бөлісе отырып, ол актерлердің басым көпшілігі таптаурындарды пайдаланатынын атап өткен еді. Осы ойын дамыта келе, ол: «... биік мұрат деңгейінде әрбір роль, әрбір шешім жаңа болуы тиіс, бірақ, таптаурындарсыз іс бітпейді. Бұл – мамандық. Әрбір кәсіп иесі түрлі дағдыларды иеленеді. Театрда да солай. Бұдан шошынатын түгі жоқ», - дегенді [8, 235 б.] айтады. Яғни, таптаурын кей ретте репетициялық жұмыста салмақты тірекке айналады. Соған сүйене отырып, өмірлік тәжірибе негізінде қалыптасқан белгілі бір шындық өмір жайттары немесе құбылыстары туралы ұғымдарды пайдаланып, актер сахналық шындыққа бастайтын ұзақта, көбіне-көп, азапқа толы қиын жолды әжептәуір қысқартады. Алайда, ең қауіптісі сол, актер өзінің аса қиын сахналық шығармашылық жағдайларына бейімделуге түпсаналық ұмтылысына орай, сахналық бейне тудыру үдерісінде таптаурынды іс бастамасы ретінде ғана емес, сонымен бірге, «даяр» көркем бейнелеу тәсілі ретінде де пайдалана бастайды. Сол сәттен бастап таптаурын таным құралы ретіндегі құндылығынан айырылып, кейіпкердің адами ішкі сезімдерін толық әрі терең игеру жолында төтеп беру қиынға тиетін тосқауылға айналады.

Сонымен қолда бар даяр үлгі актерді өз бетінше шығармашылық ізденушіліктен мақрұм етеді, ал, онсыз шынайы өнер туындысын өмірге келтіру мүмкін емес. Актер театрда басты нысана болып табылатын жанды адами сезімді тудыруға жуықтауға дәрменсіз болғанда да таптаурын көмекке келеді және де, осы дәрменсіздік орындаушыны тығырықтан шығар жолды іздеуге мәжбүр етіп, оны стереотипке жүгінуге итермелейді. Тіпті, тамаша актерлердің де кейде өз жолын жеңілдеткісі келетіні бар, сөйтіп, олар ендігі бағындырған биіктері ретінде өз таптаурындарына жармасады.

Бұл заңдылық неліктен тәжірибелі актерлардың ғана емес, сондай-ақ, сахнаға алғаш шыққан адамдардың да қорында таптаурындар болатындығының жұмбағын ұқтырады. Өз бетінше шығармашылық жаңалық ашу жолында алдан шығатын бөгеттерді жоюға мүмкіндік беретін кәсіби дағдылар болмаған жағдайда, таптаурын дилетант үшін сахнада қалудың бірден-бір мүмкіндігіне айналады.

Әлеуметтік-психологиялық зерттеулер таптаурындардың қалыптасу үдерісі елеусіз жүретіндігін дәйектейді, оны көрнекті театр шеберлерінің актерлік іс-тәжірибе тұрғысындағы бақылауларының негізінде жасаған тұжырымдары да бекіте түседі. Актер әрбір нақты бейненің рухани мазмұнын мейлінше дәл жеткізетін бірден-бір форманы үздіксіз іздеуді басты міндет етіп алған жағдайда ғана театрлық кәсіпшілдікті жою мүмкін болмақ. Бұл міндеттің орындалуын қамтамасыз ететін басты шарт актердің нәзік те жіті түйсігінің ұдайы шынайы өмірді бағдар етуі, оның мазмұнындағы аздаған өзгерістерді де сезіп, санасына құйып алу қабілеті болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Станиславский К.С. Из записных книжек. – В 2 т. М.: – 1986. Т.1 с. – 312.

2 Чехов М. А. Путь актера. Литературное наследие в 2-х томах. – М.: Искусство. 1986. Т. 1. – 149 стр.

- 3 **Театральная энциклопедия. М.: Советская энциклопедия, 1964. -1087 стр.**
- 4 Станиславский К.С. Из записных книжек. В 2 т. М.: – 1986. Т. 2. – 275 стр.
- 5 Станиславский К.С. Работа актера над собой. т. 2. Искусство. М.: 1954. стр. 318.
- 6 Байсеркенов М. Сахна және актер. Ана тілі. А.: 1993 ж. 336 бет.
- 7 **Выготский Л.С. Психология искусства. – М.: Искусство, 1978. – 437 стр.**
- 8 Ульянов М.А. Статьи, речи, беседы, письма. – М.: 1997. – 341 стр.

ГРНТИ 18.45.01

ДИСТАНЦИОННОЕ ОБУЧЕНИЕ – СТУДЕНТЫ СТАЛИ БЛИЖЕ

М.В. Соловьева

Профессор, Казахская национальная академия искусств им. Т.Жургенова, г. Алматы

А.Т. Мырзашева

Заведующая кафедрой «Звукорежиссура и операторское искусство», Казахская национальная академия искусств им.Т.Жургенова, г. Алматы

Авторы статьи, профессиональные кинематографисты – кинодраматург М.Соловьева и звукорежиссер А.Мырзашева, являются также признанными педагогами. На основе собственного творческого и педагогического опыта авторы предлагают приемы работы со студентами на дистанции с использованием IT-технологий. В статье раскрываются положения дистанционного обучения, основанные на разработках Т.Е.Холла с применением методики преподавания дисциплин искусства на факультете «Кино и ТВ» КазНАИ им.Т.К.Жургенова. Дистанционное обучение впервые тотально использует наработки аудиовизуальной сферы, превращая традиционную лекционную работу в видеотрансляции.

Ключевые слова: дистанционное образование, передача изображения, звуковое сопровождение, кинематографический план и кадр.

Когда в 1959 году американский антрополог и кросс-культурный исследователь Т.Е.Холл открыл новое направление в изучении взаимодействия человека и окружающей его среды, которое было названо «proxemics», он и подумать не мог, что спустя 60 лет принципами проксемики в полной мере смогут воспользоваться для дистанционного обучения на факультете «Кино и ТВ» Казахской национальной академии искусств им. Т.Жургенова. Исследования Т.Е.Холла «The Silent Language» и «The Hidden Dimension» определили общие положения проксемики, ее цели и перспективы развития, а «применительно к театральной практике на проксемику обратили внимание режиссеры А.Витез, М.Эрман, Грюбер, выстраивая свои спектакли, всякий раз по-новому применяя код дистанций и движений между актантами постановки – будь то объект декорации и персонажи, персонаж и персонаж, сцена и зрительный зал», – отмечал известный французский теоретик театра П.Пави [1].

В своих исследованиях Т.Е.Холл определил следующие 3 формы структурирования человеческого пространства: 1) «fixed-feature space» – фиксированное, или архитектурное пространство; 2) «semifixed feature space» – полуфиксированное, или пространство расположения объектов в одном месте; 3) «informak space» – неопределенное пространство, или пространство межличностное.

Если традиционные формы общения преподавателя с обучающимися в аудитории можно рассматривать в ипостасях полуфиксированного и неопределенного пространства, то дистанционное образование практически приводит нас к единственному варианту – пространству межличностному, в котором отношения между индивидами определяются по четырем основным категориям:

- близкие отношения (расстояние между участниками – менее 0,50 м);
- личные отношения (расстояние между участниками – от 0,50 м до 1,50 м);
- социоконсультативные отношения (расстояние между участниками – от 1,50 до 3,50 м);
- общественные отношения (расстояние между участниками – до дистанции, достигаемой голосом) [2].

Театральные режиссеры обратили внимание на проксемику, поскольку впервые появилась реальная технология построения мизансцены на площадке. *Mise en scene* (франц.), расположение

на сцене, в английском и немецком языках означает также и режиссуру, т.е. непосредственное управление происходящим действием. Если раньше шел трудный поиск вместе с актерами для того, чтобы максимально точно и выпукло представить все взаимоотношения персонажей, то теперь можно было начинать сразу с выстраивания рисунка их взаимоотношений по сцене. При этом сразу выстраивались базовые отношения, которые можно было наполнять дополнительными нюансами, раскрывая ранее скрытые симпатии и антипатии героев.

Кинорежиссер С.Эйзенштейн ввел новое, корректирующее понятие «мизанкадр», поскольку расположение в кинокадре обусловлено иными, нежели на театральной сцене, параметрами. В кадре учитывается в первую очередь крупность плана, т.е. насколько приближен к зрителю персонаж, насколько хорошо он виден и насколько хорошо читается его внутреннее состояние. Актер в театре вынужден для этого выходить на авансцену, но и тогда зрители последних рядов партера без бинокля не могут рассмотреть его мимику и, в соответствии с этим, сопереживать его герою. Другое дело – крупный план актера на экране – чем талантливее исполнитель, тем богаче его арсенал передачи состояния персонажа. Есть некая закономерность в кинематографе: «крупные» режиссеры снимают крупные планы актеров, потому что они абсолютно уверены в своем выборе, а «средние» режиссеры снимают фильмы на средних планах, где актеры представлены во весь рост и хорошо видна их жестикуляция, а вот мимика остается на уровне общепринятых движений лицевых мышц.

Таким образом, крупные планы экрана соответствуют в проксемике близким отношениям, полусредние, т.е. поясные планы – это отношения личностные, а средние планы – социоконсультативные отношения.

На общих планах персонажи фигурируют в качестве статистов, зритель видит их перемещения в пространстве, но индивидуализировать их практически невозможно, разве что понять, взрослый это или ребенок. Общие планы соответствуют общественным отношениям и привязывают персонажа к определенной архитектурной среде, присваивая ему тем самым и национальную принадлежность: актер, идущий на фоне Эйфелевой башни будет восприниматься как француз, и тот же актер на улице Нью-Йорка станет американцем. Архитектурное, фиксированное пространство дает возможность перенестись в любую часть света, и лекция о драматургии Древней Греции вполне закономерно будет идти на фоне реально существующих амфитеатров и храмов, а погружая студентов в мир звуков, фоном могут служить все сценические площадки оперных театров и концертных залов. Лекции по изобразительному искусству предоставляют просто неисчерпаемый объем объектов. Но это лишь одно из свойств использования фиксированного пространства при дистанционном обучении.

Но не только визуальная мизансцена раскрывает зрителю суть происходящего в кадре. Такую же важную и сопутствующую роль играет звуковое сопровождение: при близких отношениях можно говорить практически шепотом, потому что собеседник совсем рядом. Личностные отношения – это спокойный разговор без напряжения голосовых связок, потому что партнеры хорошо видят друг друга, здесь равный говорит с равным себе. А вот социоконсультативные отношения требуют повышения тона, они интонационно холодные, поскольку передается только информация, и мимика говорящего невыразительна и подобна маске. Общественные же отношения – это напряженные связки, громкий голос, если не сказать – крик. И чтобы усилить воздействие на слушателя, оратор прибегает к демонстративной жестикуляции.

Кинематографисты успешно пользуются приемами проксемики, создавая порой странные, но эффектные сочетания изображения и звука. Так на общий план, где практически не видны фигуры персонажей, режиссеры накладывают звуковой ряд, соответствующий близким отношениям, и зрители невольно вслушиваются в каждое слово, при этом медитативно разглядывая пейзаж. В пример можно привести первые кадры фильма Г.Панфилова «Тема», где на фоне снежного поля по дороге, подобно крохотному жучку, едет машина, а зритель слышит голос главного героя так близко, словно сам сидит рядом с ним в машине... Совершенно иначе воздействуют на зрителя кадры, в которых персонажи на крупных планах кричат так, будто находятся на открытой со всех сторон площади. Крик на близком расстоянии действует на человека, как удары плеткой, и смотреть фильмы, в которых актеры все время кричат друг на друга, становится просто невыносимым. Это говорит только о том, что режиссеры не знакомы с принципами проксемики, несмотря на достаточный возраст этого направления науки.

Дистанционное обучение привело всех преподавателей, образно говоря, в аудиторию кинофакультетов. Перед нами экран, и мы в нем как герои фильма. Отношение к нам зрителей зависит от того, насколько хорошо мы владеем собой – мимикой, голосом, интонацией, насколько мы правдивы в своих монологах, насколько хорошо знаем текст своей роли. Степень доверия к

нашим лекциям повышается, когда зрители-студенты воспринимают нас в качестве близких людей. Студенты заходят к нам в дом, и мы заходим к ним домой. Мы видим их теперь очень близко, и они уже не могут отсидеться на задней парте у окна, отгородившись от нас расстоянием аудитории. Мы видим их крупные планы, нам видна их мимика, они теперь все как киноактеры. Но и они видят нас такими же, значит, мы все играем главные роли. И от нашего искреннего поведения зависит успех преподавания, степень овладения знаниями студенческим сообществом.

Как справедливо заметил С.Б. Исабеков, сегодня в Казахстане туризм стал отраслью, которая не мобилизует валютные поступления в страну, скорее, наоборот, Казахстан оказался каналом постоянного оттока валюты в крупных размерах. В Республике Казахстан весьма популярен отдых за рубежом, поскольку там туристам предлагают лучший сервис по приемлемым ценам, нередко значительно дешевле, чем в своей стране. При этом темпы развития выездного туризма оказываются значительно динамичнее, чем темпы въездного или внутреннего туризма. Это указывает на то, что в Казахстане повышается уровень жизни и отсутствуют конкурентоспособные предложения совершения путешествий внутри страны. В связи с этим в настоящее время в Казахстане необходимо развивать въездной и внутренний туризм (Исабеков, 2015).

Вместе с тем в настоящее время в стране недостаточно развит сервис, поэтому стоимость туристских услуг невысока в сравнении с лидерами на мировом рынке. Туристская деятельность в Казахстане имеет много точек роста, поэтому она стала одним из приоритетных направлений развития экономики, на государственном уровне постепенно формируются условия для конкурентоспособной и высокоэффективной туристской деятельности для последующей интеграции в мировой туристский рынок и расширения профильного международного сотрудничества.

Существенное значение в Казахстане уделяется реализации следующих проектов:

- формирование условий для развития инфраструктуры туризма, а также индустрии развлечений в г. Капшагай;
- формирование условий для развития индустрии туризма и развлечений в Щучинско-Боровской курортной зоне, создания инфраструктуры для экологического туризма в Национальном природном парке «Бурабай», строительства этнографического комплекса «Шебер ауылы», в котором находится выставочный центр «Дворец мастеров»;
- открытие туристских центров в г. Туркестан и Отрарском районе, обеспечение возможностей для культурно-познавательного туризма по Шелковому пути в Южно-Казахстанской области;
- развитие круизного и пляжного туризма на Каспийском море (в частности, прорабатывается вопрос об организации международного круиза по Каспийскому морю с посещением портов России, Азербайджана, Туркменистана, Ирана), обустройство мыса Кендерли для пляжного туризма;
- строительство современной гостиничной сети (Казахстанские новости, 2010).

Государственное регулирование в сфере туризма в Казахстане осуществляет Министерство культуры и спорта, которое разрабатывает и курирует реализацию указанных выше и многих других проектов. После того, как Китай приступил к реализации проекта «Один пояс – один путь», на европейском и азиатском туристских рынках повысился интерес к Казахстану, как новому туристскому направлению, что свидетельствует о реальных перспективах увеличения иностранного туристского потока в страну.

В Казахстане действует закон «О туристской деятельности в Республике Казахстан» (Закон РК, 2001), в котором определены методы государственного регулирования туристской деятельности, представлены составляющие политики по развитию индустрии туризма, указаны нормативно-правовые акты, направленные на регулирование общественных отношений в сфере туризма; обозначены правила лицензирования и стандартизации туристской деятельности; предусмотрены меры по содействию в повышении занятости в сфере туризма, участия туроператоров, туристских агентов и их объединений в международных программах по развитию туризма, продвижению туристского продукта на внутреннем и международном туристских рынках, обеспечении рационального и эффективного использования, и защиты туристских ресурсов страны, привлечении иностранных инвестиций в туристскую отрасль, научно-рекламной информационной поддержки для продвижения национальных туристских продуктов на мировом рынке и т.д. Туристская политика государства основана на стратегии и тактике. Стратегия туризма работает на основе общего видения разработки целевых программ, реализация которых требует времени и значительных финансовых ресурсов, в то время как туристская тактика представляет собой конкретные меры и методы для достижения этой цели в конкретном контексте.

Вместе с тем, несмотря на предпринимаемые государством меры регулирования сферы туризма, одной из основных проблем туристского сектора Республики Казахстан остается недостаточно развитая инфраструктура (дороги, транспорт, гостиницы). Данную проблему обсуждают на разных уровнях власти, что позволяет точно решить наиболее актуальные вопросы, но предстоит сделать еще многое, чтобы ситуация обрела системные и постоянные улучшения. Еще одной серьезной проблемой предстает дефицит квалифицированных кадров в туристском секторе. Необходимо привлекать в него профессионально подготовленных молодых специалистов, которые способны мыслить креативно, грамотно владеть государственным и иностранными языками, чувствовать современные туристские тренды и уметь формировать пользующиеся туристским спросом предложения. В Казахстане, к сожалению, лишь ограничено используются передовые туристские технологии, что часто вызывает недовольство туристов, привыкших к комфортным условиям отдыха. Более того, в стране практически не ведется комплексная работа по формированию и продвижению на мировом рынке туристского имиджа Казахстана, не хватает понятных иностранцам узнаваемых брендов. В настоящее время в мире широко используются социальные сети Интернета для привлечения и удержания клиентов. Казахстанский туристский бизнес также старается следовать данному тренду, многие компании заводят «аккаунты» и работают с потенциальными и реальными клиентами, повышая их лояльность, предлагают им скидки и акции, игнорируя тот факт, что этого давно уже недостаточно. Сегодня важно каждый этап путешествия сопровождать новизной и инновациями, основанными на современных технологиях. Современные технологии позволяют турагентствам более оперативно и качественно подбирать информацию для клиентов, предоставлять им данные с аналитикой, своевременно учитывать различные пожелания и обеспечивать ценные консультации, в ходе которых клиенты еще до совершения покупки получают много полезной информации, чувствуют внимание к себе и заботу о предстоящем путешествии.

В Республике Казахстан сегодня недостаточно изучены возможности онлайн-туризма, которые давно используются в других странах, в последующие годы именно рынок онлайн-туризма будет стремительно развиваться. Драйвером роста онлайн-туризма в стране стала реализация авиа и железнодорожных билетов. Доля онлайн-покупок авиабилетов в 2017 г. превысила 10%, хотя в 2014 г. она составляла не более 4%. Однако скорость развития онлайн-туризма следует повысить. Например, в США около 70% билетов реализуется на виртуальных площадках, в Европе этот показатель достигает 50%. В целом мобильные технологии выводят туризм на новый уровень: количество пользователей планшетов и смартфонов постоянно увеличивается, поэтому мобильные тревел-приложения становятся все более актуальными. В наиболее развитых странах мира более 50% туристов планируют путешествия, используя специальные приложения для мобильных устройств (Яншин, 2018). Путешественники отдают свое предпочтение многофункциональным приложениям, чтобы максимально упростить свою жизнь. Все это указывает на необходимость более тесного сотрудничества туроператоров и собственников гостиничного бизнеса, а также экскурсионных и развлекательных агентств с компаниями, работающими в сфере высоких технологий и маркетинга. Сегодня в Казахстане такое взаимодействие является редкостью, хотя должно охватывать весь туристский комплекс, чтобы о запланированных инфраструктурных проектах и прочих нововведениях было известно заранее широкой аудитории.

В наиболее развитых странах игроки туристского бизнеса активно начали использовать современные мобильные технологии, которые не только предлагают самые выгодные цены, но и обеспечивают клиента персональным перечнем услуг, располагая его к себе и повышая его лояльность клиентов, что крайне важно в современных меняющихся условиях развития туристской отрасли. Казахстану также следует уделить внимание персонализации туризма. Данные, получаемые посредством современных технологий, позволяют персонализировать поездку туриста. Персонализация также полезна для обеспечения лояльности клиентов.

Заключение. Проведенное нами исследование было нацелено на выявление основных проблем государственного регулирования в сфере туризма в Республике Казахстан. Для их установления и разработки предложений по дальнейшему совершенствованию действующей системы государственного управления развитием туристской деятельности в стране нами были применены такие методы исследования, как анализ научной литературы, статистический и структурный анализ, индукция и дедукция, синтез, прогнозирование и моделирование. В результате нам удалось выявить точки роста туристской деятельности Республики Казахстан, раскрыть туристский потенциал страны, показать существующий дисбаланс в государственных подходах к регулированию туризма, определить негативные тенденции и упускаемые возможности развития отрасли, предложить меры по улучшению ситуации. Результаты исследования показали, что в Казахстане в недостаточной степени применяются современные технологии работы в виртуальном

пространстве, включая социальные сети и мобильные приложения, которые весьма популярны для привлечения и удержания клиентов в развитых странах мира, слабо развит онлайн-туризм. Большинство инфраструктурных проектов стоят дороже, чем в других странах, качество сервиса также уступает, при этом государство почти не занимается формированием международного имиджа Казахстана как привлекательного для туристов центра, иностранцы имеют минимум информации об этой стране, причем большинство туристов не возвращаются в Казахстан для путешествий повторно, что свидетельствует об отсутствии целенаправленной работы специалистов по обеспечению лояльности клиентов, в стране не развит персонализированный подход к работе с клиентами, практически вся туристская деятельность не имеет индивидуального характера, она негибкая, поэтому не способна оперативно на месте разрешить все сложности, которые возникают у туристов, а ведь именно это свойство в мире сегодня ценится больше всего. По итогам проведенного исследования мы разработали следующие рекомендации: государственная политика в области туризма должна осуществляться единым регулятором в рамках обеспечения и последующего комплексного развития кластеризации отрасли. Привлечение иностранных инвестиций должно основываться на понятной инвесторам модели государственно-частного партнерства, что требует разрешения вопросов доступа к инфраструктуре, землепользования и государственной поддержки. Последняя, на наш взгляд, должна предполагать инвестиционные преференции для компаний, занимающихся обслуживающих туристов, долгосрочное кредитование туристских инвестиционных проектов, экспортные гранты, дальнейшее системное развитие производственной и сервисной инфраструктуры туризма и постоянное качественное обучение специалистов. Государству необходимо более активно развивать туристскую отрасль посредством создания необходимой инфраструктуры (электроэнергия, водоснабжение, трубопроводы и дороги). Важно предусмотреть финансирование подготовки и переподготовки кадров для туристской отрасли, стимулировать внутренний и въездной туризм. Следует формировать специальные туристские зоны, в которых обеспечить льготы для инвесторов по землепользованию и размещению специальных объектов, предприятия гостиничного сервиса должны иметь сниженную ставку НДС, туроператорам также следует снизить налоговую нагрузку относительно туристских агентов, которые в Казахстане реализуют иностранные турпродукты. Считаем целесообразным и даже необходимым государству предпринять меры по развитию социального туризма: со-финансировать отдых своих граждан по специальным туристским сертификатам. Государству следует укрепить взаимодействие с работодателями, чтобы все служащие могли получать данные сертификаты. Казахстану сегодня требуется создание высокоэффективного и конкурентоспособного туристского кластера. Следует уделить также внимание обеспечения соответствия туристской деятельности Казахстана международным стандартам, вопросу сохранения архитектурных и культурно-исторических памятников, а также развитию профильного международного сотрудничества.

Литература

- 1 Attila, A.T. (2016), "The Impact of the Hotel Industry on the Competitiveness of Tourism Destinations in Hungary", *Journal of Competitiveness*, Vol. 8, No. 4, pp. 85 – 104.
- 2 Bâc, D.P. (2015), "Endogenous Challenges for the Tourism Industry", *Quaestus Multidisciplinary Research Journal*, No. 6/April 2015, pp. 231-239.
- 3 Bodosca, S.L. (2016). "Priorities and strategies of sustainable development in tourism" in: *Proceedings of the 10th International Conference on Business Excellence*, Bucharest, Academy of Economic Studies, pp. 207-217.
- 4 Halkier, H. (2010), "EU and Tourism Development: Bark or Bite?", *Scandinavian Journal of Hospitality and Tourism*, Vol. 10, No. 2, pp.92-106.
- 5 Hudman, L.E. and Jackson, R.H. (2003), "Geography of Travel and Tourism", 4th Ed., Delmar Learning, New York.
- 6 Ile, F. & Țigu, G. (2017), "Medical tourism market trends - an exploratory research" in: *Proceedings of the 11th International Conference on Business Excellence*, Bucharest, Academy of Economic Studies, Vol. 1, No. 1, pp. 1111-1121.
- 7 Ion, L. & Frățilă, L. (2016), "The importance of developing sustainable development as a key factor of economic efficiency" in: *Proceedings of the 10th International Conference on Business Excellence*, Bucharest, Academy of Economic Studies, pp. 231-241.
- 8 Mureșan, M., Chiripuci, B. & Nistoreanu, P. (2017), "Business tourism – a sustainable form to relaunch Romanian tourism" in: *Proceedings of the 11th International Conference on Business Excellence*, Bucharest, Academy of Economic Studies, Vol. 1, No. 1, pp. 1101-1110.

9 Sharpley, R. and Telfer, D.J. (2015), *Tourism and Development: Concepts and Issues*, Channel View Publications, Bristol. 255 p.

10 Дурович А.П., Кабушкин Н.И., Сергеева Т.М. и др. Организация туризма: Учеб. пособие / Под общ. ред. Н.И. Кабушкина и др. Минск: Новое знание, 2003. С. 324.

11 Закон Республики Казахстан «О туристской деятельности в Республике Казахстан» от 13 июня 2001 года № 211-II (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.07.2019 г.) // Online.zakon.kz [Электронный ресурс]. URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1023618 (дата обращения: 22.04.2020).

12 Исабеков С.Б. Проблемы развития туризма в Республике Казахстан. // Vision. 18.03.2015. [Электронный ресурс]. URL: <https://yvision.kz/post/482773> (дата обращения: 22.04.2020).

13 Казахстанские новости. 90% туристов посещают Казахстан только один раз // Oskemen.info. 22.06.2010. Электронный фонд правовой и нормативно-технической документации. [Электронный ресурс]. URL: <http://oskemen.info/3180-90-turistov-poseshhayut-kazakhstan-tolko-odin-raz.html> (дата обращения: 22.04.2020).

14 Общая резолюция Конференции ООН по международному туризму и путешествиям о развитии туризма. Рим (Италия), 21 августа - 5 сентября 1963 года // Электронный фонд правовой и нормативно-технической документации. [Электронный ресурс]. URL: <http://docs.cntd.ru/document/901813699> (дата обращения: 22.04.2020).

15 Яншин А. Что не хватает Казахстану для развития туризма? // Курсив. 09.07.2018. [Электронный ресурс]. URL: <https://kursiv.kz/opinions/2018-07/chto-ne-khvataet-kazakhstanu-dlya-razvitiya-turizma> (дата обращения: 22.04.2020).

FTAMP 06.71.57

«ШАРЫН» МҰТП АУМАҒЫНЫҢ ТУРИСТІК-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ТАЛДАУ

Қ.Б. Күренкеев

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Д.Т. Алиаскаров

Аға оқытушы, PhD, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Мақалада «Шарын» МҰТП аумағының туристік-рекреациялық әлеуетіне талдау жасалады. Еліміздегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар тізіміне және киелі жерлер реестріне енген бұл аумақта туризм түрлерін дамытуға мол мүмкіндіктер береді. Туристік-рекреациялық мүмкіндіктерін анықтауда жер бедерінің ерекшеліктеріне, табиғи ландшафттарға, экологиялық, тарихи және эстетикалық құндылықтарына мән берілді. Ол бойынша парк орналасқан аумақтың геоморфологиялық аудандары анықталды. Парк аумағындағы рекреациялық мүмкіндікке ие табиғи нысандарда туризм түрлерін дамыту бойынша ұсыныстар берілді.

Түйін сөздер: ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, табиғи процестер, рекреациялық аудандар, экологиялық туризм, табиғи ұлттық парк.

«Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі – Алматы қаласынан 220 шақырым жерде Еңбекшіқазақ, Райымбек және Ұйғыр аудандарының шекарасындағы ерекше туристік – экскурсиялық нысан болып табылады. Парк – еліміздің ерекше қорғалатын табиғи территориялық кешендерінің бірегейі болып саналады [1].

Табиғи парк орналасқан аумақтың басты туристік-рекреациялық әлеуетінің ерекшелігі – жер бедерімен анықталады. Әрбір аймақтың бедері оның геологиялық құрылысына, ішкі және сыртқы процестердің біреуінің басым болуына байланысты түзіледі.

Шарын ұлттық табиғи паркі – ерекше экологиялық, тарихи және эстетикалық құндылық. Парк аумағында мемлекеттік маңызы зор табиғат ескерткіші: сыртқы күштер (экзогендік процестер) әсерінен морфомүсіндер түрінде қалыптасқан тік жарлы өзендер шатқалдары (Шарын, Темірлік), Торайғыр тауларының оңтүстік беткейлеріндегі бедленд (ағыл. жарамсыз

жерлер), Шаған тоғайы, Үлкен Бұғыты және Торайғыр таулы өлкелері, тауаралық ойпат Сөгеті жазығы және полеонтологиялық табындылар, флора мен фаунаның сирек түрлері, орналасқан [2].

Бұл аумақты алғашқы қорғау жұмыстары Шарын өзені жағалауындағы тоғайлы алқапты қорғаудан (1964 жылғы Қазақ ССР Үкіметінің №447 Қаулысымен) жүзеге асқан [3]. Яғни, алғашқы ерекше қорғау жұмыстары Сарытоғай шатқалындағы палеоген дәуірінің қалдығы саналатын Шаған тоғайын қорғау мақсатында құрылған.

Уақыт өте келе тоқсаныншы жылдардың ортасындағы тоқырау заманында тоғайлы алқапқа антропогендік жүктеме арта түсті. Себебі, жергілікті халық Шаған тоғайының негізін қалайтын Соғды шағанын көптеп кесіп отындыққа пайдаланды. Бұл ағаштың қызуы басқалармен салыстырғанда жылуды 2-3 есе артық бөлетін. Яғни, тоғайдың жойылу қаупі туындады. Тек экологтардың араласуымен ғана бұл мәселе өз шешімін тауып, жеке саябақ ретінде құрылды (ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 23-ақпандағы №213 қаулысы) [4].


Солтүстік Тянь – Шаньның солтүстік – шығыс бөлігі мен Шарын өзенінің орта және төменгі ағысы бассейнінің табиғаты өте әсем. Тек қана жер бедері ғана емес кейбір компоненттері де қайталанбас құбылыс.

Бұл аумақ – Солтүстік Тянь-Шань жоталарының солтүстік-шығыс иінінде, каледондық құрылымдар негізінде дамыған антиклинорийлер мен тауаралық қазаншұңқырлардан тұрады. Орналасқан аумақтың таужыныстар негізін эффузиялық таужыныстармен қатар, порфир кварциттері, андезит және порфириттер, құмдар мен орта және жоғарғы палеозойдың алевролиттерінен түзілген. Тауаралық ойпаттар (Сөгеті, Жалаңаш аңғарлары) палеоген мен неогеннің, лесс тәрізді сары топырақтары және төрттік дәуір шөгінділері қалыптастырған. Шарын, Темірлік өзен аңғарларындағы тік жарлы шатқалдар таужыныстары төрттік мұзбасудан кейін қалыптасқан, яғни күшті сел басудан кейін немесе су күшті тасқынынан кейін тау бөктеріндегі таужыныстарды терең етіп жырғаннан қалыптасқан. Уақыт өте келе климаттың аридті жағдайға ұшырауына байланысты пенепленденуге ұшыраған, нәтижесінде тар шатқал түзілген [5; 6].

Парк аумағының жер бедері әркелкі, күрделі тілімделген. Мұнда ерекше тілімденіп, сыртқы факторлар әсерінен қалыптасқан тік жарлы шатқалдар, аллювийлі жыныстардан құралған биіктігі 600-700 м аралығындағы аккумуляциялық жазық, тауалды жазықтары (денудациялық жазық), абсолюттік биіктігі 1000 м-ден асатын таулы геоморфологиялық аудандардан құралған. Саябақ аумағының басым бөлігі жазықты жерлерден құралған (Сөгеті тауаралық жазығы), сонымен қоса Торайғыр, Үлкен Бұғыты секілді таулы аудандар, тік-жартасты шатқалды, күрделі формадағы өзен аңғарлары бар. Аталған күрделі формадағы бедер пішіндерінің қасиеттерін ескере отырып, топографиялық карта негізінде бедерді сандық үлгілеу картасы жасалды [7; 8].


Аумақтың жер бедерін, бедер қалыптастырушы факторларды, аудандастыру принциптерін ескере отырып [9], Ұлттық парк аумағын төмендегідей геоморфологиялық аудандарға бөлуге болады (сурет 1):

1. Биіктігі 100-300 м. аралығындағы эрозияға (жел, су) ұшыраған, кейбір аумақтары бедлендке айналған тік жарлы шатқалды морфомүсінді Шарын және Темірлік өзендері аңғары;
2. Биіктігі 600-1000 м. аралығындағы тауаралық синклинальды Сөгеті (Көкпек-Дала) аккумуляциялық – денудациялық жазығы;
3. Абсолюттік биіктігі 1000 м-ден жоғары орташа таулы антиклинорий – Торайғыр тауы;
4. Абсолюттік биіктігі 1000 м-ден жоғары орташа таулы антиклинорий – Үлкен Бұғыты тауы.



Сурет 1 – Шарын ұлттық саябағының геоморфологиялық аудандары

Табиғи парк аумағын геоморфологиялық аудандарға бөлу академик Л.С.Берг, Р.Аболин, Н.А.Солнцев, И.В.Васильева, В.Н.Чупахин еңбектерінде келтірілген заңдылықтар негізінде жүзеге асырылды. Зоналық, а зоналық, генетикалық (геологиялық тарихы, палеогеографиялық жалпы көрінісі), кешенді ұстанымдарды негізге алу арқылы геоморфологиялық аудандар анықталды. Жалпы, өңірде туристердің қызығушылығын тудыратын нысандар бойынша геоморфологиялық аудандардан бөлек Шаған тоғайын да ерекше атауға болады. Әртүрлі ақпарат көздерін зерделеу барысында рекреациялық мүмкіндікке ие аудандар мен сол аудандарда дамытылуы тиіс туризм түрлерін анықтадық (2-сурет).



Сурет 2 – Шарын ұлттық табиғи паркі аумағының рекреациялық аудандары

Парк аумағында туристер үшін экскурсиялық тур Шарын өзенін бойлай жаяу жүру арқылы табиғи процестер әсерінен қалыптасқан табиғат ескерткіштерін тамашалаумен және таулы аудандарда бір күндік және ұзақ уақытқа арналған турлар ұйымдастыруға өте қолайлы. Енді табиғи нысандардың туризм түрлерін дамыту мүмкіндіктері мен географиялық ерекшеліктерін тоқталып өтейік.

Шаған тоғайы. Қазақстанда сирек кездесетін ағаштардың бірі – шаған. Орысша «яшень» деп аталатын шаған ағашы қазіргі кезде Шарын өзенінің аңғарында реликт ретінде сақталған. Шарын өзені аңғарының төменгі жайылма тұсында орналасқан Шаған тоғайы тоғайлы ормандардың ежелгі типіне жатады. Табиғат ескерткіші ретінде 1964 жылы жарияланған. Жасы 5 млн жыл шамасында. Бұл тоғай туралы XX ғасырдың басында орыс зерттеушісі В.И.Масальский мынадай мәліметтер келтірген: «қалың, көлеңкелі орманның ұзындығы 30 верст, ені 1 верстке жетеді. Кейбір шаған

ағашының диаметрі 12-14 вершок шамасына дейін болады. Биік жарқабақтың шетіне жеткенде ғана көрінетін қалың орман әбден күйіп, қаңсыған даламен күшті контраст жасайды». Қазіргі есеп бірліктеріне аударғанда 1 верст – 1,07 км, ал вершок – 44,5 мм шамасында болады [7]. Мұнда ғылыми, мәдени-танымдық, экологиялық туризмді дамыту мүмкіндігі бар.

Шарын каньоны. Көртоғай сайының желкесіндегі қилы заман көріністерін бейнелейтін көркем суретке ұқсайтын, қамалдар аңғарынан құралған, географиялық пайда болуы бойынша сыртқы күштердің (экзогендік процестер) су, жел әсерінен қалыптасқан морфомүсіндер.

Өзен бойында бірнеше шатқалды тоғайлар қалыптасқан. Тоғайлар күшті тілімделген (көптеген жерлері бедлендке айналған) шатқалдарда таралған. Шарын шатқалдарын аймақтың жер бедеріне, бітім-болмысына, ерекшелігіне қарап 4 бөлікке бөліп қарастырады. Яғни, бас жағындағы ағашы мол және өзеннің екі жағындағы тасы ағарып тұрған жерді *Ақтоғай* десе, ортадағы құмдауыт, шағыл қызыл керіш шатқалды *Көртоғай* деген. Атауының өзі аңғартып тұрғандай бұл жерде тас төбеден күн ауған сайын терең аңғар іші күңгірт тартып, қараңғылау, бір түрлі сұсты көрінеді. Атаудың да шығу тегі осындай ерекшелігінен көрінеді. Енді Көртоғайдың жазыққа шығар қылта, қысаң жерін *Мойынтоғай* деп атайды. Одан төмен тік аяғындағы сарғыш келген, емініп тұрған ен тоғайды *Сарытоғай* деп атаған [10]. Шарын каньоны аумағында туризмнің көптеген түрлерін дамытуға негіз бар. Ағысы қатты Шарын өзені рафтинг спортын, екі жағалаудағы жартасты морфомүсіндер мәдени-танымдық, ғылыми, экологиялық бағыттағы туризмді дамытуға қолайлы.

Үлкен Бұғыты және Торайғыр тау жүйелері. Алматы облысындағы аласа таулы массив. Үлкен Бұғытының парк аумағының біршама бөлігіне оңтүстік-шығыс беткейлері еніп жатыр. Торайғыр тауы – Ұлттық сабақ аумағына күнгей беткейлері еніп жатыр. Таулы аудандар бірінші кезекте аңшылық туризмді дамытуға қолайлы. Сонымен қатар, атпен серуендеу, танымдық, экологиялық мәні де бар.

Жалпы, ұлттық парк орналасқан аумақ ландшафтысының әркелкілігі флора мен фаунаның әр түрлі болуын қалыптастырған. Мұнда өсімдіктер мен жануарлардың 34 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына енген, сүтқоректілердің 60 түрі, ұя салатын құстардың 300 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 20 түрі кездеседі [11]. Негізгі Шарын каньонына басқа бірнеше каньондар жанасады. Мысалы, оң жақ сағасындағы Темірлік каньоны. Жергілікті жердің бірегей ландшафтары «Қорғандар аңғарына» немесе «Жалмауыздар шатқалына» апарайды. Жер бедерінің осындай күрделі формаларымен ерекшеленетін бұл аумақтар ұлттық парктің ерекше қорғалатын аумақтарының бірегейі.

«Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағының қазіргі таңдағы геоэкологиялық жағдайы, туризм мен демалысты ұйымдастырудағы маңызды нысандардың болуы, биоәртүрлілікті сақтай отырып, ұлттық парк аумағын тиімді пайдаланудың мүмкіндіктерін қарастыру – туристік индустрия үшін жаңа мүмкіндіктер береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Карта ГНПП «Шарын». Масштаб карты 1:200 000. –Астана 2008. Агентство по управлению земельными ресурсами. Изд. РГКП «НКГФ». Редакторы: Е.А.Гесско, Е.Г.Рынкевич, О.К.Чехович.
- 2 «Жетісу» энциклопедия. Бас редактор: Әбдуәли Қайдар. – Алматы. Арыс., 2004. 250-258 б.б.
- 3 Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы. //Б.Аяған ред. –Алматы: 2007., 9 том. 457-458 б.б.
- 4 www.ukimet.kz. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23-ақпандағы №213 қаулысы.
- 5 Диденко-Кислицина Л.К. Кайнозой Юго-Восточного Казахстана. Ч. 2. Геоморфология, новейшая тектоника. Алматы, 2001. 91 с.
- 6 Геологическая карта. Атлас Казахской ССР. Том I. «Природные ресурсы и условия».
- 7 Науменко А.А., Попов А.В., Бассейн реки Чарын: физико-географическая характеристика. – Алматы: Мектеп. 1996. 30-43.
- 8 Хромых О.В. Хромых В.В. Цифровые модели рельефа: учебное пособие. – Томск, 2007.
- 9 Чупахин В.М. Природные районирование Казахстана. – Алма-Ата, 1970. С. 60-68.
- 10 Айдарханұлы Ж. Шарын шатқалы. «Мұқағали» журналы, №3. 2009 ж.
- 11 Қазақстанның қорықтары мен ұлттық бақтары. Огарь Н.П. Шарын ұлттық бағы. – Алматы, 1999., 71-79 б.

АУМАҚТЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ


Қ.А. Көбегенова

Магистрант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.

Мақалада Шығыс Қазақстан облысы негізінде туризмді дамытудың кейбір мәселелері мен мүмкіншіліктері қарастырылған. Туризм, демалыс секторы бола отырып, экономиканың ірі индекаторларының біріне айналуға. Шығыс Қазақстан облысы аумағы туризмнің түрлерін дамытуда орасан зор мүмкіншіліктерге ие. Туризм саласы экономиканың тұрақты дамуының алғышарты ретінде әрбір елде өзінші дамуда. Көптеген елде туризмді дамыту арқылы әлемдік аренада өз позицияларын ұстап отыр.

Түйін сөздер: туризм, рекреациялық ресурс, ішкі және сыртқы туризм, туризм индустриясы.

Туризм жұмысқа, тұрғылықты мекен жайды ауыстыруға қатысы жоқ, адамның қолы бос уақытында жасайтын сапарлары мен саяхаттары және туристердің қажеттіліктерін өтеуге арналған қызмет көрсету сферасы [1]. Әрбір ел өзінің ішкі туризмін дамыта отырып, ары қарай халықаралық туризмді дамытуға мүмкіндіктер алады. Себебі, ішкі туризмді дамытып алмай, халықаралық туризмнің дамуы екі талай. Қазіргі кезде жыл сайын халықаралық туризмнің маңызы мен оған деген сұраныс артып келеді [2].



Сурет 1. Туризм саласының дамуына ықпал ететін факторлар [3].

Аумақтық туризмді дамытудың мәселелері туризм саласының дамуына ықпал ететін факторларға негізделеді (сурет №1). Рекреациялық сала қызметкерлерінің еңбегінің нәтижелері бойынша халық шаруашылығының кез-келген саласымен салыстыруға болады. Бұл іс – әрекеттің тиімді болу шарты – жақсы ұйымдастырылған, жоспарланған және дұрыс басқарылатын саланың болуы.

«Рекреациялық география» атты оқу құралы бұрыннан бері қолданыста. Рекреациялық мәселелердің зерттелуі, ғылыми білімдердің тенденциялардан оның заңдылығына ауысуы және пәннің негізінде пайда болған географияның жаңа мәні «рекреациялық география» дисциплинасының пайда болуына өзінің әсерін тигізді.

Ал 60-жылдардың ортасынан бастап рекреациялық география теориясын дамуының ережелерімен Ломоносов атындағы ММУ айналысады. Рекреациялық географияның пайда болуы мен дамуында алғашқы қадамын Преображенский жасады.

Рекреациялық географияда зерттемелердің үш негізгі әдістерін қарастыруға болады:

1. Органың негізіндегі әдісі (физикалық-географиялық бағыттары қарастырылады);
2. Қызметтік әдіс (адамдардың мінез-құлықтары мен қызметтері қарастырылған);
3. Субъективті әдіс (адамдардың тану қабілеттілігі мен оның ерешеліктері зерттеледі).

Рекреация (латын сөзінен recreation – қалпына келу түсінігін білдіреді) адам және адамзатпен жұмсаған еңбек күшін қайта қалпына келтірумен сонымен бірге қызметті атқаруға қажетті физикалық және интеллектуалдық потенциалын дамыту үшін сол күшті жинақтау болып табылады. Рекреациялық ресурстардың антропогендік құрылымы өзіне мәдени және тарихи ескерткіштерді, қалаларды, басқа елді мекендерді кіргізеді. Сонымен бірге рекреациялық ресурстар түрлері бойынша бөлінеді:

1. Туризмнің ресурстары
2. Емдеуші ресурстар
3. Басқалар

Рекреациялық ресурстарды функциялары бойынша бөлу:

1. Курорттық немесе емделуші
2. Денсаулықты жақсарту
3. Спорттық
4. Экскурсиондық-туристік

Атақты ғылымның Н.Ф.Реймерстің көзқарасы бойынша денсаулық мен еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіру шаралары, ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған туристік жолдамамен, арнайы ұйымдастырылған демалыс үлерде, яғни үйден тыс басқа жерлерде жүзеге асырылуы керек. Бұл тезисті И.И.Дедю ескере, рекреацияны демалудың синонимі қалпына келтіру және денсаулығын жақсарту шаралары ретінде тұжырымдайды.

В.С.Пресбраженскидің идеяларын дамытумен байланысты рекреациялық жүйенің адаптациялық моделі құрастырылған болатын. Бұл модельдің құрамында демалудың субъектісімен рекреациялық ортаны сезудің мен қабылдаудың үш кезеңі ажыратылған:

1. Қызметке дейінгі (ортаның «образы»);
2. Қызметтік («жағдай»)
3. Қызметтен кейінгі («із»);

Сезу мен қабылдаудың бірінші фазасы – рекреациялық қажеттіліктердің құрылымы мен сипаттамасын анықайды да, олармен рекреациялық жұмыстық циклдарға қатысты «тыңдаулықты» құрастырады;

Екінші фазасы – адамның демалудың ортасымен өзара байланыстылығы ретінде рекреациялық жұмысты орындаудың процесі болып табылады;

Үшінші фазасы – демалудан кейінгі экономикаға, мәдениетке, экологияға әсер етудің нәтижелері мен эмоционалдық аспектілерін ескертетін, рекреацияның эффективтілі болып табылады.

Кесте 1. Рекреациялық саланың анықтамалар жиынтығы [4].

Авторлар	Анықтама	Түсініктеме
1	2	3
В.Преображенский	Рекреациялық жүйе дегеніміз функционалды мәні бойынша объективті және әлеуметтік құрылым, басқа материалдық (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік) және материалдық емес (тұрмыстық қызмет көрсету, қоғамдық тамақтандыру, денсаулық сақтау) салаларымен теңдес халық шаруашылық жүйесі болып табылады.	Зерттеу практикасында жиналған мәліметтер геожүйенің ерекше концепциясын-территориялық рекреациялық жүйесін жасады, ол рекреациялық географияның оқу пәні болмақ.
Д.В.Николаенко Т.В.Николаенко	«Территориялық рекреациялық жүйе» – бұл әлеуметтік географиялық жүйе. ТРЖ-де белгіленген қоғамдық функциялар жиналған, оның ішінде адамның денсаулығы мен еңбек қабілеті, физикалық және психоэмоциялық күш-қуатын қалпына келтіру ең бастысы болып табылады.	Бұл ұғымды адамның тұрақты тұрғылықты жерінде де, оның шегінен тыс жерлерде де жүзеге асырылуы мүмкін адамның күштерін қалпына келтіруге бағытталған әрекет ретінде түсіндіреді. Терминдерді анықтау тәсілдерін қарастыру дейді.

И.В. Зорин В.А. Квартальнов	Демалыс жүйесі – бұл орталықтандырылған кіші жүйе туризм субъектілері болып табылатын күрделі әлеуметтік басқарылатын (ішінара өзін-өзі басқаратын) жүйе және олардың объективті функциясы олардың сауықтыру қажеттіліктерін барынша толық қанағаттандыру болып табылады.	Бұл орталықтандырылған кіші жүйе туризм субъектілері болып табылатын күрделі әлеуметтік басқарылатын жүйе.
	«Туристік жер» – бұл тұрғын жер (қала, ауыл), оның туристік құндылығын, туристік инфрақұрылымын мен көлік ыңғайлығын ескере отырып белгілі бір мекенді құрайды.	Бір мекенді құрайды.
	«Туристік аудан» – туризмнің дамуына арналған бірнеше табиғи, тарихи-мәдени және әлеуметтік-экономикалық жағдайлары бар экономикалық салалы аудан.	Табиғи, тарихи-мәдени және әлеуметтік – экономикалық жағдайлары бар салалы аудан.
	«Рекреация жағынан игерілген аумақтар» – бұл рекреацияның белгілі бір дәрежеге жеткен шаруашылық потенциалы.	Туризмде қолданыстағы аймақтар.
Асубаев Б.Қ. мәліметтері негізінде құрастырылған*		

Аумақтық туризмді дамытудың мәселелері Қазақстан бойынша қарастырылу деңгейі нашар. Ол тақырыпта зерттеушілер Ердаулетов С.Р. (2000-2015 жж), Мазбаев О.Б (1995-2020жж), Асубаев Б.К., Тоқпанов Е.А, Жақұпов А. т.б [5, 6, 7] еңбектерінен көреміз. Алтай таулы аймағының рекреациялық туристік мүмкіндіктері Жемісбаева Н ғылыми еңбегінде қарастырылған. Алакол көлінің рекреациялық әлеуеті Мукаев Ж еңбектерінде берілген [8, 9]

Шығыс Қазақстан облысы ішкі және сыртқы туризмді дамытудағы қажетті ресурстарға ие, бүгінгі күнде аймақ төмендегідей сипатталады:

- Экономиканың жоғарғы даму қарқындылығы;
- Инвестициялық тартымдылық;
- Тиімді геосаяси және географиялық орналасуы;
- Транспорттық қолжетімділік;
- Ойын-сауық индустриясы;
- Қолайлы табиғи климаттық жағдай;
- Тарихи мәдени байлықтар;
- Туристік индустрияға қатысты кәсіби кадрларды дайындауда білім ошақтарының болуы [10].

Шығыс Қазақстан облысында туризмді дамыту үшін үлкен әлеуеттік мүмкіндіктері бар. ШҚО-ның тек Қазақстандық қана емес, сонымен қатар әлемдік туристік нарықта әлеуетті бәсекеге қабілеттілігін көрсете алатын айырықша табиғи-географиялық, климаттық, бальнеологиялық, мәдени-тарихи ресурстары бар [11].

Кесте 2. Шығыс Қазақстан облысында туризмді дамытуға свод анализ.

<i>Күшті жақтары</i>	<i>Әлсіз жақтары</i>
<ul style="list-style-type: none"> – Облыстың географиялық-шекаралық жағынан қолайлы орналасуы; – Ауқымды жер ресурстары және табиғи-климаттық ерекшеліктерінің әртүрлілігі; – Сан алуан және бай минералдық-шикізат базасы; – Қуатты өндірістік әлеует; – Көлік-коммуникация әлеуетінің дамуы; – Жоғары инновациялық-білім әлеуеті; – Бірегей рекреациялық ресурстары. 	<ul style="list-style-type: none"> – Әлемдік негізгі тауар рыноктарынан алшақтығы; – Әлемдік және өңірлік еңбек бөлінісінде өңірдің тар мамандануы; – Рекреациялық инфрақұрылымның дамымағандығы; – Аграрлық өндірістің өнімділігін төмендететін және қауіптілігін арттыратын факторлардың болуы; – Тіршілікті қамтамасыз ету инфрақұрылымның жоғары тозуы; – Қанағаттанғысыз экологиялық жағдай.

<p>Облыстың даму болашағы мен оның одан әрі аумақтық дамуы дәстүрлі бәсекелік артықшылықтарды пайдаланумен бірге, оның географиялық жағдайын мүмкіндігінше пайдалану стратегиясын іске асырумен тікелей байланысты болуы қажет. Облыс қазіргі кезде шикізат ресурстарын жеткізушілердің біреуі міндетін іске асыруда, уақыт өте ол жоғары қосымша құнды өнім өндіруші болуы қажет. Қалалар негізінде өзіне экономикалық белсенділікті шоғырландыра алатын азиялық тауар, технология және мәдени алмасулардың маңызды тораптарын қалыптастыру мүмкіндіктері бар.</p>	<p>Облыстың тұрақты аумақтық дамуына мынадай факторлар кедергі болуы мүмкін: – Облыстың өңірлік және әлемдік еңбек бөлінісіндегі тар, негізінен шикізаттық мамандануының қалуы, транзиттік тәуелділік және экономикалық оқшаулық. – Демографиялық үстемділіктің күшеюі және көрші мемлекеттерден шекаралық өңірлерге рұқсат берілмеген көшіп-қону. – Экологиялық жағдайдың нашарлауы, табиғатқа антропогендік әсер етудің күшеюі салдарынан тіршілік ету ортасының тозуы, осының нәтижесінде – тіршілік ету және шаруашылық қызметке қолайлы аумақтардың азаюы.</p>
Мүмкіндіктері	Қайыптер

Жағажайлық демалысты дамытуда туристік қызығушылықты тудыратын негізгі орындардың бірі Алакөл көлі болып табылады. Алакөл көлі Қазақстандағы Алматы және Шығыс Қазақстан облысының аумағында орналасқан. Көлдегі негізгі туристік орталықтарды атап өтсем, Көктұма ауылы-Алакөл жағалауының оңтүстігінде орналасқан туристік орталық. Жергілікті ауыл тұрғындары Алакөлді ең таза көл деп есептейді. Жазғы маусымда Алакөл жағалауында демалу үшін әр қалалардан тіпті басқа елдерден келушілер саны көп. Ауылдың өмір сүру деңгейі жоғары деп айтуға болады, сонымен бірге халықтың тұрмыс жағдайы туризм дамуына мүмкіндік береді.

Ақши ауылы – Алакөл көлінің оңтүстік-батыс жағалауларында орналасқан. Жыл сайын көл суының деңгейі көтерілуде, сәйкесінше жағалаулар бұзылып, оларды күшейту керек. Өйткені, бүгінгі күні Ақши туризм орталығына айналды. Демалушылар үшін көптеген қонақ үйлер көл жағалауында салынған, нәтижесінде, көл жағалауы қатты ластанған. Ақши ауылынан 10 шақырым жерде Бұлақты ауылында емдік балшықтар бар.

Қабанбай ауылы – ШҚО, Үржар ауданы, бұрынғы Жарбұлақ аудан орталығы. Кейіннен батыр баба есіміне Қабанбай аталған. Бүгінгі күні ауыл балық шаруашылығымен, мал шаруашылығымен айналысатын Алакөл маңайындағы ірі орталық болып табылады [12].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Достай Ж., Бейсенова Ә.С., Каймулдинова К. Дүние жүзіне аймақтық шолу географиясы. Алматы, 2007, 24 б.
2. Белгибаев М.Е., Касенов Е.Н., Туризмнің дамуына әсер етуші факторлар// Еуразия білімі, 2017, №1-2 (16), 37-39 б.
3. Нүсіпбай Н.Н., Қазақстан туризм индустриясының жағдайы мен оны дамытуда шетел тәжірибесін пайдалану// География в школах и вузах Казахстана, 2019, №1, 10-12 б
4. Асубаев Б.Қ. Алакөл көлінің акваальды аумақтық кешендерін рекреациялық бонитоировкалау әдісі//Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Хабаршы, №1(27), 2011ж, 13 б.
5. Ердаuletов С.Р. География туризма: история, теория, методы, практика, Алматы, 2000
6. Мазбаев О.Б.Туристік іс әрекеттерді ұйымдастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері. Монография Изд. «Эверо».Алматы: 2013.-272 б.
7. Тоқпанов Е.А., Омаров Қ.М., Беркінбаева Е.Е./Жалаңашкөл көлінің гидроминералдық ресурстарын туризм мен демалысты дамыту мақсатында зерттеу //Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. Жаратылыстану-география ғылымдары сериясы = Вестник КазНПУ им.Абая. Сер. Естественно-географические науки = Bulletin. Series of Natural-geographical sciences. – 2017. – N 1(51). – Б.96-100. . – ISSN 1728-8975
8. Женсикбаева Н.Ж. «Оңтүстік Алтайдың аумақтық-рекреациялық әлеуеті және игеру жолдары», 6D060900-География, PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы, Астана, 2018
9. Мукаев Ж.Т. «Геоэкологияческая оценка территориально-рекреационных систем юбассейна озера Алаколь», 6D060900-География, диссертация на соискание ученой степени доктора философии (PhD), Астана, 2015
10. Карменова Н., Қадірсіз А., Шығыс Қазақстан аймағының табиғат байлықтарына баға беру// География және табиғат, 2019, №1, 8-11 б.
11. Белгибаев М.Е., Егорина А.В. Развитие экологического туризма Восточном Казахстане// XIII-я Международная научная конференция «Актуальные вопросы современной экономической науки».Россия, г.Липецк.23август,2013, с 13-21.
12. Коровин В.И., Кудрин Р.Д. //Алакольская впадина и ее озера// Алма-Ата, Наука, 1965 г., с-122-140.

ҒТАМР 06.71.57

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НЫСАНДАРЫНЫҢ ТУРИЗМ ДАМУЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Е.Қ. Жұмағұлов

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Мақалада еліміздегі киелі нысандардың көптеп шоғырланған аймақтарының бірі – оңтүстік өңірдегі киелі нысандардың туризмді дамытудағы рөліне мән беріледі. Әсіресе, мұндай нысандар біздің зерттеуімізге негіз болып отырған қасиетті Жетісу мен Түркістан өңірінде орналасқан. Бұл өңір – ерекше сұлу табиғатымен, тарихи тұлғаларымен, саяси-тарихи оқиғаларымен ерекшеленетін киелі мекен. Осы өңірде жергілікті және жалпы ұлттық мәні бар көпшілікке мәлім де, беймәлім киелі нысандарды тиімді пайдаланып туризмді дамыту бойынша ұсыныстар әзірленді. Қоғамның рухани жаңғыру мәселесі өткір болып тұрған қазіргі уақытта киелі жерлер географиясына көңіл бөлу уақыт талабы.

Түйін сөздер: киелі жерлер, бірегей табиғи ландшафттар, діни орындар, археологиялық ескерткіштер, тарихи тұлғалар туризм.

ҚР-ның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында Қазақстанның киелі жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқаны, әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы ретіндегі айрықша рөлі атап өтіледі [1].

Елбасы мақаласындағы басым бағыттарды жүзеге асыру мақсатында ҚР Ұлттық музейі жанынан құрылған «Қасиетті Қазақстан» ғылыми зерттеу орталығы «Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары» жобасына енгізілген нысандардың тізімін ұсынды [2]. Мұндағы мақсат – еліміздегі қасиетті тарихи орындарды анықтап, оларды ұлттық ұстаным деңгейіне көтеру. Киелі орындар жалпыұлттық деңгейлі және жергілікті маңызы бар нысандар болып бөлінді. Ғалымдар мен өлкетанушылардың пікірлерін ескере отырып құрастырылған реестр бойынша барлық қасиетті нысандарды бес топқа классификациялады:



1. Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері



2. Археологиялық ескерткіштер және ортағасырлық қалалық орталықтар



3. Діни және ғибадат орындары



4. Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар



5. Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар

Сурет 1. Қазақстанның киелі жерлерінің классификациясы

«Қазақстанның қасиетті орындары» ретінде ерекше қастерленетін табиғи-мәдени мұра, зайырлы және діни сәулет ескерткіштері, кесенелер, сондай-ақ Қазақстан халқының жадында өшпес із қалдырған тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындар ұсынылды. Сонымен қатар, Қазақстанның әлеуметтік-саяси өмірінде маңызды орын алатын, ұлттық бірлік пен жаңғыру нышаны ретінде көрінетін нысандар кірді.

Жалпы, киелі жерлер географиясы туралы сөз қозғағанда әулиелі, киелі, қасиетті немесе сакралды сөз тіркестері ауысып қолданыла береді. Сондықтан да, бұл ұғымның тұжырымдық-түсіндірмелік негіздемесіне мән берген жөн секілді.

«Сакралды» сөзінің түп-төркіні латын тілінде жатыр. Еуропалықтар осынау ұғым-түсінікпен өздері ерекше қастерлеген діни, тіпті мистикалық құбылыстарды, күнде көріп жүрген таныс ортадағы өзгеше болмысты, иррационалды дүниені, нысандарды бейнелеген [3].

Қазақ халқы сакралды сөзін естімей тұрып-ақ дінді ғана емес, жарық дүниенің тылсым таңғажайыптарын, бүкіл қоршаған ортаны қастерлеудің классикалық қағидаларын қалыптастыра алды. Адамдардың күнделікті өміріне қатысты тыйымдарымыздың өзі мән-мағынасы жағынан қоғамдық санадағы, дүниетанымдағы сакралдылық жайлы тұжырымдарымыздың биік деңгейін бейнелейді. Мәселен, табалдырықта тұруға, босағаны керуге, малды ұруға, молаға қарай жүгіруге тыйымдары шаңырақты, мал-жанды, аруақтарды – екі дүниені де ерекше құрметтегеніміздің дәлелі. Сакралды географияның пайда болуы себебі мен философиясының түп көздегені де – осы. Ол төл тарихымыздың қай дәуіріне болсын тән ізгілік, биік рух, болашаққа сенім тәрізді қасиеттермен үндесіп жатыр [4].

Қазақтың сакралды әлемге сәйкес тілдік қоры да қалыптасқан. Солардың ішінде үш сөздің этимологиясы мен танымдық әлеуеті айрықша көзге түседі. Ол сөздер – әулиелі, киелі, қасиетті [5]. Осы орайда қай сөзді қолдансақ та, еліміздің елдігін ерекшелейтін нысандардың құны түспесі анық.

Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы туризм үшін маңызы зор. Себебі осы киелі жерлерді көруге әлемнің барша жерінен және өзге өңірлерден туристер көптеп келеді. Ал, елге бірнеше мың туристерді жинау ел бюджетіне табыс түсіреді. Міне, сондықтан бұл жоба еліміздің туризм секторын дамытудағы маңызы зор. Реестр бойынша еліміздің оңтүстік өңірінен ерекше бағаланатын ескерткіштер [6]:

Кесте 1. Оңтүстік өңірдің киелі жерлері

pp/н №	Киелі жерлер классификациясы	Киелі нысандар
1	Табиғи мұра ескерткіштерінен:	Хан-Тәңірі таулары, Қазығұрт тау кешені, Жылаған ата бұлағы мен үңгірі, Ақмешіт үңгірі, Тамшыбұлақ бұлағы, Шарын шатқалы;
2	Археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтар	Теректі әулие петроглифтері, Боралдай, Есік тарихи-археологиялық кешендері, Отырар қалашығы, Тараз қалашығы, Яссы (Күлтөбе, Түркістан) қалашығы, Жанкент қалашығы, Сығанақ қалашығы, Жент қалашығы, Ақыртас кешені, Меркі, Жайсан түркі ғұрыптық кешені, Қойлық қалашығы, Сайрам қалашығы, Сауран қалашығы, Созақ қалашығы;
3	Діни және ғибадат орындары	«Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени кешені (Қ.А. Яссауи кесенесі, Салқам Жәңгір хан, Тәуке хан, Абылай хан, Шақшақ Жәнібек, Қаз Дауысты Қазыбек би, Қанжығалы Бөгенбай, Жауғаш батыр және басқада ұлы тұлғалардың жерленген жері), Үкаш ата кесенесі, Қорқыт ата мемориалды кешені, Бегім ана мұнарасы, Баба Түкті Шашты Әзіз кесенесі, Айша бибі, Бабаджа Хатун кесенелері, Ибраһим ата, Қарашай ана, Гауһар ана кесенелері, Бәйдібек би, Домалақ ана кесенелері, Исмайыл ата сәулет кешені, Қорасан Ата кесенесі, Төлегетай-Қылышты ата кешені, Арыстан баб кесенесі, Қарахан кесенесі, Тектұрмас кешені, Қарабура кесенесі, Оқшы ата кесенесі, Жаркент мешіті, Аппақ-Ишан мешіттері, Вознесенск кафедралды шіркеуі, Христос Спаситель шіркеуі;
4	Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар	Есім хан кесенесі, Хақназар хан кесенесі, Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен батырлардың кесенелері: Қапал батыр, Малайсары Токтауылұлы, Райымбек батыр, Наурызбай Құттымбетұлы. Ұлт-азаттық көтеріліс батырларының кесенелері: Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Байзақ датқа. Алтынемелдегі Шоқан Уәлихановтың мемориалдық кешені және жерленген жері, Жамбыл Жабаев кесенесі, Ахмет Байтұрсынұлы мемориалды үйі, 1916 ж. көтеріліс басшылары: Ұзақ пен Жәмеңке батырлар;
5	Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар	Таңбалы тас ескерткіші, Орбұлақ, Аңырақай шайқастары болған тарихи жерлер, Бірлік – Ордабасы мемориалды кешені, Жаналық кенті саяси қуғын-сүргін құрбандарының жерленген жері, 1991 жылы Тәуелсіздік Декларациясы қабылданған «Үкімет үйі» ғимараты, Республика алаңы – Тәуелсіздік монументі, «Тәуелсіздік таңы» – 1986 жылы желтоқсан оқиғасына арналған ескерткіш.

Жоғарыда жинақталған еліміздің оңтүстік өңіріндегі жалпы ұлттық және жергілікті киелі орындардың ерекшеліктерін ескере отырып, туризмді дамытуда келесідей ұсыныстар айтуға болады:

– «қасетті, киелі, сакралды» ұғымының тұжырымдық-түсіндірмелік негіздемесін жасау, қоғам дамуындағы рөлін анықтау;

– өңірлер бойынша көпшілікке беймәлім өңірлік маңызы бар киелі нысандарды анықтау, теориялық негіздемесін жасау;

– өңірлер бойынша жалпыхалықтық және өңірлік маңызы бар киелі нысандардың бірегей реестрін құру, туристерге арналған маршруттарын ұсыну;

– жалпы ұлттық және өңірлік маңызы бар сакралды нысандарды байланыстыратын туристік маршруттарды негіздеу, нысандар туралы жинақталған мультимедиялық ақпараттарды QR-кодтау.

Жалпы, қорыта келе Ұлы даланың тарихынан сыр шертетін киелі нысандар – Қазақстан қоғамының, туризмінің, халықтың рухани-мәдени тұрғыдан үйлесімді дамуының кепілі. «Аға буынның айтулы еңбектерін жалғастыра келе, біз болашақ ұрпақ нақты қадам баса алатын жол саламыз. Бұл тәуелсіз Қазақстанның даму, өсу және гүлдену жолы болады», – деп Елбасы Н. Назарбаев Қазақстан қоғамының алдында тұрған міндетті қысқа да, нұсқа жеткізді [6, 7]. Ұшса құстың қанаты, жүгірсе аңның тұяғы талатын Қазақстанның ұлан-байтақ аумағы қаншама тылсым сырларды ішке бүгіп, жұмбақ күйде қалып отыр десеңші! Ата-бабаларымыз аманаттап кеткен Ұлы Даланың мыңжылдық рухани өркениеті, ғажап тарихи-мәдени құндылықтары төрткүл дүниені тамсандырып отырғанда ескіліктің ерекше ескерткіштерін ескермеуіміз бәріміз үшін кешірілмес күнә. Халқымыздың баршаға ортақ қасиетті жерлерінің біртұтас желісін жасау арқылы өскелең ұрпақ бойына ұлттық мақтаныш сезімдерін ұялата білу – баршамыздың міндетіміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 26 сәуір, 2017.

2 Рухани жаңғыру жобасының ақпараттық порталы. Қазақстанның киелі жерлері. <https://ruh.kz/kz/news/qazaqstannyn-kieli-zherleri/>

3 Ханкелді Әбжанов. Сакралды география. Ол не? Egeмен Qazaqstan. 28 ақпан, 2018 жыл.

4 «Жетісу» энциклопедия. Бас редактор: Әбдуәли Қайдар. – Алматы. Арыс., 2004. 250-258 б.б.

5 Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы. //Б.Аяған ред. –Алматы: 2007., 9 том. 457-458 б.б.

6 «Қасиетті Қазақстан» картасына енген орындар мен нысандар: http://old.baq.kz/kk/news/ruhani_zhangiru/kasietti_kazakstan_kartasina_engen_orindar_men_nisandardin_tolik_tizimi20171110_210700

7 <https://e-history.kz/kz/contents/view/862>

FTAMP 06.71.57

ПАНФИЛОВ АУДАНЫН ТУРИСТІК-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ НЫСАН РЕТІНДЕ ДАМУДАҒЫ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Ш.У. Лайсханов

PhD доктор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

А.А. Мұқағали

Студент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Мақалада Панфилов ауданының туристік және рекреациялық нысандардың бірі ретінде даму жолы және рекреациялық ресурстарды жоспарлау мен басқаруды жетілдіру бағыттары қарастырылады.

Түйін сөздер: Рекреация, ресурс, туризм, бағалау, аудан, климат.

Панфилов ауданы солтүстік және батыс жағында **Кербұлақ** ауданымен, шығысында **Қытаймен (КХР)** және оңтүстігінде Іле өзені арқылы **Ұйғыр** ауданымен шекараласады. Солтүстік-батысында Жетісу Алатауының Тоқсанбай, Бежінтау, Қатутау, Қояндытау жоталарымен шектелген. Ауданның ең биік жері – Мұзтау тауы (4370 м). Оңтүстік-шығыста аласа таулы Ақтау тауы (883

м) орналасқан. Мұнда палеоген дәуірінде (шамамен бұдан 50 млн жыл бұрын) тіршілік еткен жануарлардың сүйектері сақталған Ақтау палеонтологиялық қазба орны бар. Аудан аумағына Алтынемел ұлттық саябақтың қиыр шығыс бөлігі кіреді (40 мың га). Жер қойнауында полиметалл кен тастары (Үлкен Өсек), көмір (Тыңқы), алтын, күміс (Шығыс Қат, Сорқара, Сенім) кездеседі [1].

Панфилов ауданы аумағында континенттік климат қалыптасқан. Қысы біршама жылы. Таулы өңірлерде қар қалың түседі (40-60 см). Қаңтар айының орташа температурасы – 8-10 °С. Жазы ыстық әрі құрғақ. Шілденің орташа температурасы – 20-24 °С-ге дейін көтеріледі. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 93-100 мм-ден (жазық өңірде) 500-700 мм-ге (таулы өңірде) дейін барады [2].

Total serum protein performs a number of important functions in the body. He takes part in the maintenance of osmotic pressure, performs transport, enzymatic and protective functions, determines the buffer properties of blood, is actively involved in the metabolism of proteins of the whole body. Total serum protein when feeding feed additives in the experimental groups was higher than in the control group of cows. In the application of Ceovit by 7.2 % and Bentovit by 9.7 % compared with the control group. The difference in performance is significant when P<0,05.

The positive effect of mineral supplements on the body of dairy cows is expressed in the increase of mineral substances in the blood. The level of calcium and phosphorus in the blood was higher in cows that received vitamin-mineral feed additives in their diet..

So, in the experimental group, where Tseovit was fed, the amount of calcium in the blood was 5% more, and where Bentovit was fed, it was 11.5 % more than in the blood of the control cows. There was an increase in the level of phosphorus in the blood in the 1st test group by 10% and in the 2nd test group by 15.5 % compared with the control group (P<0, 05).

Carbohydrates play an important role in the energy balance of the body. The main source of energy in the body of lactating cows is glucose, which in turn is the main precursor of lactose. Glucose is absorbed into the blood and enters the tissues; its excess is deposited in the liver as glycogen, in muscles and other tissues. The concentration of glucose in the blood of the studied groups were within the physiological norm. In the experimental groups, its concentration tended to increase by 21.7% in the first experimental group and by 38% in the second group (P<0,05).

Conclusion

After the research, we can conclude that the use of two formulations of feed additives: «Ceovit» and «Bentovit», obtained on the basis of natural minerals of Chancanai zeolites and Akzhar bentonites, as a feed additive for dairy cows did not adversely affect the morphological and biochemical blood parameters. All studied parameters were within the physiological norm.. At the same time, feed additives had an impact on increasing the amount of glucose, total protein, hemoglobin. Also in the serum of cows of the experimental groups compared with the control, the content of inorganic phosphorus increased by 10 % and 15.5 %, calcium – by 5% and 11.5 % (P<0,05).

The use of these formulations of vitamin-mineral feed additives has a positive effect on the balance of energy, calcium and phosphorus, contributes to a more intensive flow of metabolic processes in the body, providing correction of hematological parameters.

References

- 1 Gamko L.N. Some morphological and biochemical blood parameters and productive qualities of dairy cows when fed in diets of natural mineral additives / L.N. Gamko, E.A. Lemesh, D.Vlasenko // Young scientist. – 2015. – №5. Pp. 5-8.
- 2 Kokarev, V.A. Optimization of the mineral nutrition of highly productive cows of farm animals / V.A. Kokarev et al. // Zootechny. – 2004. – №7. From 12-16.
- 3 V.Tanifa Optimization of the process of digestion in cows / V.V. Tanifa., Yu.Ya. Kravainis, Kravayne R.S. – Almaty, Agropromizdat, – 1996. P.328.
- 4 Satygul S.Sh. On the main directions of the accelerated development of dairy cattle breeding in the Republic of Kazakhstan // Bulletin of agricultural science. – 2007. – № 11. C.37-39.
- 5 Yu. Artemov I., Chernykh R., Pepelina V. Use of zeolite-containing rocks in cow rations // Dairy and Beef Cattle Breeding. 2001. – №6. – p.22-24.
- 6 Kalachnyuk G.I., Lytsur Yu.N., Savka OG et al., Biotechnological Foundations of Effective Feed Mixtures with Sorbents, Sb. tr. The third international conference. Actual problems of biology in animal husbandry. – Borovsk – VNIIFBiP. – 2000. – p. 94 – 95.

КАВИТАЦИЯЛЫҚ МАЙДАЛАҒЫШТЫ ПАЙДАЛАҢУ НЕГІЗІНДЕ ЖИДЕКТЕРДЕН ЖАҢА ӨНІМ ТҮРЛЕРІН ДАЙЫНДАУ

Қ. Баймендинова, Б. Нуртаева, Т. Тажибаев
Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ.

Жеміс-жидек шикізатын кавитациялық майдалауға негізделген жаңа өнім түрлерін дайындау технологиясы ұсынылуда. Технология жемістер мен жидектерді қабығы, тұқымдары мен бірге майдалау мүмкіндігін қарастырады. Бұл технология өндірілетін өнім ассортиментін кеңейтуге, оның тағамдық құндылығын арттыруға, энергия шығынын азайтуға, қалдықтардың мөлшерін азайтуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: жеміс-жидек шикізаты, гидромеханикалық өңдеу, инновациялық технология, құрғақ зат мөлшері.

Жидектер республиканың барлық облыстарындағы ауыл шаруашылықтарында өсіріледі. Өнімнің негізгі көлемі Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарының шаруа және фермерлік қожалықтарында өсіріледі. Жидек (қарақат, малина, шырғанақ, таңқурай, бүлдірген, т.б.) өсіру бойынша алдыңғы қатарлы облыстар: Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Жамбыл және Оңтүстік-шығыс Қазақстан облыстары болып табылады.

Жидектер бойынша ішкі нарықтағы импорт үлесі айтарлықтай және 49% – дан 91% – ға дейін құрайды. Жидектер бойынша өндірістегі экспорт үлесі – 0,3-1% құрайды. Қазақстанда жидек өндірісі халықтың қажеттілігін толық жаба алмайды. Қазақстанда жидектердің 80 % – дан астамы импорт алады. Қырғызстан, Беларусь, Қытай, Түркия, т.б. мемлекеттерден әкелінеді.

Қазақстанның жеміс-жидек нарығын 2 бөлікке бөлуге болады. Нарықтың бірінші секторы – бұл ұсыныс пен сұраныстың айқын маусымдық сипаты бар жеміс-жидектер (шие, құлпынай, таңқурай және өзге де жидектер, алмұрт, алма және отандық өндірістің алхоры, өрік, шабдалы, жүзім жемістері). Бұл жағдайда қазақстандықтар бұл жеміс-жидектерді стандартты сценарий бойынша – ассортименттегі өнім жарты жылдық болып келеді, ал жарты жылдық өнім жоқ тапшы болып келеді. Қысқы айларда, күз кезінде ол сапасы нашар импорттық өнімге, сондай-ақ отандық жидектермен салыстырғанда қымбат бағаға ауыстырылады.

Екінші сектор – бұл импортталатын жеміс-жидектер, яғни, ұсыныс пен сұраныс жыл мезгіліне қарамастан тұрақты (бүлдірген, малина, қарақат, шие, құлпынай, т. б.) импортталатын жидектер.

Жеміс-жидек өнеркәсібі – тамақ индустриясының негізгі салаларының бірі. Ол халықтың жоғары тағамдық және биологиялық құндылығы бар, адам үшін пайдалы биологиялық белсенді, соның ішінде минералдық заттар, дәрумендерге бай тағаммен тұтыну үшін маңызды рөлге ие.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Кавитациялық диспергерлеу жолымен жемістер мен жидектерден пюре тәрізді өнімдерді алу технологиясын зерттеу және әзірлеу үшін кавитациялық диспергатор алынды. Кавитациялық диспергаторлар жемістер мен жидектерді майдалаудың инновациялық әдісі болып есептеледі [1, 3].

Өнімдерді ұсақтау Қазақ ұлттық аграрлық университетінде дайындалған кавитациялық диспергаторда (1-сурет) жүргізілді, қондырғының авторлары Т.С. Тажибаев және М.Ж. Хазимов Тәжірибелік қондырғы Қазақ ұлттық университетінде, 4 оқу корпусында, 430 аудиторияда орналасқан.



1-сурет. Кавитациялық диспергатор

Диспергатор келесі бөліктерден тұрады: сыйымдылық, электр қозғалтқышы, кавитатор, жиілік түрлендіргіш, басқару пульті. Өнім ыдысқа кейіннен құбыр арқылы кавитаторға түседі. Қондырғының жұмысын қамтамасыз ету өткізгіш кабель арқылы 220В айнымалы токтан электр қозғалтқышымен жүргізіледі. Электржетекті басқару қосу және ажырату функциясын, айналу бағытын өзгертуді, сондай-ақ-қозғалтқыштан авариялық ажыратуды қамтамасыз етуді орындайды.

Айнымалы жүктеме кезінде тұрақты берілген жиіліктегі кавитациялық ұяшықтың роторының айналуын қамтамасыз ету АИР112М2 У3-7,5 кВт типті асинхронды электр қозғалтқышымен жүргізіледі.

Басқару қалқанының негізгі элементтері-кіріспе ажыратқыш, «іске қосу» және «тоқтау» басқару кнопкалары. Сонымен қатар авариялық ажырату түймесі, бақылау-өлшеу аппаратурасы қондырғыны басқарудың бет панеліне шығарылды. Сондай-ақ, бет панеліне термодатчик индикаторы шығарылды.

Шикізат пен пюре өніміндегі құрғақ заттардың құрамы талданды. Құрғақ заттар тұрақты массаға дейін кептіру әдісімен анықталды. Германия BINDER кептіргіш шкафы пайдаланылды. Серия, FED (мәжбүрлі конвекциямен және көпфункционалды бақылаумен, 1°C дәлдікпен температураны сандық теңшеу, желдеткіш жылдамдығын реттеу (1-ден 100 % – ға дейін), камера реттелетін желдету, бағдарламалық қамтамасыз ету интерфейсі, көлемі 1000x500x800, температура диапазоны 50 °C-ден 230 °C дейін) және MWP 150 N электрондық таразылар. Өлшеудің ең үлкен шегі -150 г, өлшеудің ең кіші шегі – 0,01 г, тексеру бөлу бағасы 0,005 г, есептеу дискреттілігі – 0,005 г). Сонымен қатар құрғақ заттың массасын анықтау үшін әр өнімнің сынамасы жеке-жеке үш қайталауда алынды. Сондай-ақ, алдын ала өлшенген түрлі массаның алюминий бюкстері қолданылды.

Құрғақ заттардың ылғалдылығын анықтау үшін диаметрі 5-5,5 см, биіктігі 4-5 см бюкс алады. Бюксті теххимиялық таразыларда өлшеп, 5 г өнім салады.

Өнімді салғаннан кейін бюкстің өніммен бірге жалпы салмағын анықтайды және деректерді кестеге енгізеді.

Осыдан кейін бюксті аналитикалық таразыда 0,001 г дейінгі дәлдікпен өлшейді, салмағының айырмашылығы бойынша зерттелетін заттың бюксте қанша екенін анықтайды. Өнім салынған ашық бюкстерді кептіру шкафына 60 °C температурада кептіруге салады. Кептіруді тұрақты салмақ алғанға дейін жүргізеді.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау.

Жидектерді қайта өңдеу-бұл өнімнің сапасын сақтауға және жақсартуға, сондай-ақ оның жарамдылық мерзімін ұзартуға бағытталған процесс. Қайта өңдеу ұсынылған тәсілдердің кез келгенімен консервілеуді қамтуы мүмкін. Жемістер мен жидек дақылдарын консервілеу өнімді ұзақ уақыт сақтауға және оны сақтау мерзімін ұзартуға көмектеседі. Сондай-ақ, бұл іс-шараның мақсаты өнімнің шіруі мен бүлінуін барынша азайту болып табылады. Сақтау шарттары зиянды бактериялардың дамуына және жойғыш процестердің одан әрі дамуына кедергі келтіруі тиіс. Жидектердің бастапқы қасиеттерін ұзағырақ сақтау үшін бүгінде инновациялық әзірлемелерді қолдану өзекті.

Жемістер мен жидектерді қайта өңдеу үшін пайдаланылатын инновациялық технологиялар қатарында:

- Қайта өңдеудің микробиологиялық тәсілдері (ашыту, тұздау және т. б.);
- Химиялық әдістер – антисептикалық әсері бар (күкірт қышқылы) заттарды қолдану арқылы консервілеу және маринадтау;
- Термостерилизацияны, кептіруді, мұздатуды қамтитын физикалық әдістер;
- Механикалық тәсілдер және т.б.

Қайта өңделген жемістер мен жидектерге пайдалануға дайын өнімдер немесе жартылай фабрикаттар жатады. Жемістер мен жидектерді қайта өңдеу оларды ұзақ уақыт сақтауға, халықты жыл бойы жеміс-жидек өнімдерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қайта өңдеудің әртүрлі тәсілдерінде жеміс-жидек өнімдері тұз, қант, майлар, дәмдеуіштер қосу, қышқылдардың жиналуы нәтижесінде ерекше қасиеттерге ие болады. Бұл ретте өнімнің калориялығы артып, консистенциясы, дәмі мен хош иісі өзгеруі және жақсаруы мүмкін. Дұрыс таңдалған технология болса витаминдер мен басқа да физиологиялық белсенді заттардың құрамы азайса да, жоғары деңгейде қалады.

Пюре тәрізді және басқа да өнімдерді алу күрделі технологиялық процесс болып табылады. Мұндай өнімді өндіру кезінде оған шикізаттың сапасы бойынша да, оларды дайындау кезінде де жоғары талаптар қойылады. Жылумен өңдеу дұрыс жүргізілген жағдайда шырынды, әсіресе қара түсті жемістердің жұмсағы сүйектен оңай бөлінуі тиіс, майдалау кезінде ең аз қалдықтар қолайлы консистенция және өңделетін шикізаттың тұтқырлығы болуы тиіс.

Көптеген пюре тәрізді массаны алу «сүзу» әдісімен жүргізіледі. Бұл тәсілде үлкен қалдықтардан електерді тазалау қажеттілігі байқалады. Консистенцияны және ыдырауға қарсы төзімділікті жақсарту үшін өнімді гомогениздейді. Гомогенизация кезінде дене бөлшектерінің мөлшері 50 мкм ден кем мадаланады, бұл салмақтағы күйде жұмсақтың сақталуына ықпал етеді. Гомогенизация үшін негізінен плунжерлік және роторлы-пульсациялық гомогенизаторлар қолданылады. Гомогенизация кезінде шикізат ауаны сіңіреді. Ауадағы оттегі витаминдерді, бояғыш заттарды және жемістің басқа да компоненттерін тотықтырады, соның салдарынан өнімнің сапасы нашарлайды. Бұл жағдайда деаэрация технологиясы қолданылады. Деаэрация кезінде ауаны шығару температураның жоғарылауы және қысымның төмендеуі кезінде сұйықтықтағы газдың ерігіштігін азайтуға негізделген.

Құрғақ заттардың құрамы мына формула бойынша есептелді (%):

Формула 1
$$x = \frac{(B-a) \cdot 100}{B-a};$$

Мұндағы:

а-бюкс салмағы, г;

Б-бюкс және шикізаттың кептіргенге дейінгі салмағы, г;

В-кептіргеннен кейінгі бюкс пен шикізаттың салмағы, г.

Қарақаттағы құрғақ заттың мөлшерін анықтау үшін салмағы 13,75 г-дан 14,12-ке дейін үш нөмірленген алюминий бюкс алынды. Тәжірибе 5 күн бойы жалғасты. Осыған ұқсас әдістеме басқа дақылдар үшін қолданылды. Қарақаттағы құрғақ заттардың құрамы 44,8% – дан 45,2 % – ға дейін ауытқыған. Орташа мәні 45,06 % – ға тең.

Шырғанақтағы құрғақ заттардың құрамы 57,8 % – дан 58 % – ға дейін ауытқыды. Орташа мән 57,86 % – ға тең. Малинадағы құрғақ заттардың құрамы 60,2% – дан 66,9 % – ға дейін ауытқыды. Орташа мән 64,03 % – ға тең. Бүлдірген құрамыдағы құрғақ заттардың мөлшері 47,8 % – дан 49 % – ға дейін ауытқыды. Орташа мән 48,4 % – ға тең.

Зерттеу нәтижесінде зерттелетін дақылдардың құрғақ заттарының массалары анықталып, құрғақ зат массасының орташа мәні есептелді.

Дегустация – органолептикалық көрсеткіштер бойынша өнімнің сапасын анықтаудың негізгі әдістерінің бірі (сыртқы түрі, түсі, дәмі, иісі, консистенциясы). Егер дегустаторда белгілі бір тәжірибе болса, онда алған нәтижелер өнімнің физикалық-химиялық сынақтарының нәтижелеріне қарағанда анағұрлым сенімді болып келеді. Сонымен қатар дәміне баға беруде айтарлықтай кемшілік бар – дәмге деген бағасы дегустатордың жеке талғамына байланысты. Сондықтан органолептикалық сынақтарды талдау нәтижелерінің қатесіз және объективтілігіне кепілдік беретін белгілі бір талаптарды сақтай отырып жүргізу қажет.

Дегустация өтетін зал кең болуы тиіс, бір үстел басында дегустаторлардың барлық мүшелері орналасуы тиіс. Дегустациялық залда шу, діріл, бөгде иістер болмауы тиіс. Дегустация залында жарық табиғи, біркелкі, өткір көлеңке тудырмауы тиіс, жасанды жарық кезінде күндізгі жарық шамдары қолданылуы тиіс.

Асхана ыдысы ретінде пайдаланылады:

- ақ тостағандар, табақшалар, фарфордан жасалған тарелкалар;
- тот баспайтын болаттан жасалған асхана құралдары;
- мөлдір шыныдан жасалған стакандар мен бокалдар;
- бір реттік ыдыстар.

Өнімді органолептикалық бағалау реті:

- сыртқы түрі;
- түсі;
- иіс;
- консистенция;
- дәмі.

Порциялар әдетте (3-5) г, дәмін айыру процедурасы қысқа мерзімді демалыс кезеңдерімен 1-2 мин және судың, шайдың, нанның көмегімен дәм сезгіштігін қалпына келтіру кезеңдерімен кезектесуі тиіс. Иісі қысқа жігерлі демде бағаланады.

Дегустация нәтижелері бойынша орташа баллдық есеппен есептегенде сыртқы түрі 6,6 балл-қанағаттанарлық, түсі 6,6 балл – қанағаттанарлық, иісі 6,8 балл –қанағаттанарлық, консистенциясы 9,0 балл – өте тартымды, дәмі 8,7 балл-тартымды. Сондай-ақ, дегустаторлар бұл комбинацияларды дәмді және әрі қарай өндіріс үшін құрамын өзгертпеуге болатынын атап өтті.

Қорытынды.

Кавитациялық машинаны пайдалану жидектерден пюре тектес өнімді алғанда қалдықтар мөлшерін азайтады, сапасын жоғарылатады, өнімнің тағамдық құндылығын жақсартады. Пюре өнімін дайындағаннан кейін құрғақ зат мөлшері анықталды. Сонымен қатар дегустация жүргізіліп, дегустаторлар жоғары баға берді. Дегустация жидектерден жасалған пюре тектес өнімдердің бір-бірімен қосылған қоспасына жүргізілді. Мысалы, бүлдірген-малина, шырғанақ-қарақат, шырғанақ-бүлдірген, т.б. пюреелердің қоспаларына жүргізілді. Дегустаторлар дайындалған пюре өніміне жоғары баға берді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Новицкий Б.Г. Применение акустических колебаний в физико-технологических процессах.-М. химия. 1983. С.192.

2 Биглер В.И, Лавренчик В.Н, Юдаев В.Ф. Возбуждение кавитации в аппаратах типа гидродинамической сирены//Акуст.Журн. -Т. 24, Вып.1.-1978. С.34-39

3 Тажибаев Т.С. Хазимов М.Ж. Теоритические и практические аспекты создания и эксплуатации кавитационных диспергаторов для плодов, ягод и овощей (монография). // Алматы 2017. С. 121-125.

ГРНТИ 68.35.03

КУЛЬТИВИРОВАНИЕ ПОСАДОЧНОГО МАТЕРИАЛА ИЗ СЕМЯН ГРЕЦКОГО ОРЕХА (JUGLANS REGIA) В КАЗАХСТАНЕ

Н.С. Нусипжанов, А.Ж. Шойбекова

Докторанты, Казахского национального аграрного университета, г. Алматы

В работе изложена общая оценка экономических данных, а также рассмотрение рынка выращивания грецкого ореха, теоретические моменты, имеющие место при товарном производстве, и технология возделывания посадочного материала, методы реализации указанных технологий в Казахстане применительно к национальному рынку производства продуктов питания. Порядок поэтапных действий при выращивании саженцев.

Ключевые слова: культивирование посадочного материала, сеянцы, грецкий орех, *Juglans Regia*.

Согласно общеизвестным исследованиям ученых-ботаников местом происхождения и естественного произрастания ореха грецкого является Азия. В этой связи выращивание грецкого ореха на территории нашей страны не является чем-то необычным. Существует два известных центра происхождения ореха грецкого и его дикоплодных форм в Азии – первое это Персия, территория северного иранского плато, где орех в качестве пищевой культуры известен с древнейших времен. Начиная отсюда, мы можем отнести и территорию Кавказа и Средней (Центральной) Азии, как ветвь распространения. Второй центр распространения Восточная и Юго-Восточная Азия, в частности Древний Китай и Древняя Индия. Опираясь на вышеизложенные факты можно утверждать, что грецкий орех как культура не является чем-то экзотическим для нашей местности. Возвращаясь к теме культивирования саженцев необходимо остановиться на экономических показателях Министерства национальной экономики РК, как уполномоченного госоргана в сфере статистике. Данные 2016 года показывают, что площадь возделывания культурных сортов грецкого ореха составляет более 410 гектаров, с долей присутствия личного подсобного хозяйства более пятидесяти процентов. Сравним динамику последних изменений в данной сфере, согласно сведениям известного казахстанского бизнес портала рост промышленного производства грецкого ореха начался в 2017 году и в 2018 году достиг почти 1700 гектаров, а по другим оценкам порядка 3700 гектаров насаждений. Можно сделать вывод что данная отрасль находится на подъеме учитывая спрос на казахстанском рынке, где без грецкого ореха не обходится практически ни одно застолье, и высокую стоимость продукции без особого вложения в конечный продукт, имеется ввиду после сбора урожая, за исключением сортировки. Следовательно, перспективный и прибыльный бизнес нуждается в механизме своего развития.

Зачастую сельхозпроизводитель не располагает нужными знаниями, умениями и навыками для возделывания грецкого ореха, и может, на этом этапе столкнуться с рядом фатальных ошибок, по причине отсутствия простого порядка поэтапных действий при выращивании саженцев, разработка такого порядка является целью данной статьи. Учитывая в качестве основных критериев простоту, минимальные затраты и последующую товарную реализацию.

Первый этап. Перед закладкой будущих саженцев необходимо обратить особое внимание на климат данной местности, где планируется будущая плантация. Наряду с определением воздействия окружающей среды следует определить сорт будущего ореха, на данный момент учеными-селекционерами выведено множество сортов, среди них: «Десертный», «Изящный», «Изобильный», «Байконур», «Великан», «Заря Востока», «Аврора» [2].

К важным вопросам подлежащих анализу относятся такие показатели как природная зона, амплитуда колебания температур в течение года, количество солнечного света, влажность, тип и состав почвы, наличие грунтовых вод, наличие вредителей. Целесообразно составить специальную аналитическую таблицу, где в первом столбце будут перечислены факторы внешней среды, а во втором непосредственные значения для данной местности. После необходимо провести сличение с характеристиками выбранного сорта ореха и установить его пригодность к настоящим условиям. Зона южных областей Казахстана позволяет выращивать грецкий орех, главной ценностью которого является морозоустойчивость, высокая продуктивность и возможность сдержанного роста.

Выращивание грецкого ореха непосредственно из семян задача нетрудная, один из положительных сторон, то, что из семени сразу будет видно, какими будут будущие орехи. Желательно получать семена с тех деревьев, которые уже были адаптированы к месту посадки, то есть расти в схожих или таких же условиях, это позволит максимально адаптировать будущий саженец. Место посадки и почву следует определять из следующих параметров. Грецкий орех достаточно светлюбивое растение, хорошо чувствует себя в освещенных местах. В дикой природе орех неплохо растет и на горной почве Кавказа, следовательно, к почве и растению непривередливо, но стоит учесть, что на заболоченных, глубоко-песчаных почвах, а так же почвах с затрудненным воздухообменом продуктивного урожая ждать не придется.

Второй этап. Первоочередным фактором всхожести будущих саженцев является сезон, нами установлено, что наиболее оптимальным месяцем для посадки семенного материала в Енбекшиказахском районе Алматинской области является апрель месяц. Наряду с этим сезонность имеет значение в совокупном учете вместе с температурой. По нашему мнению, эмпирическим путем установлена наиболее благоприятная температура почвы не менее +10 градусов, на глубине от 10 см ±3 см. Установление температуры почвы проводится путем ее измерения почвенным термометром, на протяжении недели перед предполагаемой датой посева. Температура к моменту посадки должна быть устойчивой на протяжении указанного срока, без предвидимых заморозков.

С целью предварительного приготовления, необходимо убедиться в плодородности используемой почвы. Для этого необходимо провести визуальный и тактильный осмотр грунта на высаживаемой глубине 10 см. Проба грунта изымается, проверяется наличие и процентное содержания в ней гумуса, каменистых и глинистых примесей, либо наличия засоленных почв. Указанные примеси не должны превышать в процентном отношении уровень содержания гумуса. Хотя родиной дикого грецкого ореха является горная местность и присущей ей каменистый грунт с недостаточной прослойкой плодородной почвы, для культурных сортов грецкого ореха, особенно в период семенного размножения фактор плодородия является основным.

Далее, после визуального и тактильного осмотра почвы, необходимо направить пробы грунта в лабораторию, для определения pH среды, наличия и концентрации солей в ней. При установлении недостаточного плодородия, целесообразным является внесение в почву удобрений, в виде дополнительного почвенного питания.

На данный момент сельхозпроизводитель преследующий цель массового товарного производства, к сожалению, не может позволить себе дорогостоящие удобрения, препараты-биостимуляторы и т.д. Считаем, что заменой им может служить навоз или компост, с добавлением золы и суперфосфатных удобрений. При этом содержание последнего не значительно по сравнению с общим количеством вносимого в почву навоза (компоста) - 2% суперфосфатных удобрений является вполне достаточным. Указанные удобрения вполне доступны, не требуют особых условий хранения, не являются токсичными, при всем при этом, натуральны и органически чистые.

Переходя к существу посадки в открытый грунт, необходимо подготовить лунки отдельно для каждого семени. Расстояние между лунками должно составлять не менее 50 см в одном ряду и около 150 см между рядами. Каждое семя грецкого ореха по отдельности ставится в субстрат «на ребро». Постановка «на ребро» обусловлена особенностью прорастания грецкого

ореха. Поясняем, под воздействием температуры и влажности под твердой коркой запускается естественный процесс деления растительных клеток, за счет потальных веществ, содержащихся в эндосперме, формируется первичный росток, который раскрывает скорлупу ореха по створкам, через образовавшуюся щель росток устремляется в грунт. Так как любая корневая система имеет геотропический характер роста, первичному ростку, как будущему корневому стержню необходимо меньше затрат питательных веществ для роста, если орех будет расположен «на ребре».

После присыпания землей необходимо обильно полить сеянцы, это необходимо для создания вокруг семени «влажного облака», позволяющего размягчить почву для будущих первичных корней, дать твердой оболочке слегка разбухнуть и смягчиться.

Сеянцы буквально сразу после высадки создают мощнейший стержневой корень, вырастающий к пятому году до 1,5 м, к двадцати – 3,5 м. С четырех-пяти лет начинают активно развиваться горизонтальные корни. Прекрасно размножается надземными побегами, образующимися в области корневой шейки. Порослевые саженцы развиваются быстрее, нежели сеянцы. У растений семенного происхождения появляются первые малочисленные мужские соцветия лишь к восьмому году, а плодоношение наступает с 9-12 лет. А вот порослевые экземпляры начинают производить первые плоды буквально с третьего года жизни (см. Фотография 1).



Фотография 1.

Третий этап. Грецкий орех не требует особого ухода, к условиям окружающей среды нетребовательный. Уход за саженцами состоит из двух видов: постоянного и сезонного (два раза в год). Сезонные действия по уходу включают в себя в том числе и механический. Сезонный уход за растениями проводится в начале весны и в середине осени.

1) Постоянные действия по уходу включают в себя:

– Орошение – растению требуется на начальной стадии развития, два раза в месяц, при подсыхании почвы, а так же в период засухи. На одно растение приходится в среднем 10 л. воды.
– Визуальное наблюдение.

2) Сезонные действия по уходу включают в себя:

– Прополка, перекопка, рыхление приствольных кругов не менее двух раз и механическая культивация междурядий не менее трех раз в указанный период

– Защитные мероприятия от повреждений низких зимних температур (побелка штамбов, утепление теплоизоляционным материалом)

– При необходимости провести ремонт посадок плантации, путем удаления мертвых и неизлечимо больных саженцев с поля, с последующей заменой другим саженцем.

– Кронирование. Существуют различные типы кроны – чашевидная, безъярусная, улучшено-ярусная. В современном ореховодстве наиболее подходящей является улучшено-ярусная. Проводится путем удаления молодых побегов во время развития в области штамба. Оставляют 4 ветки, направленные в разные стороны под углом не менее 45° и проводник по центру. Правильно заложенные скелетные ветки первого яруса, будут формировать его самостоятельно. Наряду с этим, боковые ветки не укорачиваются. Следующей весной проводник следует укоротить для формирования второго яруса. После этого каждый год производится исключительно санитарная обрезка, заключающаяся в удалении растущих внутри кроны и поврежденных веток.

– Подкормка проводится путем внесения азотных удобрений весной и калийно-фосфорных осенью.

Резюмируя вышесказанное, нами произведены практические исследования в полях и выделены три основных этапа, которым необходимо следовать сельхозпроизводителю при культивировании посадочного материала из семян грецкого ореха.

Литература

1 Выращивать грецкий орех в Казахстане не экзотика: сайт Forbes.kz. [Электронный ресурс] // Информационно-новостной бизнес портал. 2020. Дата обновления: 03.02.2018. URL: (дата обращения: 26.02.2020).

2 Разновидности сортов грецкого ореха с боковым, латеральным плодоношением: сайт orehovod.com. [Электронный ресурс] // Научный интернет портал. URL: (дата обращения: 26.02.2020).

ГРНТИ 68.35.51

КАЧЕСТВЕННЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ И УСТОЧИВОСТЬ К БИОТИЧЕСКИМ И АБИОТИЧЕСКИМ ФАКТОРАМ ЛУЧШИХ ЗАРУБЕЖНЫХ СОРТОВ ОГУРЦА В УСЛОВИЯХ ЮГО-ВОСТОКА КАЗАХСТАНА

Ж.Н. Сабырбаева, А.О. Нусупова, Г.А. Кампитова
Казахский национальный аграрный университет, г. Алматы

Проведено экологическое сортоиспытание 3 образцов огурца Российской селекции в питомнике адаптации по комплексу хозяйственно-ценных признаков (устойчивость к комплексу болезней, биохимические показатели зеленцов), все образцы по показателям были выше стандарта.

Ключевые слова Сортоиспытание, огурец, питомник, адаптация

Введение. Огурец наряду с томатами и капустой являются одной из ведущих овощных культур, возделываемых в нашей стране. Плоды огурца, особенно в свежем виде, обладают высокой питательной ценностью. Они в большом количестве содержат минеральные соединения щелочного характера, которые нейтрализуют неорганические кислые соединения, вводимые в организм с такими важнейшими продуктами питания, как мясо, жиры, яйца, мучные и крупяные изделия. Огурец служит одним из источников микроэлементов и пищевого йода для человека. При полноценном питании за год человек должен употреблять в пищу в среднем около 13-15 кг огурцов.

Культура огурца распространена во всем мире и настолько популярна среди населения, что выращивают его в открытом и защищенном грунте круглый год. При этом уделяется большое внимание не только совершенствованию агротехники возделывания, но и созданию и внедрению в производство новых сортов и гибридов дающих высокую продуктивность даже при неблагоприятных условиях выращивания. В зависимости от зоны районирования сорту нужны жаро и холодо выносливость, относительная устойчивость к распространенным болезням, высокие товарные качества (салатные или засолочные).

В связи с этим в своих исследованиях мы особое внимание уделяли на устойчивость к основным болезням огурца и экологической пластичности к условиям возделывания исследуемых образцов.

Материалы и методы. Экспериментальные исследования проводились на полях Казахского научно-исследовательского института плодовоовощеводства. Почвы севооборота светлые и темно-каштановые. Содержание гумуса 2-2,5 %. Влагообеспеченность слабая, особенно в начале вегетационного периода апрель-май. В отдельные годы засушливые 1-2 месяца (май-июнь) сменяются дождливыми периодами (июль, август, сентябрь). Критическим периодом для культуры огурца по условиям погоды можно считать июнь – низкие ночные температуры воздуха (+7-8 °С) и повышенные до +25-30 °С дневные температуры. В этот период растения огурца находятся в фазе 3-5 настоящих листьев и сильно страдают, вследствие описанного процесса от физиологической засухи и поражения листовой поверхности растений огурца ложной мучнистой росой. В июле посеы огурца в фазе бутонизации, цветения и завязывания плодов подвергаются повреждениям холодными дождями и градобоями. В целом вегетационный период 2019 года по количеству

выпавших осадков и температуре воздуха был неблагоприятным (экстремальным) для тыквенных культур (холодной весной и жарким сухим летом).

Результаты исследований. В 2019 г. проведено сортоиспытание 3 образцов огурца Российской селекции в питомнике адаптации. Образцы высеяны в четырехкратной повторности, делянки двухрядковые, учетная площадь делянки 7м². Оценку проводили в сравнении со стандартом Аякс F₁, Голландской селекции.

Одним из важнейших факторов высокой продуктивности сорта является устойчивость к болезням. В наших исследованиях оценку на устойчивость к болезням в течении вегетации проводили два раза, в период массового плодоношения и в конце вегетации (визуально). Оценку поражённых растений проводили по следующей шкале (балл):

- 0 – растения здоровые;
- 0,1 – единичные пятна с едва заметным налётом;
- 1,0 – поражено до 1/4 поверхности листа;
- 2,0 – поражено до 1/2 поверхности листа;
- 3,0 – поражено более 1/2 поверхности листа.

Визуальная оценка на устойчивость к болезням показала, что все сортообразцы в сравнении со стандартом Аякс были относительно устойчивы. На образцах Майский F₁ и Максимум F₁ наблюдалось незначительное поражение пероноспорозом в конце вегетации. Сортообразец Аякс F₁ показал плохую полевую устойчивость к пероноспорозу, поражение листовой поверхности составило 3 балла.

Сортообразцы Майский F₁, Кадриль F₁, Максимум F₁ зарекомендовали себя как экологически пластичные, несмотря на сложные погодные условия – жаркое засушливое лето, низкая влажность воздуха.

Таблица 1 - Оценка сортообразцов огурца на устойчивость

№	Сортообразцы	Пораженность, балл	
		Мучнистая роса	пероноспороз
1	Майский F ₁	1	0,5-1
2	Кадриль F ₁	-	0,5
3	Максимум F ₁	-	1
4	Аякс F ₁ st	-	2,5-3

Наибольшим количеством сухого вещества (5,10%), сахаров (3,45%) и высоким содержанием витамина «С» (7,0 мг %) характеризуется образец Максимум F₁. Образцы Майский F₁ и Кадриль F₁ характеризуются максимальным содержанием витамина «С» (6,1-6,3 мг %). Все линии по содержанию нитратов не превышают ПДК (табл. 2).

Таблица 2- Биохимические показатели зеленцов огурца.

№	Сортообразцы	Сухое вещество, %	Сахара, %	Витамин С, мг %	Содержание нитратов, мг/кг(ПДК=150)
1	Майский F ₁	4,60	2,0	6,1	99
2	Кадриль F ₁	4,58	2,0	6,3	105
3	Максимум F ₁	5,10	3,45	7,0	75
4	Аякс F ₁ st	4,78	2,35	5,1	100

Выводы. Всеоцениваемые образцы показали неплохую полевую устойчивость к основным болезням (Майский F₁, Кадриль F₁, Максимум F₁).

При оценке биохимических показателей наибольшим количеством сухого вещества (5,10 %), сахаров (3,45 %) и высоким содержанием витамина «С» (7,0 мг %) выделился образец Максимум F₁.

Литература

- 1 Методические указания по селекции огурца, М, Агропромиздат, 1985
- 2 Методика оценки тыквенных культур к мучнистой росе, М, 1970
- 3 Юрина О.В. Селекция огурца на устойчивость к болезням в Нечернозёмной зоне СССР /О.В. Юрина// Селекция на устойчивость к основным заболеваниям овощных культур: Сб. науч. трудов /ВНИИССОК. – М., 1984. – С. 41-46.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫСЫНДА АЛМАНЫҢ КЛОНДЫ ТЕЛІТУШІЛЕРІН ЗЕРТТЕУ

Г.М. Тағай, Р.С. Мажитова, Г.Б. Джумадилова, Д.А. Смағұлова
Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ.

Бұл мақалада Алматы облысы жағдайында алманың вегетативті көбейтілетін интродукцияланған телітушілердің биологиялық ерекшеліктері зерттелді. Бақылау ретінде алманың М9, ММ-06 формалары (әлемдік стандарттар) алынған. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде олардың биологиялық-шаруашылықтық белгілері, аналық бұтақтардың көлемі және бейімделу жағдайлары анықталған.

Түйін сөздер: Телітуші, сұламашыбықтар, аналық бұта, өркенқалыптастыру қабілеті, қарқынды бақтар, тік сұламасабақтар, клонды телітушілер аналығы.

Кіріспе. Елімізде ауыл шаруашылығы салысының негізгі бөліктерінің бірі болып саналатын жеміс шаруашылығы әрі қарай дамытуға деген бет бұрыс қазіргі таңда өз үлесін тауып отыр. Ауыл шаруашылығының әлемдік даму үдерісі, жеміс шаруашылығының өнімдерін өндіру жылдан жылға артып келе жатқанын көрсетуде. Жеміс дақылдарының сапалы тікпе көшеттерін, телітушілерін өсіру үшін, осы салада жұмыс атқаратын фермерлік шаруашылықтарда, шаруашылық қожалықтарында, жеке ұжымдарда көшеттіктердің арнаулы бөлімдері болуы тиіс, себебі, жеміс өсімдіктерінің жас кезінде сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына төзімділігі төмен болып келеді. Оларға өніп-өсуге қолайлы жағдайлар жасау үшін, тікпе көшеттерді алғашқы екі-үш жыл арнаулы жерлерде өсірген жөн. Барлық агротехникалық шаралар жоғары, сапалы деңгейде жүргізілуі тиіс. Отырғызу материалдарының сапасы құжаттармен куәландырылады [1]. Оңтүстік және оңтүстік-шығыстың вегетациялық кезеңінің табиғи жағдайлары елімізде жасаң түрінде тұтыну үшін, сондай-ақ қайта өңдеу үшін жоғары сапалы жемістерді өсіруге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде әлемдік бақ шаруашылығында вегетативті телітушілер кең таралып отыр. Телітушілер ағаш өсу күшінің ауытқуын қысқартады, жеміс салу уақытын жылдамдатады, ұластырылған жеміс ағаштарының өмір сүру кезеңін қысқартады. Көшеттерді жиі отырғызу нәтижесінде өнімділігін молайтады. Жеміс сапасын жақсартады және ағаштарды шырпу мен өнімді жинау кезіндегі қол еңбегінің шығынын төмендетеді.

Қарқынды бақтарда аласа өсетін телітушілерді пайдалану олардың биологиялық және шаруашылықтық ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу негізінде ғана мүмкін болады.

Зерттеу әдістемесі. Алманың жаңа интродукцияланған клондық телітушілерінің биологиялық потенциалының компоненттерін және оны Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағының табиғи жағдайында қолдану ерекшеліктерін зерттеудің қазіргі таңда маңызы өте жоғары. Қолда бар сортиментке шаруашылықтық-биологиялық қасиеттері жағынан асып түсетін жаңа ергежейлі телітушілерді енгізу, бақтарды жергілікті топырақтық-климаттық жағдайларға жақсы бейімделген ең жақсы телітуші-сорттық комбинациялармен отырғызу Қазақстандағы бақтардың тұрақты жоғары өнімділігінің кепілі болып табылады. Сол себепті зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты Алматы облысы жағдайына жақсы бейімделген алманың аласа өсетін клонды телітушілерін салыстырмалы бағалау.

Тік сұламасабақтардың аналықтардағы отырғызу сұлбасы – 1,8×0,3 м. Учаскелер суармалы, тәжірибелік учаскелердің агротехникасы – Алматы облысы үшін жалпы қабылданған. Зерттеу жүргізу барысында Қазақ жеміс және жүзім шаруашылығы ҒЗИ-нің [2], И. В. Мичурин атындағы бақ шаруашылығы ҒЗИ-ның [3] әдістемелік ұсыныстары қолданылды.

Телітушілердің танаптық жағдайда қысқа төзімділігін анықтау. Зерттеу жүргізілген 2019-2020 ж. тамыр орналасқан аймақтағы температура -11°C-қа тейін төмендеді, сол себепті тамыр жүйесінің күйі анықталды. Тамыр жүйесінің үсу дәрежесін бақылау келесідей шкала бойынша баллмен анықталды.

Фенологиялық бақылау. Барлық нұсқаларда өркендер өсуінің басталуын (бүршік жару) және өркендер өсуінің аяқталуын (өркендерде төбе бүршігінің қалыптасуы) белгіледік.

Өркендер өсуінің динамикасын зерттеу. Әр телітушіде 9 өркеннен (әр қайталамада 3 өркеннен) белгілеп алдық. Белгіленген өркендердің биіктігін әр 10 күн сайын өлшеп тұрдық.

Аналық бұтаның өсу күшін анықтау. Телітушілердің әр түрінің бұталарының өсу күшін вегетацияның соңында барлық бақылау бұталардағы барлық өркендерін өлшеу арқылы жүргіздік.

Телітушілердің тамыр қалыптастыру қабілетін зерттеу. Вегетация соңында әр бақылаудағы бұтадан тамырланған өркендер санын анықтадық. Тамырлану дәрежесін 5-баллдық шкала (Будаговский В.И., 1959) бойынша анықтадық.

Аналық бұталардың өсе бастауын өнген ұйқыдағы бүршіктен бастапқы жапырақшаның пайда болуына қарап анықтадық. Бақылауды аналық бұтаның негізгі массасы өсіп шыққанда аяқтадық;

Зерттеу нәтижелері. Ешқандай мінсіз телітуші жоқ, бірақ таңдау кезінде ең аз кемшіліктері бар, ал ең бастысы - олардың біліну дәрежесі ең аздарына басымдылық беріледі. Алматы облысының оңтүстік шығыс аймақтарының құрғақшыл дала аймағында телітушілерге қойылатын талаптар өсуде. Су тапшылығы, терең қату, карбонатты немесе тұздалған топырақ жағдайында бақтар тауарлық жемістердің жоғары өнімін беруі тиіс.

Ергежейлі телітушілердегі ағаштар өсімдікте сақталатын фотосинтез өнімінің 60%- на дейін жеміс салуға жұмсайды, ал себінді бұламадағылар 40%-ға дейін ғана [4].

Біздің тәжірибемізде аналық бұталарда өркендердің өсуін зерттеуді бүршік жарудан бастадық. Бұл мәліметтерге сүйенсек бүршік жара бастау мерзімі ауа райы жағдайларына байланысты екенін көреміз. Телітушілер арасындағы көрсеткіштер аса көп айырмашылықтар байқалмайды.

Аналық бұталардың өсе бастауын өнген ұйқыдағы бүршіктен бастапқы жапырақшаның пайда болуына қарап анықтадық. Бақылауды аналық бұтаның негізгі массасы өсіп шыққанда аяқтадық;

Бұталардың ерте өсіп бастауы телітушінің артықшылық белгісімен сипатталады, өйткені аналық бұталар өркендердің бастапқы өсуі үшін топырақтың көктемгі ылғалын пайдалана алады. Аналық бұталарда басқа телітушілерден бұрын өркендердің өсіп бастауы алманың 64-143 түрінде байқалды, М9 бақылау формасында – бүршік оянуы кейінірек болды..

Телітушінің маңызды биологиялық ерекшелігі-аналықтың өнімділігіне әсер ететін аналық бұтаның өркенқалыптастырғыштық қабілеті болып табылады. Ол көбіне қыстап шығу жағдайларына және көктемгі ауа райы жағдайларына байланысты болып келеді.

ҚазЖЖҒЗИ-ның көпжылдық зерттеулер нәтижесіне сүйенетін болсақ, күндізгі және түнгі температуралар күрт өзгертін, суық, әрі жаңбырлы көктем болған жылдары барлық зерттеліп отырған формаларда өсіп шыққан өркендер саны азайған. Біздің зерттеу жұмысымызда ең жақсы өркенқалыптастырғыштық қабілеті алманың 64-143, 71-3-150 және К104 аналық бұталарында (сәйкесінше 8,3 және 10,0 дана/бұтада) ең әлсіз – М9 (6,3 дана/бұтада) бақылау нұсқасында байқалды.

Бұл нұсқалардың бұталарындағы өркендер саны бақылаумен салыстырғанда 1,4-ке жоғары. Осылайша, бүршіктері ерте оялатын телітушілер жақсы өркенқалыптастырғыштық қабілеттілігімен ерекшеленедігі анықталды.

Аналық бұтаның биіктігі бойынша бақтағы телінген ағаштың көлемі туралы айтуға болады. Биометриялық бақылау бойынша ең аласа өскен М9 (65,1см) бақылау формасы болғанын көрсетті (кесте 1). Ең күшті өсу 71-3-150 (94см) түрі сипатталды. Сұламасабақтардың негізгі массасындағы шартты тамыр мойыншасының диаметрі стандартқа сәйкес келді (6-9 мм). Тамырлануы 75-85 % болатын қалемшелердің барлығы дерлік көшеттіктің бірінші танабына отырғызуға жарамды [5].

Кесте 1. Телітушілердің биометриялық көрсеткіштері және 1 гектардан стандартты сұламашыбықтар шығымы, 2019 ж.

Телітушілер	Аналық бұтаның биіктігі, см	Шартты тамыр мойыншасының диаметрі, мм	Стандартты телітушілер шығымы, мың дана/га	Тамырлануы
Әлемдік стандарт (St)				
М9	65,1	7,3	175,1	3,3
ММ 106	85,3	6,9	196,2	4,6
Ресей, ММАУ, Мичурин қ-сы				
64-143	84,5	7,1	230,5	4,6
71-3-150	94,0	6,0	204,3	4,5
Украин селекциясының телітушілері				
К 103	66,3	6,4	203,5	3,0
К 104	68,5	6,3	280,0	4,4

Аналықтардағы клонды телітушілердің көбею тиімділігін бағалау критеріі аудан бірлігінен стандартты сұлама шыбықтардың шығымы болып табылады. Орташа телітушілер бойынша сұлама шыбықтар шығымы 151,3 мың/дананы құрады. Стандартты сұлама шыбықтар шығымы бойынша жоғары көрсеткіштер Ресей селекциясының 64-143 және украин селекциясының К104 (230,5-290 мың дана/га) телітушілерінен алынды. Стандартты сұламышыбықтардың ең төмен шығымы бақылау нұсқасы М9 (92 мың. дана/га) телітушісінен алынды.

Осылайша, вегетативті көбейтілетін телітушілер аналығында жүргізілген зерттеулер негізінде жаңа телітушілер арасында шаруашылық-биологиялық оң көрсеткіштер кешені бойынша 64-143 және К104 телітушілерін бөліп көрсетуге болады. Бұл телітушілерде сұлама шыбықтардың орташа шығымы М9 және ММ106 стандарттарынан 1,6 есе асып түсті.

Аналықтардағы клонды телітушілерді көбейтудің тиімділігі бірқатар факторларға байланысты: бұтаның өркенқалыптастырғыштық қабілетіне, стандартты сұламышыбықтардың шығымына, өркендердің тамырлану дәрежесіне, жылдың климаттық жағдайларының және т.б..

Қорытынды. Сортиментке шаруашылық-биологиялық қасиеттері жағынан асып түсетін, өндіріс практикасында мойындалған, оның ішінде аудандастырылған жаңа әлсіз өсетін телітушілерді енгізу, бақтарды жергілікті топырақ-климаттық жағдайларға жақсы бейімделген ең жақсы телітуші-сорт комбинациялармен отырғызу Қазақстанда бақтардың тұрақты жоғары өнімділігінің кепілі болып табылады. Сол себепті зерттеу жұмыстарының нәтижелерін таалдай отырып, келесідей қорытындылар жасауға болады:

– зерттеліп отырған Ресей және Украиндық селекциясындағы клонды телітушілерінен (4 түрі) ең қысқа төзімдірегі 64-143 (Ресей) және К-104 (Украина) телітушілері болды.

– алманың клонды телітушілерінің ең жоғарғы өркенқалыптастырғыштық қабілеті 64-143, 71-3-150 және К104 аналық бұталарынан байқалды.

– алманың клонды телітушілер аналығының өнімділігі бойынша ең жоғарғы көрсеткіштер 64-143 ресей телітушісінен (230,5 мың дана) және К – 104 (280,0 мың дана) украин селекциясы телітушісінен алынды.

– биометриялық бақылаулар бойынша ең аласа өскен М9 (St) бақылау нұсқасы екенін көрсетті. Тамыр қалыптастыру қабілеті ең жақсы ММ106 және 64-143 телітушілері болды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1 Исаев С.И., Янкова А.И., Система ведения питомниководства плодовых культур и винограда в Казахстане: рекомендации. - Алматы, 2014. - 38 с.

2 Методические указания по закладке опытов с плодово-ягодными культурами и виноградом в Казахской ССР. // Труды Каз. НИИПиВ- Алма-Ата, 1961, т.1, ч.2

3 Программа и методика сортоизучения плодовых, ягодных и орехоплодных культур. – Мичуринск: ВНИИС им. Мичурина, 1973. – 491 с.

4 Седов Е.Н. и др. Яблони на вставках карликовых подвоев // Садоводство и виноградарство, № 3. 2007.- С.11-12.

5 Рекомендации по выращиванию плодовых саженцев методом зимней прививки. Москва: «Колос» 1977. - С.12-13.

ҒТАМР 34.29.25

ШАХ (ҚАРА) ТҰТТЫҢ (M. NIGRA L.) ТҰҚЫМ АРҚЫЛЫ КӨБЕЮІ

А.Т. Дәнебекова

Магистрант, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ.

Ж.Т. Игисина

Доцент, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ.

Қаратау жотасының солтүстік батыс сілемінің Қызылқұм шөлінде таралған шах (қара) тұты (M. nigra L.) қатаң климатты Шығыс Қазақстанның ірі өнеркәсіп орталығы саналатын Өскемен қаласының бақтарына жерсіндіру мақсатында алдымен бөлме жағдайында өсіріліп, ортаға бейімделу ерекшелігіне бақылау жүргізілді. Шах тұтын (M. nigra L.) тұқым арқылы көбейту жолы

мен өскіннің биологиялық ерекшеліктері зеттелді. Зерттеу жүргізген бастапқы 6 айда шах тұтының (*M. nigra* L.) тұқымдарының өнуі мен өсуі және соңғы айларында өскіннің дамуындағы белгілер анықталды.

Түйін сөздер: Тұқымжарнақ, нағыз жапырақ, сұлатпа өркендер, вегетативті көбею, тұқым.

Тұт (*Morus* L.) туысының түрлері тропикті және жылы субтропикті аймақтарда таралған [1].

Қаратау жотасының солтүстік батыс сілемінің Қызылқұм шөлінде таралған шах тұты (*M. nigra* L.) қатаң климатты Шығыс Қазақстанның ірі өнеркәсіп орталығы саналатын Өскемен қаласының бақтарына жерсіндіру мақсатында әкелініп, алдымен бөлме жағдайында өсірілді.

С.К. Черепанов, М.С. Байтенов, С.А. Арыстанғалиев еңбектері негізге алынып жүйеленді. Бақылау жұмыстары С.М. Преображенский мен Н.Н. Галахов, И.Н. Бейдеман, З.Г. Беспалов және И.В. Борисова әдістері арқылы жүргізілді [2, 237 б; 24, 78 б.].

Морфометриялық көрсеткіштері тұт шаруашылығында қолданылатын әдістемелерге сәйкес өлшенді (Лазарев, 1985; Федоров, 1935). Тұт тұқымдасының (*Moraceae*) көбею жолдары тұт өндірісіне қажетті тұт түрлерін өсіруде қабылданған әдістемеге сүйене отырып анықталды (Федоров, 1954) [3]. Тұт туысының түрлерін тұқым арқылы көбейту - өте күрделі процесс болып саналады [4].

Шах тұтының (*M. nigra* L.) жақсы піскен жемістерді шілде айында жиналып алынып, сыйымдылығы кең шыны ыдысқа салып, жуып, күн сәулесімен жарықтандырылған жылы жерге қойылды. Осылайша, тұқымдары жемістің шырынды бөлімінен бөлініп алды. Алынған тұқымдар кептіріліп, қағазға оралып, құрғақ және қараңғы жерде сақталды. 2019 жылдың қараша айында шах тұтының (*M. nigra* L.) түсі қара және ұсақ тұқымдары үй жағдайында топырақ бетінен 1 см тереңдікте себілді. Себілген 41 тұқымның 37 тұқымынан тұқымжарнақтарының дамуы жеті күнде байқалды.



Сурет 1 Шах тұтының (*M. Nigra* L.) жас өскіндері

Өсімдік сабағында 17-20 күн аралығында нағыз өсімдік жапырақтары пайда бола бастады. Жапырақтары қарапайым, түсі ашық жасыл, жиектері ара тісті болуымен сипатталды. Орташа есеппен жапырақ алқандарының ұзындығы 2-2,5 см, ені 1-1,5 см. Жалпы өсімдіктің ұзындығы 25 күн ішінде 6-8 см-ді құрады.



Сурет 2 Шах тұтының (*M. Nigra* L.) нағыз жапырақтары

Фенологиялық бақылау мен өсімдіктің жер асты және жер үсті мүшелерін зерттеу жұмыстары әр 10 күн сайын жүргізіліп отырды. Шах тұтының (*M. Nigra* L.) тұқымдары ерекше күтімді қажат ететіндіктен уақытымен суғарылып, күн көзі жақсы түсетін жерге қойылды. 2019 жылдың желтоқсан айының соңында яғни тұқым отырғызылғаннан кейін бір айдан соң шыққан 37 тұқымның 5 тұқымынан шыққан өсімдіктер ғана өз тіршілігін жалғастырып, екінші нағыз жапырақтарының шығуы байқалды. 2-3 апта көлемінде жаңадан бір жапырақ шығып отырды. Тамырының түсі қоңыр, ұзындығы 1-2 см-ді құрады. Өсімдіктер жеке ыдысқа отырғызылды.



Сурет 3 Шах тұтының екінші нағыз жапырақтары (*M. Nigra* L.)

Екі айдан соң қаңтар айының соңында өсімдіктің жапырақтарының саны төртке жетті, жапырақтарының ұзындығы 3-3,5 см, ені 2-2,5 см құрады. Өсімдіктің жалпы ұзындығы 9-10 см болды.



Сурет 4 Шах тұты (*M. Nigra* L.)

Наурыз айының соңына дейін өсімдік өсуі баяу қалыпта жүрді. Қалған 4 өсімдіктің екеуі өз тіршілігін жалғастырды. Нағыз жапырақтарының орнын жаңадан шыққан екінші нағыз жапырақ басып отырды. Ескі жапырақтары сарғайып, қурап түсіп отырды. Жапырақтарының ұзындығы 3,7 - 4 см, ені 2,7-2,9 см-ді құрады.



Сурет 5 Шах тұты (*M. Nigra* L.) жапырақтары

Ақпан айының көрсеткіштері бойынша өсімдіктің бір данасы қалды. Өсімдіктің өскінінде ешқандай прогресс байқалмады.

Кесте 1. Шах тұтының (M. Nigra L.) тұқымдарының ай сайынғы салыстырмалы биологиялық көрсеткіштері

Мерзімі	Өскін саны	Өскін ұзындығы	Өскін жапырақтарының ұзындығы мен ені
Қараша 2019ж	41	0 см	0 см
Желтоқсан 2019ж	37	6-8 см	2-2,5см x 1-1,5 см
Қаңтар 2020ж	5	9-10 см	3-3,5см x 2-2,5 см
Ақпан 2020ж	4	10 см	3,5-3,7см x 2,5-2,7 см
Наурыз 2020ж	2	11 см	3,7-4см x 2,7-2,9 см
Сәуір 2020ж	1	11 см	3-3,5см x 2-2,5 см

Шах тұтының (M. Nigra L.) тұқым арқылы көбеюінің биологиялық өсуі мен дамуы зерттелді. Алынған жас өскін күн жылынған уақытта мамыр айының ортасында күн көзі мол түсетін ашық алаңқайға құнарлы құмдауыт топыраққа отырғызылады.

Қорытындылай келе, шах тұтының (M. Nigra L.) тұқым арқылы көбеюі өте күрделі, арнайы күтімді талап ететінін байқадық. Өсімдіктің қалыпты өсуі мен дамуы үшін жоғары температура, ылғалдылық және жеткілікті түрде жарық қажет екендігі және ерекше күтімді талап ететіндігі анықталды. Зерттеу жүргізген 6 айдың бастапқы айларында шах тұтының (M. Nigra L.) тұқымдарының өсуі мен дамуы қарқынды жүрді. Соңғы айларында өсімдіктің дамуында айтарлықтай прогресс байқалмады. Тұт (Morus L.) туысының түрлерін генеративті жолмен тұқым арқылы көбейтуге қарағанда, вегетативті жолмен атпа, жасыл және сұлама өркендері арқылы көбейту тиімді болып саналады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Құлжабаева Г.Ә. Өсімдіктер әлемі: Дидактикалық материал. - Алматы, 2011. - 16 бет.
- 2 Флора Қазақстана: в 9т./ глав.ред.Н.В.Павлов.-Алма-Ата:Наука 1966-639 с.
- 3 Conservation Status of Sericulture Germplasm Resources in the World I. Conservation Status of Mulberry (Morus spp.) Genetic Resources in the World. Food and Agriculture Organization of the United Nations, Rome, 2003, 197 pg
- 4 Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы / Бас редактор Б.Аяған – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2006ж, VIII том, 211 бет.

ГРНТИ 68.35.53

МЕТОД И АЛГОРИТМ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ПОКАЗАТЕЛЕЙ КАЧЕСТВА ЯБЛОК С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ СИСТЕМЫ ТЕХНИЧЕСКОГО ЗРЕНИЯ

М. Дюсембаева, Ж. Шыныбай, А. Молдажанов

Казахский национальный аграрный университет, г. Алматы

